

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Р.Зайкенова

АБАЙТАНУ

Жалпы білім беретін мектептің
11-сыныбына арналған оқулық

11



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3 (5 қаз) я 72
3 – 13

Зайкенова Р.
3 – 13 **Абайтану: Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық.** – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы: 2020. – 224 бет.

ISBN 978-601-318-305-3

Оқулыққа оқу бағдарламасына сәйкес Абай Құнанбайұлының туындылары және ғалымдардың зерттеулері енгізілді. Оқулық оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, өз бетімен білім алу дағдыларын қалыптастыруға арналған түрлі тапсырмалардан тұрады.

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3 (5 қаз) я 72

ISBN 978-601-318-305-3

© Зайкенова Р., 2020
© «Арман-ПВ» баспасы, 2020

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

Кіріспе

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абай сөзі – қазақтың бойтұмары. Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, жаһандану үрдісіндегі мақсаткерлікке жұмылдырады.

Абайдың «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» деп басталатын өлеңіндегі «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» деген сөзінің астарында үлкен мағына бар. Данышпан ақын «Жүрегіңнің түбіне терең бойла» деу арқылы «мыңмен жалғыз алысуға» тура келген күрделі тағдыры мен ұлт намысын қорғаған рухани биігін жіті пайымдауға, дұрыс қорытынды жасауға жол нұсқаған. Оның өмір сүрген дәуірі қазақтың ұлттық санасын ширататын қазіргі заманалық құбылыстармен тікелей байланысты. Сондықтан да ақынның келешек ұрпаққа арнаған адамгершілік жайлы өсиеттері мен үлгі-өнегесін оқып-үйрену Мәңгілік Елдің ұлттық тұғыры болып қала бермек. Арада қаншама уақыт өтсе де, Абай тұлғасы биіктемесе, аласарған жоқ. Қазіргі уақытта ұлы ақын «адамзаттың ардағы, адамзаттың ақыны, адамзаттың ақылгөйі» ретінде әлемдік кеңістікке тарады.

Абай шығармаларын терең де, жан-жақты таныту халқымыздың тарихы мен әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде кәдеге жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыруға сенімділік туғызады. Абай ілімінің ұлттық сананы ұйытатын мүмкіншілігі мен өзектілігі де осында.

«Абай сынына толмаған сөзді аузына алмайды» екен. Бұл пікірдің мағынасына «Абайтану» курсы оқу арқылы көз жеткізу қиын емес. Бұл үшін ғұламаның «әрбір сөзі бір кітапқа жүк болатындығын» (Г.Бельгер) түйсіне білсе, Абай «ғақлиясын» танып, «алдыңғы толқын ағалар мен кейінгі

толқын інілердің» ісін бағамдауға болады. Абайдың ақылы мен өсиетін оқып-үйрену барысында жаһандық құбылыстар мен ұлттық әдебиеттер арасындағы қайталанбайтын ерекшеліктерді бағамдауға мүмкіндік туындайды. Абайдың «Отыз жетінші қарасөзінде» айтылған «Қайратсыз ашу – тұл, тұрлаусыз – ғашық тұл, шәкіртсіз – ғалым тұл» деген сөзін үнемі қаперде ұстаған адам ойсыз болмауға бейімделеді.

«Абайтану» курсының арқылы мынадай міндеттерге қол жеткізесіңдер:

- 1) Қазақ сөз өнеріндегі Абайдың орны мен ақындық болмысын танып, шығармаларын оқып, өзектілігін айқындап, абайтану ғылымының мол мұрасы – қазақ өмірінің тарихи факторы іспеттес екендігін ұғынасыңдар.
- 2) Ақынның мұрат-мақсаттарын, көркем-әдеби туындыларын, ғылым, білім, өнер, тәрбие мәселелері туралы өсиеттерінің маңыздылығын түсіну арқылы сендердің ұлттық танымдарың қалыптасады, шығармашылық қиялдарың дамиды, көркем туындының идеялық мәнін, тілдік ерекшеліктерін талдап, пікір алмасасыңдар, өмірден өз орындарыңды табуға бағыт-бағдар аласыңдар.
- 3) Абайдың ақындық мектебі, поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық ұғымының мәні мен маңызын рухани кемелдік тұрғысынан танысыңдар. Ақынның көркем-әдеби туындыларындағы ұлттық таным мен рухани-мәдени құндылықтарды игеру арқылы ақын идеяларын күнделікті тұрмыста басшылыққа алу мүмкіндігіне ие боласыңдар. Адамгершілікті, имандылықты, махаббатты, достықты, әділеттілікті, татулықты, бірлікті үлгі-өнеге етесіңдер.
- 4) Абайтанудың кезеңдерін саралап, шығармашылығындағы тұлға, толық адам тұжырымына қатысты өзекті мәселелерді оқып-үйренесіңдер. Ұлы ақынның өмірбаяндық тың деректеріне сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі көшбасшылық орнын анықтайсыңдар.
- 5) Ғұлама ойшылдың философиялық ақыл-нақыл сөздерінің мән-мағынасын ашып, тәлімгерлік тағылымынан

үйренесіңдер. Қоғамдық құрылыс, азаматтық көңіл күй, тарихи таным үрдісі туралы жазған ғылыми-философиялық трактаттарындағы көзқарастарымен танысыңдар.

- 6) Ақынның шетел қаламгерлерінің шығармаларын аударудағы шеберлігі, қарасөздері, өлеңдері мен поэмаларындағы ақындық биік мұрат, адамгершілік идеяларын үйренесіңдер.
- 7) Абай және қазіргі қазақ әдебиетінің рухани байланысын ғылыми негізде пайымдай отырып, қазіргі абайтанушы ғалымдардың ақын шығармаларын зерттеу, жинақтау, жариялау, насихаттау жұмыстарынан хабардар боласыңдар.

Оқу жылының аяғында «Абайтану» курсы таңдау пәні бойынша сендердің игерген білімдеріңнің нәтижелері төмендегі талаптарға сай болуы керек:

- 1) Абай шығармаларының зерттелуін және ақынның өлең, қарасөз, поэма жазудағы суреткерлік өнері мен аударма жасаудағы шеберліктерін білу;
- 2) Өлеңдері, қарасөздері, поэмалары, аудармаларының тақырыбын, идеялық негізін, маңызын талдай отырып, суреттеу шеберлігін айқындай алу;
- 3) Философиялық тұрғыдан жазылған қарасөздерінің тақырыптарын, ондағы авторлық ұстанымдарды және маңызын көрсете білу;
- 4) Ақын аудармаларының ұлттық көркем ойды байытып, шағын уақиғалы поэма жазудағы шеберлігін білу;
- 5) Абай өлеңдерін талдай отырып, суреткерлік шеберлігін, ақындық қуатын, көркемдік шешімін, қазақ өлеңіне енгізген жаңалығын айқындай білу.

«Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – ақиқат, оған ғашықтық – хақ жолы және адамдық жолы» деген Абайдың даналығын тану – заман мұраттарымен үндесіп жатқан міндет.

Ендігі ұмтылыс – сендердің үлестеріңде!

I ТАРАУ. ҚАЗІРГІ АБАЙТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Қазіргі «Абайтану» ғылымын зерттеу жұмыстарының даму бағыттары

Бүгінгі күні абайтану қазақ әдебиеттану ғылымының бір саласы ретінде дербес ғылымға айналды. 1995 жылы «Атамұра» баспасынан шыққан «Абай» энциклопедиясында: «Абайтану – ұлы ақын мұрасын жан-жақты терең зерттеуді мақсат ететін қазақ әдебиеті тарихы салаларының бірі» деген түсініктеме берілген. Әдебиеттану ғылымы әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдебиет сыны деген үш салаға бөлінетіндігі белгілі.

1920 жылдардың соңында Мәскеуде болған Мағжан, Әлихан-хан «Алқа» атты әдеби ұйым құрып, оның айқындамасында: «Қазақ әдебиетінің алыбы Абай – қазақ даласына кеулеп кіріп келе жатқан капитализмге, отаршылдыққа халықтың қанды жас төгіп, еріксіз шалған бірінші құрбаны», – деген сөзінде үлкен мағына жатыр. Бұдан абайтану ғылымының қалыптасуына аса үлкен күш жұмсалғанын көреміз. Абай дүниеге келген топырақта туып, ақын мұрасымен жастайынан айналысқан М.Әуезовтің табанды еңбегінің арқасында 30-жылдардың аяғында Абай мұрасын тұрпайы социологиялық пиғылдан біржолата арашалап алғанымен, теріс танымдардың салқыны тимей қалған жоқ. Жоғарыдағы «Бірінші құрбаны» дейтін себебі Кеңес өкіметі түбегейлі орнағаннан кейін Абай мұрасын маркстік-лениндік жаңа дүниетаным бойынша жасанды қалыпқа салып, танытуға тура келді. Өйтпегенде, Кеңес өкіметінің құрығынан құтылу оңайға соқпас еді. Сондықтан ол «байшыл» деген жаладан Абайды ақтап алу үшін зерттеулер жүргізіп, абайтанудың ғылыми негізін жүйелеп берді. Тұңғыш рет Абай дәуірі мен өскен ортасын нақтылы деректермен анықтады. Мұны теріс танымдағы адамдар да амалсыз мойындады. Ол

1933 жылы ақынның екі томдық академиялық толық жинағын түпнұсқаға лайықтап, тұңғыш құрастырып қана қойған жоқ, Абайдың тұңғыш ғылыми өмірбаянын жазу арқылы абайтану ғылымын қалыптастырды. 1940 жылы осы өмірбаянды орыс тілінде шығарып, орыс тілді оқырмандарға да жол сілтеді. Орыс тіліндегі бұл кітапшада Семейдегі Абай оқыған медресе үйі, Абай тұрған үй, Абай қыстауының суреттері берілген. Бұл құжаттар Абай жүрген жерлерді қазіргі жағдайымен салыстыру үшін қашанда маңызын жоймайды.

М.Әуезов бүкіл саналы ғұмырын абайтану тарихына арнау арқылы «абайтанудың бірегей білгірі» атанды. Абайдың өскен ортасы, дүниетанымы, Абайдың рухани нәр алған қайнар бұлағы, шығыс пен батыс әдебиетінің әсері, Абайдың ақындық дәстүрі, әдеби ортасы, текстологиясы, т.б. М.Әуезов зерттеулерінде көрсетілген күрделі мәселелерді 1940–1950 жылдары С.Мұқанов, Ә.Жиреншин, Қ.Жұмалиев, Т.Елеуов, Ә.Қоңыратбаев, т.б., ал 1950–1960 жылдарда Қ.Мұхамедханов, Т.Нұртазин, Т.С.Сильченко, Т.Тәжібаев, З.Ахметов, А.Нұрқатов, М.Мырзахметұлы, т.б. одан әрі жалғастырды.

Осы аталған ғалымдардың әрқайсысының Абай тақырыбында жазған монографиялық еңбектері сол тақырыптағы алғашқы ғылыми зерттеулер болып табылады. Мәселен, академик Қажым Жұмалиев 1946 жылы «Абай поэзиясының тілінен» докторлық диссертация қорғап, 1948 жылы «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» атты монография жазды.

Ғалымның 1941 жылы қорғаған «XVIII–XIX ғасыр қазақ әдебиетінің тарихы» атты кандидаттық диссертациясында басқалармен қатар Абай шығармашылығы да арнайы сөз болады. Филология ғылымынан тұңғыш қорғалған осы диссертациялардың Абай шығармашылығына тікелей қатысты болуы сол кездің өзінде-ақ ақынның жаңа өкіметке де танымал бола бастағанын аңғартады. Өйткені Қазақстанда Ғылым академиясы 1946 жылы ғана құрылғандықтан, қазақ ғалымдары Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) пен Мәскеуде қорғайтын. Соның өзінде 1990 жылдарға дейін

жұмыс Қазақстанда қорғалса да, диссертациялар орысша жазылып, Мәскеудегі Жоғары аттестациялық комитеттен бекітіліп барып, күшіне енетін.

1945 жылы Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жетіп, мәртебесі артқан Кеңес өкіметі енді ел ішіндегі саяси идеологияға қайта көңіл бөле бастайды. 1946–1948 жылдар аралығында коммунистік партияның идеология саласындағы, әсіресе, Орталық партия комитетінің органы Мәскеуден шығатын «Правда» газетінде «Қазақстан тарихы маркстік-лениндік тұрғыда баяндалсын» деген қаулыларынан кейін тағы да саяси қуғын-сүргін басталды.

Кеңестік идеологияның саяси жазалау науқанына «Абайдың әдебиет мектебі» бірінші болып ілінді. Себебі мұнда басқасын айтпағанда, жала жабушылардың пікірі бойынша «ірі феодал Құнанбайдың тұқымы, атақты халық жауы Шәкәрім Құдайбердіұлы» да бар болатын. Негізінде Мұхтар Әуезовтің «Абайдың әдеби мектебі», «Абай шәкірттері» деген атауды тұңғыш енгізуі отызыншы жылдардан басталған-ды. Ол 1934 жылы «Әдебиет майданы» журналына «Абай ақындығының айналасы» деген мақаласында: «Мұндай ақын – төртеу. Оның екеуі Ақылбай, Мағауия – Абайдың өз балалары. Мұның екеуі де 1904 жылы – Абай дүние салған жылы – қайтыс болған. Қалған екеуі – Көкбай, Шәкәрім. Осы төрт ақын – Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері. Абайдан аталық, ағалық, ұстаздық тәрбие алудан басқа, оның өлең мен қарасөздерін әрі оқушы, әрі таратушы, бағалаушы, тұтынушы болудан басқа, бұлар Абайдың басшылығымен өздері де жырлар жазған» дегенде жазушы Шәкәрімнің 1931 жылы «халық жауы» ретінде жазықсыз атылғанына да қарамай, сол кездегі партияның көркем әдебиетті қайта қарау туралы қаулыларын пайдаланып, Шәкәрімді тірілтпек болған-ды. М.Әуезовтің осы айтқаны бойынша абайтану ғылымында «Абайдың ақын шәкірттері және «Абайдың әдеби мектебі» деген екі арна қалыптасты. Бірақ 1951 жылы қорғалған Қ.Мұхамедхановтың «Абай төңірегіндегі ақындар» («Абайдың әдебиет

мектебі» деген алғашқы атауы осылай өзгерген) атты диссертациясы сол жылы жоққа шығарылып, өзі 25 жылға сотталғаннан кейін М.Әуезовке бұл мәселені жылы жауып қоюға тура келді.

Қайым Мұхамедханов 1951 жылы М.Әуезовтің жетекшілігімен «Абайдың әдебиет мектебі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Осы жұмыстан кейін оған «М.Әуезовтің ғылымдағы көлеңкесі» деген айып тағылып, қуғынға ұшырады. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана 1993–1997 жылдары оның «Абайдың ақын шәкірттері» атты 4 кітаптан тұратын зерттеу еңбегі жарық көрді. Бұл басылымда Абай мектебінің талантты шәкірттері: Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Шәкәрім, Кәкітай, Көкбай, Әубәкір, Уәйіс, Әріп, Әсет, Мұқа, Тайыр, Ыдырыс және т.б. ақындар туралы Қ.Мұхамедхановтың көлемді зерттеулері жарияланды. Ал оның 1959 жылы «Абай шығармаларының текстологиясы» туралы жазған ғылыми еңбегі абайтануға қосылған зор үлес болды.

Қ.Мұхамедханов «ғылым кандидаты» деген атағын 1956 жылы ресми түрде қайтарып алғанмен, жазушының көзі тірісінде орындай алмай кеткен осы арманға арада қырық жылдан астам уақыт өткенде ғана қол жеткізеді.

1953 жылы Кеңес өкіметінің қаһарлы көсемі И.В.Сталиннің қайтыс болуы М.Әуезовтің де, басқалардың да тірі қалуына себеп болды. Бұдан кейін өкімет басына келген Н.С.Хрущев жеке адамға табынушылық пен дүниежүзілік мәдениеттен оқшау ұстауды сынап, демократияға жол ашуға тырысты. Орыс тарихында «Хрущевский оттепель» деп аталған, қазақтар «Жылымық» деген бұл кезеңде қазақ әдебиетінің әртүрлі жанрада өрістеуіне негіз жасалды.

Академик Зәки Ахметов 1954 жылы «Абай және Лермонтов» деген тақырыпта қорғаған кандидаттық диссертациясы негізінде сол жылы жеке кітап шығарды. Бұл жұмыс кейіннен монографиялық қомақты зерттеулерге ұласты. Мамандығы тарихшы болса да, Абай шығармаларын ұзақ уақыт зерттеген Әбіш Жиреншин «Абай және оның орыс

достары» (1949), «Абай Құнанбаев қазақ халқының ұлы ақыны және ойшылы» (1950), «Абай және орыстың революционер-демократтары» (1959) деген зерттеу еңбектер жазды. Ол 1961 жылғы Абайдың бір томдық толық жинағын құрастырып, жаңадан табылған бес өлеңін қосып, толықтырулар енгізді.

Академик Митрофан Семенович Сильченко 1957 жылы «Творчество и биография Абая» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, осы жылы аталмыш атпен кітап шығарды. Абайтанушы ғалым Рәбиға Сыздықова 1959 жылы «Абай прозасы тілінің морфологиялық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық, 1971 жылы «Абай шығармаларының тілі» деген тақырыпта докторлық диссертациялар қорғаған. Белгілі профессор ғалымдар Темірғали Нұртазиннің «Абайдың ақындық шеберлігі» (1954), Төлеген Тәжібаевтың «Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Құнанбаева» (1957), Айқын Нұрқатовтың «Мұхтар Әуезов творчествосы» (1965), «Абайдың ақындық дәстүрі» (1966) атты ғылыми-зерттеу еңбектері – абайтану тарихына қосылған қомақты үлес. Бұлар қылышынан қан тамып, ұлттық әдебиетіміздің қалыпты арнамен дамуына кесір-кесапатын тигізген Кеңес өкіметінің коммунистік идеология жағдайында өмір сүрсе де, абайтанудың дұрыс бағыт алуына жол ашты.

Осы аталған әдебиетші ғалымдардың ішінен тәуелсіздік заманына жеткен Қ.Мұхамедханов, З.Ахметов, М.Мырзахметұлы социалистік реализм әдісі тұрғысынан талданып келген абайтанудың айта алмаған, жетілдіре алмаған тұстарын барынша айқындап, қазіргі ұлттық көзқарас тұрғысынан жүйелеудің негізін салды.

Абайдың тұңғыш академиялық жинағын құрастырып, Абай туралы монография жазып, «Абай» пьесасын, Абай операсының либреттосын, атақты «Абай жолы» роман-эпопеясын жазған М.Әуезовтің «Мен Абай тереңінен шөміштеп қана іштім» деген сөзінің мағынасы тек тәуелсіздік таңымен

бірге ашылды. Қазіргі абайтану мәселелерінің даму бағыттары осы аталған ғалымдардың еңбектерінің негізінде дамып келеді.

XXI ғасырдағы ізденістер. XX ғасырдың басында Алаш арыстарынан басталған Абай туралы зерттеу жұмысын М.Әуезов терең пайымдап, абайтану ғылымын қалыптастырды. Бұдан кейін Зәки Ахметов, Қайым Мұхамедханов, Ақжан Машани, Мекемтас Мырзахметұлы, Төкен Ибрагимов, Төлеген Тәжібаев, Рәбиға Сыздықова, Ғарифолла Есім, Балтабай Әбдіғазыұлы, Бауыржан Ердембеков сияқты т.б. көрнекті ғалымдар Абай шығармаларын әр қырынан зерттеп, маңызды монографиялық еңбектер жазды.

Абайды тану XXI ғасырда да өз жалғасын тапты. «Жазушы» баспасынан 2002, 2005 жылдары Абайдың екі томдық шығармалар жинағы қайта басылып шықты.

З.Ахметов Абай туралы бұрынғы зерттеулерін толықтырып, «Поэзия шыңы – даналық» (2002) деген еңбек жазса, М.Мырзахметұлы арқылы Абайды жаңаша танып-білу кезеңі туды. Ақынның шығыстық әлемі тәуелсіздік көзқарас тұрғысынан қайта сараланып, Кеңес өкіметі тұсында тоталитарлық жүйе жол бермеген Абайдың «имани гүл» (үш сүйю), «жәуанмәртлік», «толық адам» сияқты күрделі фәлсапалық ойлары терең талданып, «Шын Хакім, сөзің асыл – баға жетпес» деп, Мағжан Жұмабаев жырға қосқан Абай хакімдігі айқындалды. Бұл тұрғыда М.Мырзахметұлының 2014 жылы екі үлкен кітап болып, Астана қаласынан шыққан 1000 бетке жуық «Абайтану» еңбегінің маңызы зор. М.Мырзахметұлынан бастау алған зерттеу жұмыстарды Жабал Шойынбет, Мақсат Әліпхан, Сайдалы Оразалиев, Жанғара Дәдебаев, Мырзатай Жолдасбеков, Тұрсынжан Шапай, Болат Жүнісбекұлы т.б. одан әрі тереңдете түсті.

Сондай-ақ Жанғара Дәдебаев, Мырзатай Жолдасбеков, Серік Негимов, Дандай Ысқақұлы, Болат Жүнісбеков, Тұрсынжан Шапай, Қайрат Раев т.б. жекелеген зерттеулерін атауға болады. ҚР ҰҒА Әдебиет және өнер институтындағы

Абайтану бөлімі, әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ-дегі «Абай институты», Абай атындағы ҚазҰПУ-дегі «Хакім Абай институты» бұл салада ауқымды үлес қосып келеді. 2015 жылдан бастап, «Абай институты» абайтану туралы осы уақытқа дейін жазылған зерттеу еңбектерді жинақтап, 38 томын шығарды. Қалған 12 томды шығару жоспарда тұр.

Сөздік:

Репрессия – жаза, жазалау шарасы.

Жылымық – қыста күннің аздап жылынуы деген мағына беретін сын есім.

1

Білу

1. Әдебиеттану ғылымы нешеге бөлінеді?
2. Абайтанудың негізі қашан қаланды?
3. Абайтану ғылымының негізін қалаған кім?
4. М.Әуезов Абай Құнанбайұлы туралы қандай іргелі еңбектер жазды?
5. Қ.Мұхамедханов абайтануға қандай үлес қосты?
6. Қазіргі абайтанушылар кімдер?

2

Түсіну

1. Абайтану қалайша дербес ғылымға айналды?
2. Не себепті Абайдың шығармашылығын әдебиеттегі елеулі құбылыс дейміз?
3. Мұхтар Әуезов абайтанудың ғылыми негізін қалай жүйеледі?
4. М.Әуезов абайтану ғылымының негізін салғанына қарамастан, неліктен айыпталды?
5. Қ.Мұхамедханов не үшін қуғындалды?

3

Қолдану

1. Мәтін бойынша және тарих пәнінен алған білімдеріңе сүйеніп, абайтану ғылымын зерттеушілер туралы хронологиялық кесте толтырыңдар.

Абайтану ғылымын зерттеушілер	Еңбектері	Жарық көрген мерзімі

2. Абайдың ақын шәкірттеріне сипаттама жазыңдар.

4

Талдау

1. М.Әуезовтің Абай өмірі мен шығармашылығын жазған кездегі жағдайын «SWOT-талдау» әдісімен талдаңдар.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Мүмкіндіктер	Қауіптер

2. «Дербес пікір айту» әдісі бойынша М.Әуезовтің абайтануға қатысты шығармашылығын талдап, ойларыңды ортаға салыңдар.

- 1) Өзіндік пікір (ой, идея).
- 2) Дәлел.
- 3) Өз пікірін айғақтайтын мысал.
- 4) Өз пікіріне қарсы дәлел.
- 5) Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал.
- 6) Қорытынды.

5

Жинақтау

1. <https://abai.alemi.kz/> сайтына кіріп, Абайды зерттеушілердің еңбектерінің маңызын саралап, таныстырылым жасаңдар.
2. М.Әуезовтің «Мен Абай тереңінен шөмішпен ғана іштім» деген сөзіне деректерді жинақтап, «Түртіп алу» кестесіне толтырыңдар.

V – «білемін»	– «мен үшін түсініксіз»	+ «мен үшін жаңа ақпарат»	! «мені таңғалдырады»

Қ.Жұбановтың: «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген сол заман үшін батыл пікіріне баға беріңдер.

Әдебиет:

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монография. / Шығармаларының 50 томдық толық жинағы. Т. 35. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014. – 297–301-б.
2. Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. (Қазақ және орыс тілінде). (Құр.: Л.М.Әуезова, М.Мырзахметов). – Алматы: Ғылым, 1988. – 368 б.
3. Мұхамедханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы: Дәуір, 1993–1997.
4. Абайды оқы, таңырқа. (Құр., алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған М.Мырзахметұлы). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
5. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. // М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының поэтикасы. – Алматы: Санат, 1997.
6. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. I том (жалпы редакциясын басқарған Ж.Дәдебаев). – Алматы: Қазақ университеті, 2015.
7. Абай Құнанбаев. Сын-биографиялық материалдар, өлеңдер және библиография: ақынның туғанына 95 жыл толуына / Абай; құраст.: Х. Бекхожин; СССР ҒА-ның Қазақстан филиалы. – Алма-Ата: Қазмембаспасөз, 1940. – 48 б., портр.
8. Абай Құнанбаев: библиогр. көрсеткіш / (Қаз. ССР-нің А. С. Пушкин атын. мем. респ. кітапханасы). – Алматы: Қазақстан, 1965. – 288 б.
9. Бейсенбаев М. Абай және оның заманы: (Абай ізімен) / Мұздыбай Бейсенбаев. – Алматы: Жазушы, 1988. – 33, [1] б.
10. Абай және архив/ ҚР м-лер каб. жанындағы архивтер мен құжаттама бас басқармасы; Құраст. Байжанов С. – Алматы: Ғылым, 1995. – 216 б.

II ТАРАУ. БІЛІМДІДЕН ШЫҚҚАН СӨЗ

2.1 «Өзіңнен өзің есеп ал»: Он бесінші қарасөз

«Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез. Нұрын, сырын көруге, Көкірегінде болсын көз» деген Абайдың данышпандығы сонда, ол қоғам дамуының қайшылығын түсіндіріп қана қойған жоқ, одан шығудың жолын нұсқады. Осы арқылы тек қазақ қана емес, бүкіл адамзат баласы құлақ асатындай ақыл айтып, адамға тән өмір сүру қағидаларын үйретті. Адамды екіге жаратын бір-біріне қарама-қарсы «Адам емес» және «Адам сияқты адам» деген ұғымдардың мән-мағынасын ашып берді. Осы «Білімдіден шыққан сөз» деген өлеңінде адамның «жүрегі – айна, көңілі – ояу» болып, «түзу сөзге» сену қажеттігін ерекше тапсырды.

Бұл жолда Абай ғылым, білім, өнер тақырыбына ерекше ден қойып, шығармаларының негізгі арқауына айналдырды. Оның «Ғылым таппай мақтанба», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Интернатта оқып жүр» сияқты өлеңдері мен «*Сегізінші*», «*Он жетінші*», «*Жиырма бесінші*», «*Отыз екінші*» т.б. қарасөздерінде ғылым, білім тақырыбын адамгершілік, имандылық, адалдық, парасаттылық, еңбек-қорлық, қайырымдылық ойларымен ұштастырды.

Абайдың ғылым, білім, өнер тақырыбына арналған шығармалары туралы айтқанда, ең алдымен, «Өзіңнен өзің есеп ал!» деген сөзін үнемі есте ұстау керек. Мысалы, «*Он бесінші қарасөзінде*» Абай адамның өзін-өзі тәрбиелеуі, жақсы-жаман нәрсенің парқын пайымдауы, адамның өмірі туралы, өзара қарым-қатынас мәдениеті, ақылды және ақылсыз кісінің парқы, өмірге қызығушылық, мастық, есерлік сияқты ұғым-түсініктерді бағалай келе: «Күнінде

бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір өзіңнен өзің есеп ал!» – дейді.

1893 жылы жазылған Абайдың осы «*Он бесінші қарасөзін*» толық оқиық.

«Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім.

Әуелі – ол пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен-дағы, күнінде айтса – құлақ, ойласа – көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен.

Екінші – есер кісі орнын таппай, не болса сол бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен-дағы, күнінде өкінгені пайда болмайды екен. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісіміп, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп, бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен.

Үшінші – әрбір нәрсеге қызықпақтық. Ол өзі бойға құмарлық пайда қылатын нәрсе екен. Әрбір құмарлық өзіне бір дерт болады екен, әртүрлі құмар болған нәрсеге жеткенде, яки әне-міне, жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады екен.

Әрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы-мынаны» дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен. Сол уақытта есті кісі үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен. Есер кісі ер-тоқымын тастап, бөркі түсіп қалып, етегі атының к...н жауып кетіп, екі көзі аспанда, жынды кісіше шаба беруді біледі екен, соны көрдім.

Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен

өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыпшысың?», – дейді.

1

Білу

1. Интернеттен «Білімдіден шыққан сөз» өлеңінің мазмұнымен танысыңдар. Өлеңді жаттап алыңдар.
2. Абай адам болу үшін қандай жол нұсқады?
3. Ақын білім, оқу тақырыбына қандай шығармаларын арнаған?
4. Абай қанша тілді қалай меңгерген?

2

Түсіну

1. «Білімдіден шыққан сөз» не себепті маңызды?
2. Неліктен адамның «жүрегі – айна, көңілі ояу болуы» керек?
3. Адамның өз-өзінен есеп алуы не үшін қажет?

3

Қолдану

1. «Білімдіден шыққан сөз» өлеңіндегі білімді кім? Талапты кім?
2. Ақылды кісі мен ақылсыз кісіні Абайдың қалай саралағанын сипаттаңдар.
3. «Ақылды», «ақылсыз» сөздерінің синонимдерін жазыңдар.

4

Талдау

«Он бесінші сөзді» оқып, «Рөлдегі оқушылар» әдісімен талдаңдар.

1-қадам: топ мүшелерін реттеңдер.

Баяндаушы – қарасөздің тақырыбы, идеясына талдау жасайды.

Сөзтапқыш – қарасөзде кездескен зат есімдерге түсінік береді.

Бейнелеуші-суретші – қарасөздің мазмұны бойынша суреттер салады.

Дәнекер – қарасөздің мәтінін қазіргі өмірмен ұштастырады.


2-қadam: берілген тапсырмаларды топ ішінде талқылаңдар.

3-қadam: талқыланған тапсырмалардан таныстырылым жасап, қорғаңдар.

5

Жинақтау

1. Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің Абай айтқан сипатын Венн диаграммасында салыстырыңдар:



2. ХХІ ғасырдағы білімді кісінің сипатын жазыңдар.

6

Бағалау

Бір аптада не істегендерің туралы өз-өздеріңе есеп беріп, дәптерлеріңе жазып, нәтижесін ақын пікірімен салыстырыңдар. Ақынның пікірімен келісесіңдер ме? Өз өмірлеріңде кімді білімді, кімді талапты санайсыңдар? Талаптарың мен қарекеттерің көңілдерің тола ма?

2.1 Отыз бірінші қарасөз

Абай *«Отыз бірінші қарасөзінде»*: «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып

ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратуғын нәрселер», – деп осы ойды жалғастырды. Мұнда Абай ғылым, білім, өнерді меңгеріп, үйренгеннен кейін жүзеге асыру қажеттігін айтып отыр. Ол үшін, ең алдымен, осының бәрін есте сақтау керек, ал есте сақтау үшін не істеу керек? Оған Абай «Өзіңнен өзің есеп алу» керек деп жауап қатады. Міне, Абайдың жастарға артқан міндеті осындай.

«*Отыз бірінші қарасөзінде*» төрт түрлі «ой кеселдерінен» сақ болуды атап көрсетті. Олар: 1) уайымсыз салғырттық, 2) ойыншы-күлкішілдік, 3) қайғыға салыну, 4) құмарлық пайда болу. Міне, болашақ ғалым осы зиянды нәрселерден сақ болса, құдай алдында адалдықпен ғұмыр кешіп, ел бетіне тік қарап, дәулеттің, ғибраттың, ақылдың, ардың иесі болатындығына кәміл сенетіндігін білдіреді.

Жалпы Абайдың қарасөздерінде ғылымға барар жолдың екі түрлі жағдайы көрсетіледі. Бірі – адамның ең қажетті ішкі жағдайы, яғни ынтамен оқу, мейірленіп іздену, жігерленіп талаптану, есіткенді ұмытпау, төзімді болу, т.с.с., екіншісі – өмір сүрген ортасы мен тұрмыс жағдайы. Міне, Абай даналығы сонда, «Отыз екінші сөзінде» де адамның сыртқы жағдайы емес, ішкі жағдайына байланысты талаптанушыларға арнап ізденудің алты түрлі шартын көрсетіп берді.

Абай «Отыз екінші сөзінде» ғылымға ұмтылатын жанға қандай мінез керек екенін көрсетеді. «Ғылымды» ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып-үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі,

қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!» деп Абай намысты болуға тәрбиелейді. Бірсөзділікті, тұрақтылықты, ұстамдылықты мінезбен ұстауын Абай ақыл мен ғылымның сауытына теңейді. Бір нәрсені бастап, аяқсыз қалдыру, әр нәрсенің басын шалу берік мінезді бұзатындығын айта келіп, ғылымға деген адалдықты, төзімділікті, қайсарлықты насихаттайды.

Сөздік:

Хұзур хасил – *тыныштық, рахатшылық.*

Бахас хасудшілік – *күндеу, күндеушілік.*

Хирслану – *ашқарақтану, қомағайлану, сараң болу.*

Фурурлық – *менмендік, ірілік.*

Мұлахаза – *ойласу, пікір алысу.*

Мұхафаза – *сақтау, қорғау.*

Жаһатінде – *барлық күшті жұмсау, тырысу.*

Зинһар – *қалайда, әйтеуір.*

1

Білу

1. «Отыз бірінші қарасөзді» мұқият оқып шығыңдар.
2. Бұл қарасөздің идеясы қандай?
3. Ой кеселдері деген не?
4. Ақыл мен ғылымның сауытына Абай нелерді жатқызады?

2

Түсіну

1. Абай осы қарасөзде нені жеткізгісі келді?
2. Неліктен ақын ой кеселдеріне уайымсыз салғырттық пен ойыншы-күлкішілдікті жатқызады?
3. Неліктен ақын «естіген нәрсені ұмытпауға төрт түрлі себеп бар» дейді?
4. Не үшін ақыл мен ғылымның сауытына Абай бірсөзділік, ұстамдылық, тұрақтылықты жатқызады?

3

Қолдану

Интернет желісі арқылы есте сақтау қабілетін арттыру әдістерін зерттеңдер. Бұл әдістер ақын тұжырымымен сәйкес келе ме?

4

Талдау

Тақырып бойынша алған білімдеріңе сүйене отырып, «Бортты журнал» кестесін толтырыңдар.

Болжам	Жаңа ақпарат
Тақырып бойынша бұрыннан не білемін? Бұл туралы не білуім керек?	Бұл туралы енді не білдім? Қандай маңызды сәттерді мен енді анықтадым?

5

Жинақтау

«Ойлан, бірік, бөліс!» әдісі арқылы «*Отыз бірінші сөзден*» түйген ойларыңды жазыңдар (Ойлан). Одан кейін өз идеяларыңды топтағы сыныптастарыңмен біріктіріңдер (Бірік) және соңында бүкіл сыныппен идеяларыңды бөлісіңдер (Бөліс).

6

Бағалау

Ақынның қай сөзін болашақта үлгі ете аласыңдар? Не себепті?

III ТАРАУ. ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ, ҚАЙРАН ЖҰРТЫМ

3.1 Осы мен өзiм – қазақпын. Тоғызыншы қарасөз

Осы тарауға тақырып болып отырған «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың. Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың» (1892 ж.) деп басталатын өлеңінде Абай отар елдегі жаңадан қалыптасқан қоғамдық сананы шамырқана жырлайды. «Өздеріңді түзелер дей алмаймын, Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың» деген ішкі қыжылын да жасырмай, ашық айтады. Жалпақ жұртқа арналған осы өлеңде өз билігі өз қолынан шығып кеткен халқының болашағына алаңдай отырып, ежелгі салт-дәстүрдің көмескіленіп, жаңа заманға қарай мың құбылған, бейімделген, икемделген психологиялық өзгерістің кері көрінісін көлденең тартады.

М.Әуезовтің «Абай өмірбаянында» (1950) жазған мына сөзі осы тақырыптың мағынасын толықтай ашады: «Патша өкіметінің қырдағы өкіл-ұлықтары, бұрын аға сұлтан, беріде болыс, би, елубасы, старшын деген ортаның өзі де өзгеше нәрсіз, шірік орта болатын. Абайдың бертінде жазған: «Болыс болдым, мінеки», «Болды да партия», «Бөтен елде бар болса», «Қалың елім, қазағым» деген сияқты көптеген өлеңдеріне көз салып, ойлап қарасақ, сол ортаның жиренішті, құнарсыз сурет, мінездерін, әдет-машықтарын анық танытады. Патшалықтың парақор ұлық, жандарал, ояз, начальниктеріне, адвокат, чиновник, тілмаштарына табынған жаңағы атқамінерлер қоғамды лайлаған, неше алуан мін мен дертке толы еді. Бұл күй, бұл қалып бір ғана Абай көріп жүрген тобықты ішінде ғана емес, қазақ

сахарасының барлығын басқан тұманды түнектей, қалың дерт болды. Ол патшаның отаршылық саясатынан туған күй болатын. Патшалықтың ел ішіндегі өкілі, әкімі, сүйеніші – бай, жуаннан шыққан болыс, би, елубасылар. Олар үшін рушылдықты, ескі тәртіпті сақтап, сол арқылы өз үстемдігін жүргізу қажет. Қазақ сияқты Ресейдегі көп бұратана елді билеуде патшалық өкіметтің өзі де жаңағы рушылдық, ескішілдік қалыпты нық сақтап отырды. Бұл елдерде өмір өркендесін, мәдениет дамысын деген ой онда мүлде болған жоқ. Қайта жаңағы ескіліктің кертартпа құрылысын өз керегіне пайдалана жүріп, соны мызғытпай сақтап отырды. Сондықтан да болыстық, старшындық билік үшін ел жуандары қырқысса, соны патшалық ұлықтары әдейі қоздыра түсетін. Бұл – тек саясаттық қана тәсіл емес, сол күндегі Ресей буржуазиясының пайдасы үшін де керек» болған.

Міне, қазақ тіршілігінің дәл осы жағдайы Абай шығармаларының негізгі өзегі болып табылады. Ақын «Көзінен басқа ойы жоқ» деп қатты айтса да, «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп, жүрегі қарс айырылса да, «Қасиет тұтып, ойға ұмтыл» деп өсиет, ақыл, ұстаздық етіп айтса да, құлақ асар жан таппаған. Сондықтан «Ішім өлген, сыртым сау... Бүгінгі дос – ертең жау, Мен не қылдым, япырмау?!» деген сөздерді айтуға мәжбүр болған. Ақынның осындай көңіл күйі қарасөздерінде де одан әрі тереңдей түскен.

«Тоғызыншы қарасөзінде»: «Осы мен өзім – қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе?» – деп, оқырманға сауал тастай отырып, қазақ халқының, оның тұрмыс-тіршілігінің кемшілік тұстарын сынайды. Мұнда хакім Абайдың таным-түсінігіне сай өмір философиясының қағидалары көрініс береді.

«Осы мен өзім – қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уә әрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, ондайым жоқ.

Егер жек көрсем, сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас, кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, «не қылды, не болды?» демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұларды жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ. Бұлардың бірі де жоқ. Бұл қалай? Бұл айтқанның бірін тұтпай болмас еді.

Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін. Өншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе? – еш білмеймін. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім – өз сөзім емес, күлгенім – өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі. Қайратты күнімде қазақты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен. Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін. Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде «өттеген-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге».

1

Білу

1. Абай заманында халықтың жағдайы қандай еді?
2. Бұл қарасөздің идеясы қандай?
3. Абай қазақ туралы не дейді?
4. Абай өмір сүрген кезеңдегі қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдайлар туралы не білесіңдер?

2

Түсіну

1. Абай не себепті қазақтардың қылықтарына ашынады?
2. Патшаның саясаты не үшін қазақтар арасында жік салуға бағытталды?
3. Ақын неге «ішім өлген» дейді?

3

Қолдану

«Топтық тергеу» әдісі бойынша топтарға бөлініп, жұмыс істеңдер.

«Баяндап берушілер» тобы – қарасөздің мазмұнын баяндайды.

«Зерттеушілер» тобы – қарасөздегі негізгі ойды зерттейді.

«Сұрақ құрастырушылар» тобы – кейіпкерлердің образдық тұлғасын ашатын сұрақтар дайындайды.

«Жазушылар» тобы – «Ата-баба дәстүрі» тақырыбына шағын эссе жазады.

«Дәнекершілер» тобы – қарасөздегі айтылған кісі мінезін бүгінгі күнмен байланыстырады.

4

Талдау

Қарасөздегі 2 негізгі ойды талдап, өз ойларыңды да қосып, кестені толтырыңдар.

Адам қандай болуы тиіс?	Абай замандастарының кемшілігі қандай еді?	Қазіргі адамдар қандай?

5

Жинақтау

1. «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңін интернеттен тауып оқып, «Тоғызыншы қарасөзбен» салыстырыңдар.
2. Қарасөз бен өлеңде көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашып, қорытындылап жазыңдар.

6

Бағалау

Абай қазір ортамызда болса, адамдарға қандай баға беруі мүмкін еді?

3.2 «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі

1886 жылы он бір буынды қара өлең ұйқасымен жазылған бұл өлеңде еңбекші халықтың мүддесі, ақынның өзі өмір сүрген қоғамның тарихи шындығы бейнеленеді. Абай

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген бір сөйлемге соншама үлкен мағынаны сыйғызған. Мұнда туған халқына деген шексіз сүйіспеншілік сезімі жатыр. Оны «Бет бергенде шырайың сондай жақсы, Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың» деген өкінішті сөзінен де байқауға болады. М.Әуезов те: «Жоғын жоқтап, мұңын мұндап отырғаны – «қалың елі, қазағы»... Оны «қайран жұртым» деп, бар жанымен ынтыға сүйеді», – дейді.

Абай дерті – елдігінен айрылып, берекесі қашқан қалың елі қазағының тарихи трагедиясы. Ресей империясының отарына айналып, «өз малын өзімдікі дей алмай», етекбасты күн кешкен қазағының ауыр халі жанына батып, қанын қайнатты. Ұлттық мінез психологиясына түскен өзгерісті Абай қоғам қасіретімен байланыстырады.

Ғасырлар бойы көшпелі тұрмыс кешкен, тіршілігінің тиегі төрт түлік мал болған халықты күштеп отырықшылдыққа көндіру қазақ жеріне көп қасірет әкелді. Патша самодержавиесінің қазақ даласын билеу жөнінде үш дүркін жасаған реформасының (1822, 1824, 1868) әуелі елдік ұйытқымызды жойып, ұлттық тұтастықтан, содан кейін әр ұлысымызды бөлшектеп, әр бөлек губернияға теліп, территориялық тұтастықтан айырғанын көреміз. Әсіресе, 1868 жылғы Ресей патшалығының реформасы нағыз бюрократтық, әскери-отаршылдық саясатының ең жоғарғы биігі болды. Міне, қазақтың «екінші ұртының қан болып, ұстарасыз-ақ мұрты аузына түсетін» себебі сол. Өйткені «бұратана» елге қолданған бірнеше ғасырға созылған отаршылдық саясаттың соңы Абай заманында заңды түрде орнықты, енді Ресей патшалығы қол астындағы жұртты ұршықша үйіріп, айтқанына көндіре бастаған. Абайдың «Жақсы менен жаманды айырмайсың» дегені – сол тұстағы әлеуметтік құрылымға байланысты туындаған пікір. Ал бір ұрты май болатын себебі, ол – өз елі. Сондықтан да ақын замана туғызған келеңсіз құбылыстарды сынамай тұра алмайды. Қазіргі тілмен айтқанда, елдің сиқын бұзып жүргендер – мансабы жоғары шенеуніктер. Оларды

Абай «Бас-басына би болған өңкей қиқымға» теңейді. Өйткені бұларда өз бастарының қамынан өзге мақсат жоқ, ұлтының қолынан шығып бара жатқан ырықты ұстап қалудың жолын ойлап, әуре болмайды әрі «өңкей қиқымнан» жиналғандықтан, яғни шала сауаттылардан құралған тобырдың тайталасуға өресі де таяз. Осындай қазақтың өз ішінен шыққан «өңкей қиқымнан» құралған шенқұмар, мансапқор сатқындардың саны артып, күннен-күнге көбейді. Сондықтан Абай ел ішіндегі алауыздыққа, берекесіздікке, екіжүзділікке, тұрлаусыздыққа зығырданы қайнап, «мұртың, ұртың, сыртың, қыртың, ұйқың, тыртың, бұртың, қиқым, сиқын, ырқың, бұртың, құлқын, байлығың, шырқын, қырқың, қылпың, жыртың-жыртың, астыртын» деген бірыңғай ұйқасым тапқан сөздермен қатты сынайды. Былайғы уақытта ауызға ілінбейтін қарапайым сөздерге жан бітіп, әрқайсысы кекті, айбарлы, сұсты сөздерге айналған. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп басталған тұнып тұрған сезім-күй лирикасы осылайша өткір сатираға ауысады. Мағынасыз «жыртың-жыртың» етіп, өзара шуылдасқан көпшіліктің ұлттың басына төніп келе жатқан «бодандықпен» шаруасы жоқ, тығырықтан шығудың жолын да іздемейді. Осыны ойлағанда шерлі ақын ашу-ызадан жарылып кете жаздайды. Амал жоқ, кемшілігін бетіне баса отырып, кесір-кесапат пен қалың сордан құтылудың жолын «ызалы жүрек, долы қол, улы сия, ащы тілмен» жеткізеді.

Өлең 1909 жылдан бері Абай шығармаларының жинағында жарияланып келеді.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,

Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.
Көрсеқызар келеді байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың.
Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.

Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың,
Оның да алған жоқ па құдай құлқын?
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
Сапырылды байлығың, баққан жылқың.
Баста ми, қолда малға талас қылған,
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын.
Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың,
Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?
Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,
Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқың?
Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,
Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың.
Ұғындырар кісіге кез келгенде,
Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын?

1

Білу

1. Өлеңнің тақырыбы қандай? Өлеңнің ерекшелігі неде?
2. Өлеңді жаттап алыңдар.
3. Абай «қалың елі», «қазағына» не айтыпты?

2

Түсіну

1. Абай неліктен «Қалың елім – қазағым, қайран жұртым» деп толғанады?

2. Не себепті ақын өмір сүрген заманда шенқұмар, мансап-қор адамдар көбейіп кеткен?

3

Қолдану

Өлеңдегі кейіпкерлер жүйесін жинақтап жазыңдар.

4

Талдау

Өлеңдегі *мұртың, ұртың, сыртың, қыртың, ұйқың, тыртың, бұртың, қиқымы, сиқың, ырқың, бұртың, құлқың, байлығың, шырқың, қырқың, қылпың, жыртың-жыртың, астыртын* сөздерінің қызметін талдаңдар.

5

Жинақтау

Өлеңдегі көтерілген мәселені сыни тұрғыдан түйіндеп, эссе жазыңдар.

6

Бағалау

Қазіргі кезде қоғамдағы осындай мәселелер болмау үшін не істеу керек?

3.3 «Жақсылық ұзақ тұрмайды» өлеңі

1892 жылы жазылған Абай бұл өлеңінде бір-біріне керемет ұғымдар арқылы қоғам өміріндегі әлеуметтік жағдайға сипаттама береді. Өлеңде бір ғана кейіпкер бар, ол – жер қорығыш желгек шал. Бұл адам өмірден қаншама қиямет-қайым көрсе де, желмаяға мініп, жерұйық іздегенін қоймаған көшпенділер философы Асанқайғы бейнесін көз алдымызға әкеледі. Қытай мен Ресей империясынан қауіптенген Асанқайғы заманынан басталатын азаттық идеясы арада қаншама қиян-кескі соғыстар салып, XIX ғасырдың бірінші жартысында жеңіліспен аяқталған-ды. Абай өмір сүрген кезең патшалық Ресей өкіметінің бірнеше ғасырға созылған отарлау әрекетінің толық аяқталған кезіне тура келеді.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген өлеңінде Абай «Бет бергенде шырайың сондай жақсы, Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың» деуінде сырты өзгергенмен, аман-сәлемі, болмыс-бітімі бұзыла қоймаған қазақтың шынайы бет-бейнесі елестейді. Кезең шындығын ашу үшін автор жақсылық пен жамандық, үміт пен уайым, қайғы мен талап сияқты қарама-қарсы ұғым-түсініктерді бір-бірімен салыстырады. Мысалы, жақсылыққа қарама-қарсы ұғым – жамандық. Абайдың пайымдауынша, «жақсылық ұзақ тұрмайды, жамандық та әркез тозбайды». Үміт те сол сияқты. Қанша шапқылап, «қос тепкіні салсаң да, уайымнан озбайды». Ал бір қайғы жүз қайғыны қозғайды. Осының бәрін басынан өткізіп, желіп жүрген «жер қорығыш желгек шал» бәрібір өмірден үмітін үзбейді. Өйткені аспанды қаптаған бұлт сейілмей, күннің көзі көрінбес; үрпиген, додаланған, ұйысқан жүрек басылмай, талапты көңіл елермес, шалықтамас; қайғы-қасірет сейілмей, кезерген ерінге күлкі үйірілмес; осының бәріне есіңді қашырмай, шыдасаң да, күшті, әлді жағы әбден құл болып, қор болмайынша жібермес деген түйін түйеді. Қай уақытта да ауыр азап пен қат-қабат қайғы кез келсе, кез келгенді қаңғыртпай қоймас, қазіргі жағдайындағы көмекшің, саған мүлде жат, сондықтан оның жымысқылығы «күңкілдеп берер сазаңды» дейді. Осындай төбеден төніп тұрған бұлтты сейілтуге әрекет жасағанның орнына қайта барлығы батырсынып, мазаны алатындығын қайтерсің деген ойды меңзейді.

Көлемі 26 жолдан тұратын бұл өлең бастан-аяқ 8 буыннан құралып, қара өлең ұйқасымен жазылған. 1909 жылдан бері Абай шығармаларының жинағында жарияланып келеді.

Жақсылық ұзақ тұрмайды

Жақсылық ұзақ тұрмайды,
Жамандық әркез тозбайды.
Үміттің аты елеріп,
Қос тізгінді созбайды.

Қос тепкіні салсаң да,
Уайымнан озбайды.
Бір қайғыны ойласаң,
Жүз қайғыны қозғайды.
Жер қорығыш желгек шал,
Желіп жүріп боздайды.

Құрсаған бұлт ашылмай,
Аспанның жүзі көгермес.
Үрпейген жүрек басылмай,
Талапты көңіл елермес.
Шырайды қайғы жасырмай,
Күлкінің ерні кезермес.
Шыдасаң есті қашырмай,
Құлдатып, қор қып жібермес.

Кез келсе қайғы қат-қабат,
Қаңғыртпай қоймас адамды.
Қасиетсіз туған – ол да жат,
Күңкілдеп берер сазаңды.
Бәрінен де сол қымбат,
Қайтерсің өңкей наданды.
Сыпыра батыр сұм *құрбәт*,
Мақтанмен алды мазамды.

Сөздік:

Үрпейген (үрпек) – *үрпиген, додаланған көрініс. Көбінесе «Үрпек бас. Шашы таралмай, үрпектеніп кеткен» деген мағынада қолданылады.*

Құрбәт, кәрбәт (парсыша) – *жақындық, туысқандық.*

1

Білу

1. Жақсылық деген не?
2. Жамандық деген не?
3. Өлеңдегі лирикалық кейіпкер кім?

2

Түсіну

1. Ақын не үшін лирикалық кейіпкері ретінде «желгек шалды» алған? Ол неге желіп жүріп, боздайды? Не себепті жерді қориды?
2. Неліктен
«Бір қайғыны ойласаң,
Жүз қайғыны қозғайды», – дейді?

3

Қолдану

1. Оқулықтағы сөздікті көшіріп жазып алып, мағынасын есте сақтаңдар.
2. Өлең тілі туралы «FILA» кестесін толтырыңдар.
F / Дерек/ – өлеңнің шебер тілін көрсететін деректер жинау;
I / Пікір/ – өлеңдегі метафоралар туралы өздеріңнің ой-пікірлерің;
L / Сұрақ/ – ақынның шеберлігін ашатын сұрақтар;
A / Ис-әрекет/ – ақынның өлеңдегі қолданған тәсілі.

4

Талдау

1. Жақсылықты ұзақ тұрғызбайтын не?
2. Күлкінің ерні қашан кезереді?
3. Жамандықтың алдын алуға бола ма?
4. Екі топқа бөлініп, жақсылық пен жамандықты кімдер тудыратынын талдаңдар.

5

Жинақтау

- «Төрт сөйлем» тәсілімен тапсырманы орындаңдар.
1. Пікір. Өлең туралы өз пікірлеріңді жазыңдар. (1 сөйлем)
 2. Дәлел. Өз ойларыңды аргументпен дәлелдендер. (1 сөйлем)
 3. Мысал. Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер. (1 сөйлем)
 4. Қорытынды. Өзіндік қорытынды шығарыңдар. (1 сөйлем)

6

Бағалау

Ақынның осы өлеңді жазудағы мақсатына баға беріңдер.

3.4 «Бөтен елде бар болса» өлеңі

«Бөтен елде бар болса» (Көжекбайға) өлеңінде Абай қазақ қауымында етек алған атқамінерлер арасындағы басараздық, бақастық солармен іштей астасып жататын ағайын арасындағы кикілжің, дүрдараздық көріністерді сынайды.

«Бөтен елде бар болса» өлеңіндегі кейбір кейіпкерлер психологиясы 1891 жылы жазған «*Үшінші қарасөзінде*» айтылған оймен астасып жатыр. Мысалы, «...әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады».

1886 жылы жазылып, көлемі 168 жолдан тұратын бұл өлең 1909 жылдан бері Абай жинақтарында жарияланып келеді. «Тобықты ішінде мамай руынан шыққан Көжекбай Жамантайұлы (1847–1916) деген кісіге арналған» деген дерек 1933 жылғы М.Әуезов құрастырған толық жинақтан басталады. М.Әуезов басшылық жасаған 1957 жылғы жинақта да «Көжекбайға» деп берілген. Бұл мағлұматты М.Әуезовке Тұрағұл Абайұлы берген. Ол былай: Абай «Сабырсыз, арсыз, еріншек» деген өлеңін жазып болып, ең алдымен қасында атын ерттеп беретін Қарасақау (шын аты – Құсайын) атанған атқосшысына оқып бергенде ол: «Көжекбай қалды ғой» депті. Сол сөз қамшы болып, «Бөтен елде бар болса» өлеңі Көжекбайға арналған деп айтылады. Осы деректі «Әкем Абай туралы» деген естелігінде жазып отырған Тұрағұлдың айтуы бойынша, Көжекбайдың әкесі Жамантай Құнанбай мен Ұлжанға өкіл ата болыпты. Туыстары жерге таласып, Жамантайды өлтіргенде, Құнанбай қажы оның құнын келістіріп алып беріп, ерте жегім қалған Көжекбай бастаған үш баласына да көмектесіп, «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай» өз баласындай етіп өсірген. Кейін Көжекбай Құнанбай балаларының жауы жағына шығып, болыс болған Күнтумен құда болғанда

«Кімнің жүгі биік болса, соған қарғып шыққан мысық» атанған.

«Бөтен елде бар болса» өлеңіне түсінік жазған М.Әуезовтің «Ел ішіндегі атқамінер бүліктің атын «Көжекбай» деп атап тұрып, соның бар мінезін, іс-әрекет, қимыл-құбылысындағы бейнесін сипаттап берген» деген сөзі арқылы Көжекбайдың *типтік* бейнесін көреміз. Өйткені ол – ел ішіндегі бүлікті, қандай да бір дау-дамайды шығаратын да, бастайтын да кеселді адам. Бұл жерде «атқамінер» деген сөзді би-болыстар деп ұқпау керек. М.Әуезов бұл сөзді «байшыл» деген көзқарастан қашу үшін де әдейі алуы мүмкін. Атқамінер – «бүліктің» эпитеті, яғни бүлікті анықтайтын сөз. Екінші жағынан, бұл сөзден Көжекбайдың өсек тасу арқылы басқалармен теңесіп, «атқамінер» болғысы келетін тағы бір мінезі аңғарылады. Бұл жерде Көжекбай жоқ, бірақ бүлік шығаратын сондай бір кеселді адамдардың типтік бейнесі өмірде бар екенін ұғыну керек.

Бір кезде ақынмен бірге туған-туысындай араласып, дос-жаран болғанмен, кейіннен келеңсіз мінезіне көзі әбден жеткен соң, онсыз да «Кімнің жүгі биік болса, соған қарғып шыққан мысық» атанған Көжекбай бейнесін елестете отырып, ақын сын өлеңдер жаза бастаған. Мұның алдында жазған «Көжекбайға» деген бір шумақ *эпиграммасында* оның сөзінде тұрақ жоқ, айла-шарғы, өтірік-өсекке жақындығы мен екіжүзділігін:

«Жамантайдың баласы Көжек деген,

Әркімге өсек тасып безектеген.

Досын келіп досына жамандайды,

Шіркінде ес болсайшы сезед деген», – дейді. Бұл эпиграммалық өлең М.Әуезов құрастырған 1933 жылғы жинақта тұңғыш жарияланды. Осы бір шумақ арнау өлеңнен басқа атын атап, түсін түстеп жазбағанымен, Көжекбай деген кісі – ақынның басқа көптеген өлеңдеріне арқау болған антұрған, азғын кейіпкерінің бірі. Соның бірі – «Бөтен елде бар болса» өлеңі. Туынды 1933–1957 жылдар арасында М.Әуезов құрастырған жинақтарда «Көжекбайға» деп аталғанымен, қазіргі жинақтардан бұл атау алынып тасталған. Сондықтан бұл өлеңнің шығу тарихын оқырман көп жағдайда біле бермейді.

Бұл шығармада елдің құрметіне бөленіп, ел жақсысы атанған адамдардың басына іс түскенде маңайындағы көзге елеусіз жүрген жандайшаптардың келеңсіз мінез-құлқы ашылады. «Ашып берер жауыңа, Өзі көрген қой-масын» деп, бұған қарсы айла-шарғы жасап, жауларымен ауыз жаласатыны, онымен де тұрмай, бұған қайта келіп, «Жауыңнан сыр алғалы әдейі істедім» деп, тағы да алдамақ болатын екіжүзділік әрекеттері шенеледі. Бірге тумаса да, бірге туғандай боп өсіп, артынан соның бәрін ұмытып, көптен сырыңды білетін қаскөйдің іштарлығы қозып, жауығып кетуі – өте қауіпті жайт. Оның қауіптілігі сонда, ол «досыңмын» деп ант-су іше жүріп, жымысқы әрекетін астыртын жасаудан жалықпайды. «Көрінгенді азғырып», ел-жұртқа мұны «өтірікші, аяр» етіп көрсетіп, маңайына елді жуытпайды. Қазақтың «Іштен шыққан жау жаман» деген сөзі осы өлеңнен анық көрінеді.

Автор ел басына күн туғанда «жау жағадан алғанда, бөрі етектен» тартатын ағайындардың пасық қылықтарын тізбектеп сынайды. Бұл жерде «жай уақытта ауыз жаппас, той дегенде өлең таппас» дегенге келетін адамдардың да бейнесі көрініс береді. Олар үйлерінде отырып ауыздарымен орақ орғанда, алдарына жан салмайды және елдің жұрт аузына іліккен жақсы-жайсаңдарын даттап, жамандағанда ауызбіршіліктері ұстап, біріге қалады. Ел жақсысын жауынан бетер жамандап, қара күйе жағуға келгенде, ауыздары-ауыздарына жұқпайды. Ал мұндай адамдар шынтуайтқа келгенде, ар мен намыс сыналар тұста, халықты былай қойып, бірге туғанын да сатып кетеді.

Бұлар – Абай сипаттаған кеселді азғындар. Заман түзеліп, жаңағы қыспаққа түскен адамның аты қайта оза бастаса, әлгі «антұрғандар» қолма-қол құбылып, опасыздықтарын ұмытып, жанашырлық сыңай танытқандай болады. Осы тұрғысында тағы табан тіреп тұра алмай, екі жақтың сойылын қоса соғып, шыға келеді. Мұндай антұрғандарды Абай «иман жүзін тоздырған» «құдайсыздарға» теңейді.

Бұл өлеңде бір Көжекбай жоқ, мұнда «келер менен кетерді білмейтін» татулыққа, достыққа, адалдыққа қаяу түсіретін қырсық, топас, тасыр, томырық, тентек, пәлеқор Көжекбайлар жүр. «Ел бүлігі Тобықты, көп пысыққа молықты» дейтіні де содан. Бұрынғы «Келелі кеңес пен ел мен елді жалғаған билер жоғалған» заманда «ел сыбырға» көшіп, арамза бітімші делдалдар арқылы орысқа жем болған момын ел, «адал малын» ала алмай, «борышын түгел бере алмай», көрінгенге обықты. Ал «қазақтың малын сапырып, көп бөлеге шатылғандар» кесепатқа жолықты. Ел жақсылары мұны түзей алмай зорықса, «бөтен елдің» саудагерлері бұдан қашуға мәжбүр.

Осындай «нанымы жоқ, анты бар, ел нұсқасы кеткен» заманнан торыққан Абай елдің салтына төніп келе жатқан алапатты жанымен сезініп, уайым жейді. Өз үйінде шешенсіп, сартылдап сөйлеп, ал басқаның алдында, сөз таба алмай қалтылдаған; қалжыңға шорқақ, жауға қорқақ; жай уақытта ызақор, тарқылдаған томырық; сасық болса да паңсыған; қырт мақтаншақ; өзінің жаман ісін басқаға жауып, біреудің жақсысын пайдаланып, кісімсініп жалпылдаған; «жат айбынар ісі жоқ, жау айдынар күші жоқ» тоңмойын, топас, томырық, ашкөз адамдарды сынау арқылы қоғамның қасіретін ұқтыруға, жамандықтан жирендіруге тырысады. Өлеңнің «Нанымы жоқ, анты бар, Ел нұсқасы кетті ғой, Елмін деген салты бар. Әлі күнге уайым, Қылған жан жоқ, ұялмай» деп аяқталуында өз заманына дейінгі және алдағы жүз жылда қазақ қоғамының төлкекке түскен тағдыры тұр. Осы өлеңдегі «Нанымы жоқ, анты бар» деген бір жол арқылы тарих қойнауына тереңдеп талдау жасауға болады. Мұны Әбілқайыр ханның ақ патшаға берген антынан бастау керек.

Сөздік:

Эпиграмма (грекше – жазу) – сықақ өлең, жеке адамға арналып айтылады.

Тип – бірнеше адамның мінез ерекшеліктерін көрсететін жинақтық бейне.

Бөтен елде бар болса

Бөтен елде бар болса,
Ежеттесің, сыйласың,
Сыбырлас, сырлас көп болған,
Көптен тату қимасың.
Басыңа жұмыс түскен күн
Татулықты бұрынғы
Не қылып ол ойласын?
Ашып берер жауыңа
Өзі көрген қоймасын.

Желіккен жауың кез болса,
Араздығы сөз болса,
«Бәрежелді, батыр» деп,
«Мықты боп бара жатыр» деп,
Мақтап-мақтап қоздырар.
Ескі досын көргенде,
Есебі жоқ ант ішіп,
Аруақ, құдай айтысып,
«Сыр алғалы айттым» деп,
«Жауыңды алдап қайттым» деп,
Құдайдан қорықпай, антұрған
Иман жүзін тоздырар.
Келіп-кетіп көп жүріп,
Мен досыңмын деп жүріп,
Дұспандығын оздырар.
Алдайды деп жауыңа,
Ел тарттырмай бауырыңа,
Көрінгенді азғырар.

Кеселді болып бітеді
Жақсыға біткен жақындар.
Жау жағадан алған күн
Өздері иттей тақымдар.

Үйде отырып ескенде,
Бәрі шешен қақылдар.
Аулаққа шығып біріне
Бірі сөзін мақұлдар.
Жау көп болса басыңда,
Бірі қалмас қасыңда,
Жетектесең, табандар.
Далаға шығып, өзіңді
Жаудан бетер жамандар.
Жалбарынып күн көріп,
Жақынын сатып, жөн көріп,
Қалтаң-құлтаң амалдар.

Туысқанға кекшілі
Жас баладан бетер-ді,
Ойлау да жоқ, білу жоқ
Келер менен кетерді.
Жақынға еріп, мал салмай,
Жауды көріп, жан салмай,
Қайдан ғана біледі
Ауыр менен жеңілдің
Арасымен өтерді?
Жолдас аз боп сасқанда,
Әуел сонан есітесің
«Ат үстінен көтерді».
Ауыр жұмыс кез болса,
Араздығы сөз болса,
Араз кісі болғансып,
Сылтау етер бекерді.
Үйренбейді кісіден,
Кіржіңдеп жүріп кекерді.

Оңалып егер алдыңыз
Әр жерден-ақ көбейер
Ажарлыңыз, малдыңыз.

Пәленшені ұрам деп,
Түгеншені қырам деп,
Таршылықта қайрандап,
Кеңшілікте ойрандап,
Көп батырға қалдыңыз.
Егер тілін алсаңыз,
Бірі қалмас кісіден,
Егер тілін алмасаң,
Бықсып шіріп ішінен.
Әркімде-ақ бар ғой туысқан,
Қайсысы жауды қуысқан?
Күн жауғанда қойныңда,
Күн ашықта мойныңда,
Арылмас міндет болған соң,
Әркімнің көңілі суысқан.

Жақсыға біткен ағайын
Өз үйінде кезексіз
Шешен келер сартылдап.
Біреу білер жер келсе,
Сөз таба алмас қалтылдап.
Қалжыңға келер шорқақтау,
Жауға келер қорқақтау,
Еркін жерде ызақор,
Томырық келер тарқылдап.
Әдеппенен тамылжып,
Мінезі тәтті болмайды,
Сасық паңдау келеді,
Қырт, мақтаншақ оңбайды,
Кісімсініп жалпылдап.
Біреуге өктем іс қылса,
Өз күшім деп ойлайды.
Егер күші жүрмесе,
Бағанағы жақсының
Қылғаны деп қоймайды.

Жат айбынар ісі жоқ,
Жау айбынар күші жоқ,
Өз еркіне жіберсең,
Еш нәрсеге тоймайды.

Қалжыңы – теріс, сөзі – ұрыс,
Айтқан сөзге көнбейді,
Өз тентегін көрмейді,
Қазан бұзар бір қырыс.
Сондай кесел туысқан
Қай жерінен болады
Көңілге медеу, ол тыныс?
Жалығуды пәледен
Жұрт ұмытты біржола.
Шыныменен тамам ел
Кете ме екен ит бола?
Ішкені мас, жеген тоқ,
Уайым айтар біреу жоқ,
Тым болмаса болмады
«Бұлт ала, жер шола».

Келелі кеңес жоғалды,
Ел сыбырды қолға алды.
Ел ішінде бітімші
Түгел алып қайтпайды
Сұрай келген бір малды.
Ел жамаған билер жоқ,
Ел қыдырып сандалды.
Астыртын барып жолғасқан,
Ақша беріп жалғасқан,
Ақысын әрең сол алды.

Орыс сыяз қылдырса,
Болыс елін қармайды.
Қу старшын, аш билер

Аз жүрегін жалғайды.
Орыссыз жерде топ болса,
Шақырған кісі бармайды.
Бітім қылып бір кісі
Адал малын алмайды.
Қызығы кеткен ел бағып,
Қисыны кеткен сөз бағып,
Ендігі атқа мінгендер
Күнде ертеңге талмайды.

Бас қосылса арысқа,
Кім шабады намысқа?
Жатқа қарар беті жоқ,
Жалынбай тұрар к... жоқ,
Ісі кетер шалысқа.
Ел бүлігі Тобықты
Көп пысыққа молықты.
Малдының малын көре алмай,
Борышын түгел бере алмай,
Көрінгенге обықты.
Қазақтың малын сапырып,
Көп бәлеге шатылып,
Кесапатқа жолықты.
Өзінен шыққан жақсылар
Түзей алмай зорықты.
Тынбаған соң арамы,
Көңілі әбден торықты.

Саудагер қашты бұл елден,
Несиесін жия алмай.
Бұралқылар сандалды,
Жуандарға сыя алмай.
Сенімсіз болды алашқа,
Барымтасын тыя алмай.
Нанымы жоқ, анты бар,

Ел нұсқасы кетті ғой,
Елмін деген салты бар.
Әлі күнге уайым,
Қылған жан жоқ, ұялмай.

1

Білу

1. Ақын өлеңінде қандай адам туралы жазған?
2. «Қойма» сөзі қандай мағынада жұмсалып тұр?
3. Абай қандай жамандықтан сескенеді?

2

Түсіну

1. Абай не себепті адами қасиеттер тақырыбына көп өлеңдер мен қарасөздерін арнады?
2. Неліктен ақын мысықты метафора ретінде алған? Басқа жануармен алмастыруға бола ма?

3

Қолдану

«Бөтен елде бар болса» өлеңінің мазмұны бойынша берілген кестені толтырыңдар.

Өлеңнен қандай әлеуметтік-қоғамдық мәселелер байқадым?	Оны қай үзінділермен дәлелдей аламын?

4

Талдау

«Дойбы» әдісі бойынша өлеңді талдаңдар. Ол үшін екі топқа бөлініңдер. Екі оқушы дойбы тақтасындағы тас-тарды сұрақтарға жауап бере отырып жылжытады. Үшінші оқушы олардың жауаптарын жетістік критерийі бойынша бағалап, тексеріп отырады.

1. Өлеңнің идеясы мен мазмұны қандай?
2. Қай сөздер мен сөз тіркестері тақырып мазмұнын айқындайды?

3. Өлең соңында ақын қандай байламға келді?
4. Өлеңнің қай жолдары ерекше әсер қалдырды?

5

Жинақтау

Өлең идеясын мақал-мәтелмен түйіндеп жазыңдар.

6

Бағалау

Бұл өлеңде сипатталған кейіпкерлерге айналмау үшін не істеу керек?

Сөздік:

Ежеттес – пікірлес

3.5 «Сегіз аяқ» өлеңі

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп тілінен зар төгілген Абай «Сегіз аяқ» өлеңінде (1889) де еңбекші халықтың мүддесін, қоғамның тарихи шындығын, заманның кемшілік-қайшылықтарын ашына сөз етеді. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген өлеңінде «Бас-басына би болған өңкей қиқым» десе, мұнда «Көп наданнан түңілдім» дей отырып, «Талаптың дәмін татуға» үйретеді, халықты мәдениет пен прогрестік даму жолына бағыттады. Бұл өлең жанры тұрғысынан сатиралық шығарма болғанмен, мұнда қоғамның әлеуметтік тыныс-тіршілігі туралы ой басым. Абай әрбір сөзіне пәлсапалық мән бере отырып, қоғамдық қатынас пен адам арасындағы қайшылықты барынша терең ашып көрсетеді. Ол қоғам мен адам туралы өзекжарды ойларын «Толғауы тоқсан қызыл тіл» арқылы жеткізуге тырысады.

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған.
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған.

Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзің біл.

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар *бәһра* ала алмас.

Қиналма бекер, тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ – ойға олақ, – деген терең
астармен басталатын өлеңде Абай дәуірі және сол тұстағы
қоғамдық-әлеуметтік мәселелер кеңінен қамтылған.
«Қиналма бекер, тіл мен жақ, Көңілсіз құлақ – ойға олақ»
десе де, уайым мен үміт қатар қойылады. «Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп, Екі жаққа үңілген» Абай:

Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ
Күлкішіл кердең наданның.
Көп айтса көнді,
Жұрт айтса болды,
Әдеті надан адамның.
Бойда қайрат, ойда көз

Болмаған соң, айтпа сөз, – деп санасыз, ойсыз
адамнан бойын қанша аулақ салғысы келсе де, қаны қайнап,
жаны удай ашыса да, олардың әлеуметтік өмірде тигізетін
зиянды әрекеттерін ашып бергенді жөн санайды. Сондықтан
қалың көпшілікті «жан аямай кәсіп» қылуға, «ынсап, ұят,
терең ой» ойлауға шақырады. «Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей» деген ақыл айтады.

Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде.
Адал бол – бай тап,
Адам бол – мал тап,
Қуансаң қуан сол кезде.

Біріңді, қазақ, бірің дос
Көрмесен, істің бәрі бос...

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын.
Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Қор болып, құрып барасың.
Өтірік шағым толды ғой,
Өкінер уақтың болды ғой...

Келер заманның дұрысы мен бұрысын, асылы мен жасығын ажырата алмай, «қор болып, құрып бара жатқанын» түсінбей, құр босқа өсек тасып далақтаған елінің етекбастылығына тағы да қамығады.

Жартасқа бардым,
Күнде айғай салдым,
Онан да шықты жаңғырық.
Есітіп үнін,
Білсем деп жөнін,
Көп іздедім қаңғырып.
Баяғы жартас – бір жартас,
Қаңқ етер, түкті байқамас.

Жаяуы қапты,
Аттысы шапты,
Қайрылып сөзді кім ұқсын.
Іште дерт қалың,
Ауыздан жалын
Бұрқ етіп, көзден жас шықсын.
Күйдірген соң шыдатпай,
Қоя ма екен жылатпай?..

Өз сөзінен басқа сөзді ұққысы келмейтін надан тобырға налып, халқының болашақ тағдырына жаны күйінеді, көкірегі қарс айрылып, аузынан жалын ата күрсінеді,

көзінен бұрқ етіп жас шығады, бірақ сол «баяғы жартас бір жартас, қаңқ етер, түкті байқамас». Өлең:

Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ.
Ағайын бек көп,
Айтамын ештеп,
Сөзімді ұғар елім жоқ.
Моласындай бақсының,
Жалғыз қалдым – тап шыным! – деп аяқталады.

«Сегіз аяқ» өлеңінің шумақтық өрнегі қазақ поэзиясына жаңа түрдің туып, қалыптасуына негіз жасады. Өлеңнің өзі сегіз тармақты 25 шумақтан тұрады. Мұндағы басты ерекшелік – әр шумақтың сегіз жолдан қайырылуында. Өлеңнің «Сегіз аяқ» аталуы да сол себептен. Бұл шығарманың ырғақтық құрылысы да өзгеше. Шумақ 5 буынды тармақтар мен 7–8 буынды тармақтардың жүйелі түрде үйлесуі арқылы түзілген. Мұнда 4 түрлі дыбыс үндестігіне негізделген «а а б в в б г г» деген үйлесім бар.

Сөздік:

Бәһра (*парсыша*) – *пайда, білімнен үлес*

1

Білу

1. Өлеңнің ерекшелігі неде?
2. Өлеңнің идеясы қандай?

2

Түсіну

1. «Сегіз аяқ» өлеңі не себепті қазақ поэзиясына жаңалық әкелген болып саналады?
2. Абай өлеңдерінің кейбір сөздері неге афоризмге айналып кеткен?

3

Қолдану

«Сегіз аяқ» өлеңі сияқты қазақ әдебиетінде 8 тармақтан тұратын шығарма бар ма? Зерттеп көріңдер.

Өлеңді «Сатылай кешенді талдау технологиясы» бойынша талдаңдар.

1. Авторы.
2. Тақырып.
3. Жанр түрі.
4. Идеясы.
5. Шумақ.
6. Тармақ.
7. Бунақ.
8. Буын.
9. Теңеу.
10. Эпитет.
11. Метафора.

«Үш сұрақ» тәсілі бойынша сұрақтарға жауап беріп, тақырыпты қорытындылаңдар.

1. Абайдың осы өлеңді жазудағы мақсаты неде деп ойлайсыңдар?
2. Абай «Толғауы тоқсан қызыл тіл» деп неге айтқан?
3. Өлең неліктен «Сегіз аяқ» деп аталады?
 - 1) *Пікір*. Ақынның идеясын бір сөйлеммен жеткізіндер.
 - 2) *Дәлел*. Өлеңнен үзінді келтіре отырып, өз пікірлеріңді бір сөйлеммен дәлелдеңдер.
 - 3) *Мысал*. Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.
 - 4) *Қорытынды*. Тақырып бойынша қорытынды шығарыңдар.

1. «Сегіз аяқ» әнін интернеттен жүктеңдер. Әнді тыңдап, әуеніне баға беріңдер.
2. Адам қалай білімді, зайырлы болады?

3.6 «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңі

Бұл лирикалық өлеңіндегі (1889) ақынның көңіл күйі «Сегіз аяқ» өлеңімен үндес. Десе де мұнда адамның мінез-құлық психологиясын сипаттаудағы шеберлігі басқа қырынан көрінеді. Абай опасыз, сатқын, аяр, екіжүзді жандарға риторикалық сұрақ бере отырып, «Бүгінгі дос – ертең жау, Мен не қылдым, япырмау?!» деп тікелей тіл қатады. Заман дағдарысын түсіне алмай, өзгеріске түскен адам мінезін шенеу арқылы «Мұндай ма едің ана күн, Мұның қалай, бәтір-әу?» дейді. Астарлы кекесінмен қалжыңдап отырған сияқты көрінгенмен, «ұрлық пен қулыққа» келгенде, алдарына жан салмай кететін мінездерін сынға алады. «Берерменге бесеу көп, аларманға алтау аз» деген мақалды да түрлендіре қолданып, аз беріп, көп қамтуға тырысатын қылықтарын да тікелей бетіне басады. Қолданыста жиі ұшырасатын «Аларманның алтауы» деген сөздің мағынасын білген абзал.

Белгілі ақын, атбегі, этнограф Қажытай Ілиясұлының талдауы бойынша аларманның алтауына «сүйінші, байғазы, ерулік, көрімдік, серне, сауға» жатады, ал «берерменнің бесеуі дегенде» осылардың біреуі кем болады.

Абай өлеңінде бұл жалпы алыс-беріс мағынасына ие болған. Өлең жүз тарау дау туып, топқа түскенде «ханталауға» түсіп қалма, «жетілсең де, жетсең де, қайтып келер есігіңді қатты серіпше» деген мағынамен аяқталады.

Ішім өлген, сыртым сау

Ішім өлген, сыртым сау,
Көрінгенге деймін-ау:
Бүгінгі дос – ертең жау,
Мен не қылдым, япырмау?!
Өз үйінде өзендей,
Күркірейді, айтса дау.

Кісі алдында кірбеңдеп,
Шабан, шардақ және шау.
Мұндай ма едің ана күн,
Мұның қалай, бөтір-әу?
Үш күн арқаң босаса,
Бола қалдың бас асау.
Жан қысылса, жайтаңдап,
Жанды еріткен жайдары-ау.
Жан жай тапса, сен неге
Жат мінезсің жабырқау?
Ұрлық пенен қулыққа,
Байлағанда, кестің бау.
Берерменде бесеусің,
Аларманда және алтау.
Топ болғанда көрерсің
Түрлі дауды жүз тарау.
Аяғында сендейлер,
Көрмей жүр ме *қанталау*?
Қайтып келер есікті,
Қатты серіппе, жарқын-ау!
Жетілсең де, жетсең де,
Керек күні бір бар-ау.

Сөздік:

Шабан, шардақ – дәрменсіз, тосырқап, тоқырап қалу

Шау – қартаң тартқан адам

Қанталау – бұл жерде ту-талақай болу, талау деген мағынада қолданылған. Түбірі «ханталапай» деген ұлттық ойыннан шыққан. Ханталапай – сақа омпта тұссе ғана, ортада жатқан асықтарды жапа-тармағай талап алатын қазақтың асық ойынының бір түрі

1

Білу

1. Өлеңді оқып шығып, идеясын анықтаңдар.
2. Бұл өлең ақынның басқа қай шығармасымен үндес?

3. Өлеңнің тақырыбын ашуға қандай мақал-мәтелдер қолданар едіңдер?

2

Түсіну

1. Лирикалық кейіпкердің неге «сырты сау болғанымен, іші өлген»?
2. Неліктен ақын риторикалық сұрақ қоюға мәжбүр?
3. «Қайта келер есігіңді қатты жаппа» деген қай кезде қолданылады?

3

Қолдану

1. Сөздікті көшіріп жазып алындар, мағыналарын есте сақтаңдар.
2. Өлеңде берілген аларманның алтауының мағынасын түсіндірме сөздіктен қарап жазыңдар.

Аларманның алтауы	Мағынасы

4

Талдау

«Радиоға қоңырау шалу» әдісі бойынша өлеңде көтерілген мәселелер туралы радиосұхбат жүргізіңдер. Төрт қонақ рөлдік карточка алып, сол карточкадағыдай рөлдерін ойнауы тиіс. Мысалы, ақын, жүргізуші, психолог және лирикалық кейіпкер.

5

Жинақтау

Өлеңдегі ақынның адам мінез-құлық психологиясын сипаттаудағы шеберлігін түйіндеп, әдеби эссе жазыңдар.

6

Бағалау

Қазіргі заманда басына қиындық түскен жан кімдерден ақыл сұрауына болады?

3.7 «Қажымас дос халықта жоқ» өлеңі

Абайдың адамгершілікті ту еткен философиялық ой-пікірлері бұл өлеңде (1889) әділдік, қайырымдылық, адалдық, достық пейіл турасында сөз етіледі. Мұнда күнделікті өмірде кездесетін келеңсіз әрекеттерді сынап, достық, татулық, қадір-құрмет, кеңпейілділік жайында пайымдаулар жасайды. «Жақсылығың күнде ұмыт, Бір жаңылсаң, болды кек» деп бір рет кездейсоқ кеткен қателікті кешіре алмайтын тар өрісті адамдарды сынайды. Өзімшілдікті, өсек-өтірікті, қулық-сұмдықты сынға алады. «Сыйласарлық тектінің, Кім танымас нұсқасын? Күнде өзімшіл ептінің, Несін адам ұстасын?» деген соңғы шумақта оның адамгершілік талабының деңгейі анық көрінеді. Өлеңнің тәлім-тәрбиелік маңызы да осында жатыр.

Қажымас дос халықта жоқ

Қажымас дос халықта жоқ,
Айнымас серт қайда бар?
Алда көрген артта жоқ,
Мысқыл, өсек, айла бар.

Жақсылығың күнде ұмыт,
Бір жаңылсаң, болды кек.
Пайдасынан бой суыт,
Өзі тимей жүрсе тек.

Пайда, мақтан өзінен
Артыла ма ант ұрып?
Жарыса өсек сөзінен,
Айта берсін шарқ ұрып.

Кімге достық көп еттім,
Түбі болды бір кейіс.
Жақсы өмірім әуара еттің,
Жар таба алмай бір тегіс.

Жау қожандап бұртайып,
Дос құбылып, әуре етер.
Кімі тентек, кімде айып,
Тексере алмай өмір өтер.

Сыйласарлық тектінің,
Кім танымас нұсқасын?
Күнде өзімшіл ептінің,
Несін адам ұстасын?

Сөздік:

Әуара (парсыша) – қаңғыру, сергелдеңге салыну.

1

Білу

1. Өлең кімге арналған?
2. Кімді сынап отыр?
3. Өлеңді жаттап алыңдар.
4. «Абай жолының» қай тарауында Абайдан достары сырт айналады?

2

Түсіну

1. Ақын не себепті қажымас досты іздейді?
2. Неліктен ақын қоғам тіршілігін сынайды?

3

Қолдану

«Қарама-қарсы элементтер» әдісі бойынша достық пен қастықты сипаттап, кестеге толтырыңдар.

Достық	Қастық (дұшпандық)

4

Талдау

Топқа бөлініп, «Әдеби шеңбер» әдісімен мына рөлдердің бірін таңдап, автордың философиялық ой-пікірін талдаңдар.

- 1) Талқы себепшісі – өлең бойынша (кейіпкерлері, қарым-қатынасы, автор позициясы т.б.) 10 сұрақ құрастырады.
- 2) Белгілеуші – өлеңнің ең маңызды деп санайтын бөліктерін белгілеп, ойын дәлелдейді.
- 3) Байланыстырушы – жағдаяттарды таңдап, өмірмен байланыстырады.
- 4) Қорытындылаушы – көтерілген мәселелерді қорытындылайды.

5

Жинақтау

«Шеринг» әдісі арқылы ой бөлісу. Шеңбер бойымен отырып, жүргізуші бастап, кезекпен барлығың да тақырып бойынша түйінді ойды қорытындылаңдар. Идеялар қайталанбауы керек.

6

Бағалау

Қажымас достарың бар ма? Өздерің қандай доссыңдар?

3.8 Жиырма екінші қарасөз

Абай *«Жиырма екінші қарасөзінде»* (1894 ж.) байды мақтап, кедейді даттайтындай көрінеді. Бұл – ХХ ғасырдың 20-жылдарында «Абайды шонжардың тұқымы, байшыл ақын» деуге тірек болған сөз. Ал мәтінді оқып, байыбына тереңірек барған адам мұның қате екеніне көз жеткізеді. Мұндағы Абайдың негізгі айтпағы қоғамдық ахуалға байланысты. Абай заманында қазақ тұрмысының ежелден қалыптасқан әлеуметтік құрылымы бұзылып, жат елдің төртібін, билік жүйесін қабылдау жүзеге аса бастаған болатын.

Міне, Абай осы кезеңдегі адамдар психологиясына талдау жасайды. Сол кездің байы мен мырзасының, би мен болысының, естісі мен есерінің, ғаріп-қасарының, қу мен сұмының орнын анықтап, «Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлеймін деп» ойлайды. «Байды қадірлейін десең, бай жоқ. Бай болса, өз басының,

өз малының еркі өзінде болмас па еді? Ешбір байдың өз малының еркі өзінде жоқ. Кей бай өзі біреумен күш таластырамын деп, жүз кісіге қорғалауықтығынан жалынып, малын үлестіріп жүр. Ойлайды: жалынтып бердім деп, ақымақтығынан. Жоқ, өзі жалынып беріп жүр. Қайыр да емес, мырзалық та емес, өз елімен, өз жерімен ойрандасып, ойсыздарға қойнын ашып, малын шашып жүр. Кей байлар, елдегі құттылар, сүттілер берекелесе алмаған соң, кеселді қулар көбейіп кетіп, көп қорқытып, іздеген нәрсесі жоқ, еріксіз кім болса соған жеміт болып жүр» деп не өз басына, не малына еркі жоқ байлардың, өз малына өзі ие бола алмай, әлеуметтік құрылымға байланысты көбейіп кеткен кеселді қуларға жем болып, алданып жүргеніне қынжылады.

«Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп. Біреу бір пайдама келтірем деп мырза болып жүр. Біреулер к...не құрым киізді тұзға малшып тыққан соң есі шығып, мырза болып жүр» деп кетеуі кеткен мырзалардың қара бастың қамы үшін ғана мырзасынып жүргенін, баяғының мырзасындай жаны жайсаң, тегі жоғары мырзаның қалмағанын ашына айтады.

«Болыс пен биді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ» деп құдайдың қалауымен емес, пара беріп сатып алған қызметтің тұрақсыздығын бетке басады.

«Мықтыны құрметтейін десең, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ» деп жақсы ісімен көзге түсіп, ел аузына іліккен, мәрт, ержүрек, батылдығымен танылған адамның жоқ екенін, ал сол кезде жаңадан пайда бола бастаған «шолақ белсенділердің» қаптап өсіп келе жатқандығын аңғартады.

«Есті кісіні тауып құрметтейін десең, әділет, ұят, нысапқа есті кісі елде жоқ. Құлық, сұмдық, арамдық, амалға елдің бәрі де есті» деп қадір тұтатын есті кісінің қалмағанын, құлық, сұмдық, арамдық, амал-айла құған адамның жолы болып, солардың есті кісі саналып бара жатқанын жазады.

«Ғаріп-қасар бишараны құрметтейін десең, жатқан түйеге міне алмаса да, ол момындыққа есеп емес. Егер мінерлік жайы болса, бірдемені ептеп ілерлік те жайы бар» деп олардың жатқан түйеге мінерлік қауқары жоқ екенін, бар болса, бірдеңенді қыстырып, ұрлап кететін жайын айтады.

«Енді қалды қу мен сұм, олар өзі де қуартпай, суалтпай тыныштық көрер емес» деп бұлардың елді де, өзін де құртпай, жүдетпей, қиналтпай тыныштық таппайтынын жазады.

«Жә, кімді сүйдік, кімнің тілеуін тіледік? – деп Абай оқырманға сауал тастайды.

Уақытша тұратын жоғары қызмет пен патшадан алатын шен-шекпенге шашылған «болыс-билер былай тұра тұрсын» деп, «Ырыс баққан дау бақпас» деген мақалға тоқталады. Бұл – жан пендеге зияны жоқ, «момындығынан» дау бақпай, ырыс баққан адам. Сондықтан «бергенімен жаға алмай, жарымын беріп, жарымын тыныштығымен баға алмай, ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момын байларды аямасаң һәм соның тілеуін тілемесең болмайды. Сонан басқаны таба алмадым» деген қорытындыға келеді.

Абай ең әуелі не өз басына, не малына еркі жоқ байлар туралы тегін айтып отырған жоқ. Себебі ел билігі түптеп келгенде басқаның қолында, бұл жерде отаршылдар мүддесі басты орында тұр.

Ежелден бері қазақты асырап келген қазақ байлары қолдағы барынан, ата-бабасынан қалған дәулетінен айырылып қалу қаупі төніп келеді, себебі заңды түрде сақтау құқығы жоқ. Қазақ байының өз малына өзі ие бола алмайтын себебі сол. Сондықтан орыс әкіміне, оның елдегі өкілдері болыс-билерге, арада жүретін қу менен сұмдарға, одан қала берсе, ұры-қарыға жем болып отырған қазақ байларын Абай ежелден ырыс баққан момынға теңеп, жаны ашиды.

Бұл қарасөздің ерекшелігі сонда, Абай мұнда қазақ тұрмысының әлеуметтік орнын анықтап берген. Себебі көшпенділер салты бойынша бай мен мырзаның, би мен

жақсы-жайсаңның, есті мен есердің, ғарып-қасардың, қу мен сұмның әрқайсысының ел ішінде өзіндік орны, белгілі тәртіп-жүйесі болған.

Саяси бас еркінен айрылғаннан кейінгі қоғамдық жүйеде әлеуметтік құрылымның бұзылуына байланысты алдыңғы қатарға шыққан ұры-қары, залым, қулардан дәулетін қорғап қалуға тырысқан байларды жақтауы Абай дүниетанымының кеңдігін аңғартады. Себебі толық отар елге айналғанға дейін қазақ даласындағы мал мен байлықта есеп болмаған.

Біреуінде аз, біреуінде көп әрқайсысының өз алдына мал-мүлкі еншісі болған. 1917 жылы орнаған Кеңес өкіметі қазақтың қалыптасқан әлеуметтік құрылымын бұзып, ел ішіндегі ұры-қары, залым, қуларды пайдаланып, байлардың малын күштеп тартып алды да, өздерін тентіретіп, итжеккенге айдап жіберді. Сондықтан Кеңес өкіметі тұсында түсірілген кейбір кино ленталардағы ашаршылық пен сұрқы кеткен кедей ауылдары осы зұлматтан кейін пайда болды.

Бұл жерде Абай келесі ғасыр зұлматын алдын ала сезінгендіктен, кім болса да, адал еңбекпен күн көрген таза момын адамды жақтап отыр. Абайдың пайымдауынша, ол сол кезеңдегі дағдарысқа түскен байлар еді.

1

Білу

1. «Жиырма екінші қарасөзде» неше кейіпкер бар?
2. Қарасөздің тақырыбы мен идеясы қандай?

2

Түсіну

1. Неліктен Абайды кеңес үкіметі кезінде «байшыл ақын» деп қаралаған?
2. Не себепті автор әлеуметтік жағдайы әртүрлі жанның барлығын да сынайды?
3. «Жаманшылыққа мықты адам, жақсылыққа келгенде мықты емес» дегенді қалай түсінесіңдер?

Қарасөзді кезекпен дауыстап оқып, бір-біріңнің оқылымдарыңа қысқаша сипаттама бере отырып, кестені толтырыңдар.

Талқылаушы	Мәтіннің тақырыбын, идеясын, мағынасын айтады.
Белгілеуші	Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар дайындайды.
Байланыстырушы	Мәтіннің мағынасын өмірмен байланыстырады.
Топ шешені	Мәтіннің мазмұнына сәйкес өз ойын айтады.
Қорытындылаушы	Мәтіннің құндылығын айтып, баға береді

«Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлеймін?» деген Абай сұрағын «Жолаушының қойын дәптері» әдісі бойынша өмір шындығымен байланысты талдап көріңдер.

- 1) Топқа бөліну.
- 2) Қарасөзден сұраққа жауап беретін үзінділерді жазып алу.
- 3) Осы үзінділердің түрлі кәсіпке әсерін топ ішінде талқылау.
- 4) Өз әсерлерін жазу.
- 5) Автор орындығында жазған пікірін оқу.

Қарасөздің идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтап, тақырып бойынша кейіпкерлерді сөйлетіңдер.

Би-болыстар	Қу мен сұмдар	Есті-есерлер	Ғаріп-қасарлар

«Кімді сүйдік, кімнің тілеуін тіледік?» деген ақын сұрағына жауаптарың бар ма?

IV ТАРАУ. АБАЙ – САТИРИК

4.1 «Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың» өлеңдері

Абай талантының ерекше қыры – сатира. М.Әуезовтің пайымдауы бойынша Абай күлкі мен қалжың қылып айтқан өлеңді бала күнінен бастаған. 12 жасында бір жолаушы қатынға айтты деген бір ауыз өлең – бұған дәлел. Сол уақытта-ақ мінегіш, мысқылшыл кішкене Абай болашақ үлкен сатирик Абайды танытқандай. Кейін айтатын сатиралық өлеңнің барлығы да осы бағытпен өседі. Осымен әр жылда, әр жерде, кейде ұзақтау болса, кейде бірер ауыз ғана әр тақырыпты өлеңдер айтып, жазып жүріп, Абай жаңағы ел жуандарын жеңген жылдарға келеді. Бұл уақытта ол есті, бағалы кісі атанып, айтқаны кімге болса да бұлды боларлық дәрежеге жетеді. Болыс болып басқалар жүрсе, Абай елдің ішіндегі әділдікті, тура жолды бағатын кісі болады. Шын ел қамқоры болған адамгершілік, кісілік тұтқасы Абай болады. Қалың елдің момын көпшілігінен шыққан дос атаулы да Абай басына үйіріледі. Ел ортасының дау-шарын сол бұқара көпшіліктің тілегі бойынша кейде өзі атқарып, өзі басқарады. Оның қаламына тән сыншылдық реализм қазақ мінез-бітімін типтік жағдайда көрсетуге және қоғамдық өмірдегі қайшылықтарды сынға алуына себеп болды.

Белгілі ғалым, сатира сыншысы Темірбек Қожекеев «Сатираны күштілер қаруы» деп атап, сатира да, юмор да сын құралы, екеуінің де негізі комизм (күлкі ету) екендігін айта келіп: «Сатира, юмор – фактіні көре алатын, оны жинақтап типтендіре білетін, болмыс-құбылыстардың әлеуметтік мәнін көркем де бейнелі тілмен ашып, суреттеп беретін әдебиет саласы» деген анықтама береді. Екеуінің де негізі бір

болғанымен, юморда жекелеген жағымсыз құбылыстарды қайырымды қуақы әзіл-ажуамен, көңілге қаяу салмас зілсіз күлкімен келемеждеу басым болады. Юмор сындарлы сатираға апаратын жол іспетті. Ал сатира сөз етіп отырған нысанасын түгелдей мансұқ етіп, жоққа шығарады.

Сатираға ашы сын, кекесінге толы улы тіл, кермек күлкі, мазақ ету, келемеждеу тән. Сонымен бірге күрсініс пен үміт, күйзеліс пен үкім қатар жүреді. Сол себепті ғалымдар сатира мен юморды қарама-қайшылықтардың бірлігінен туындатады.

Сатира – қоғамдық дерт пен қасіретті келемеж ете отырып, әшкерелейтін өлең, әңгіме, фельетон, эпиграмма, роман, т.б. түрінде жазылған әдеби жанр. Абай бұл жанрда «Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Бойы бұлғаң», «Менсінбеуші ем на-данды, «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ», «Көзінен басқа ойы жоқ», «Бай сейілді», «Байлар жүр жиған малын қорғалатып», т.б. сықақ өлеңдер жазған. Біреуді қалжың қылған, мысқыл, мазақ, күлкі аралас «Күлембайға», «Көкбайға», «Қара қатынға», «Ғабидоллаға», «Рахымшалға», «Күйісбайға», «Дүйсенқұлға», «Разаққа», «Масақбайға» сияқты эпиграммалары да бар. Біреуге арнайы қаратыла айтылған бұл әзіл өлеңдерінің көпшілігі оның жастық кезін танытады. Сондай-ақ И.А.Крыловтан аударған мысал өлеңдері де – сатира жанрына қосылған қомақты үлес. Бұл туралы еске түсіру үшін 9-сыныпқа арналған «Абайтану» оқулығындағы «Абайдың аудармадағы шеберлігі және ондағы биік мұрат пен адамгершілік идея» деген тараушаны қайталап оқып шығу қажет.

«Көзінен басқа ойы жоқ, адамның надан әуресі» деген сипаттау – ақын шығармашылығына тән құбылыс. Сатира жоғары деңгейдегі сөз тапқырлығын қажет етеді. Өйткені таласа отырып, тұқырту, күнәсі мен мінін бетіне баса отырып, мойындату, жөнге жығу оңай шаруа емес. Дәуір үнін, заман лебін ой таразысынан өткізе білген Абай келеңсіз құбылыстарды өлеңдерінде ғана емес, қарасөздерінде де зілді тілмен сөгіп,

сықақтап, әшкерелей білді. Бұған төменде сөз болатын – «Он бірінші», «Қырық бірінші қарасөздері» айқын мысал.

Осы арқылы Абай қазақ әдебиетінде сыншылдық реализмді берік орнықтырып, өзінен кейін ХХ ғасырдың бас кезінде осы тәсілді дамытқан А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы сияқты әдеби мектеп қалыптастырды. Бірақ Абай мен Алаш алыптарының рухани үндестігі Кеңес өкіметінің саясатына қайшы келгендіктен, жетпіс жылдан астам уақыт бұл мәселе жабулы жатты. Сондықтан Абай сатирасы туралы сөз болғанда билікке таласқан пенденің әлеуметтік-психологиялық бейнесін ашып, би, болыстарды сынайтын «*Болыс болдым, мінеки*», «*Мәз болады болысың*» деген өлеңдері негізге алынып, сыншыл реализм тұрғысынан емес, социалистік реализм тұрғысынан талданып келді. Сондықтан да, «Болыс болдым, мінеки» өлеңіндегі бар малын шығындап, болыс болған адам «күштілері, яғни орыстың ұлық, ояздары сөз айтса, шыбындап бас изейтін отаршылдық дәуірдің болысы емес, үстем таптың болысы ретінде сипатталды. «Сияз бар десе жүрегім, Орнықпайды суылдап. Сыртқыларға сыр бермей, Құр күлемін жымындап» дейтін болыстың аяр, екіжүзділігін «Оңашада оязға, Мақтамаймын елімді, Өз еліме айтамын «Бергем жоқ» – деп, – белімді» деген жолдармен әшкерледі. Өлең бастан-аяқ бірінші жақтан баяндалып, монолог тәсілімен берілген. Бұл өлең «Болыстың монологі» деген атпен қандай да бір көркемдік тәсілге мысал ретінде келтіруге сұранып тұр.

Өлең 1883 жылы бұрынғы Семей губерниясының Ақшатау деген жерінде өткен болыс сайлауына байланысты туғандығын, жалғыз Күлембай болысқа ғана қатысты деген пікірдің қате екендігін М.Әуезов жазған (1957). Бұл – билік десе, ішкен асын жерге қоятын, жеке басынан басқа өзге нәрсені күйттемейтін мансапқор адамның типтік образы.

Мұнда болыстың мансапқа құмарлығы сонша, екі өкпесін қолына алып, күн батқанша далақтап шабудан шаршамайды. Оның бүкіл іс-әрекеті, екіжүзді мінез-құлқы ащы сарказм, улы мысқылмен шебер беріледі. Орыс патшасынан шен таққан болыстардың дүниеқоңыз, мансапқұмар мінезі

«Мәз болады болысың» өлеңінде де шебер әшкереленеді. Екі өлеңнің де өзара үндестігі ел үстінен күн көріп, ар-ұятын сатқан арамза, залым болыстардың жағымсыз іс-әрекеті арқылы ашылады. Түбінде «Көп асқанға бір тосқан» болатындығын ақын білгірлікпен болжап, оны билікке, мансапқа, атаққа таласқан болыстардың әлеуметтік-психологиялық бейнесі арқылы ашып көрсетеді.

XX ғасырдың бас кезінде «Алғаш ұлт әдебиетіне өрнек берген, әлеумет тұрмысын толық тексерген, идеалға сілтеген Абай болды» деп әділ баға берген Қошқе Кемеңгерұлы «Қазақ тарихынан» (1924) атты зерттеу еңбегі мен «Еңбекші қазақ» (1.12.1926) газетіне жарияланған «Көркем әдебиет туралы» мақаласында Абай сатирасы («Мәз болады болысың», т.б.) туралы да арнайы талдау жасады.

Төменде берілген Абайдың сатиралық өлеңдерінің барлығы да 1909 жылдан бері Абай өлеңдерінің жинағында жарияланып келеді. «Болыс болдым, мінеки», «Қайғы шығар ілімнен», «Бойы бұлғаң», «Мәз болады болысың» 1889 жылы жазылған.

Болыс болдым, мінеки

Болыс болдым, мінеки,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал,
Қалмады елге тығындап.
Сүйтсе-дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.
Сияз бар десе жүрегім,
Орнықпайды суылдап.
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымыңдап.

Жай жүргенде бір күні
Атшабар келді лепілдеп:
«Ояз шықты, сияз бар»,
«Ылау» деп, «үй» деп дікілдеп.
Сасып қалдым, күн тығыз,
Жүрек кетті лүпілдеп.
Тың тұяқ күнім сүйтсе де,
Қарбаңдадым өкімдеп.
Старшын, биді жиғыздым:
«Береке қыл» деп, «бекін» деп,
«Ат жарамды, үй жақсы
Болсын, бәрің күтін» деп.
Қайраттанып халқыма
Сөз айтып жүрмін күпілдеп:
«Құдай қосса, жұртымның
Ақтармын осы жол сүтін» деп,
Қайраттысып, қамқорсып,
Сайманымды бүтіндеп.
Оңашада оязға
Мақтамаймын елімді,
Өз еліме айтамын:
«Бергем жоқ» – деп, – белімді».
Мақтанамын кісімсіп,
Оязға сөзім сенімді.
«Көрсеттім» деймін, ымдаймын
Кәдік қылар жерімді.
Сөз көбейді, ұлғайды,
Мақтанның к... көрінді.

Қазақты жеген қайратты «ер»
Ұрынды да берінді.
Әрлі-берлі тартысып,
Ісі арамы жеңілді.
Алқыны күшті асаулар
Ноқтаға басы кірілді.

Үлкен-кіші ақының
Бәрі сөз боп терілді.
Қайрауы жеткен қатты би
Қайрылып нетсін көңілді.
Өз малым деп қойған мал
Иесіне берілді.

Ақылды жандар қамалап,
Кептірді сонда ерінді.
Арызшылар көбейді,
Болыстың к ... шөмейді,
Қайтсін байғұс демейді,
Бір кептірмей терімді.
Күн батқанша шабамын
Әрлі-берлі далпылдап.
Етек кеткен жайылып
Ат к ... жалпылдап.
Оязға жетсін деген боп,
Боқтап жүрмін барқылдап.
Кейбіреуге таяғым
Тиіп те кетті бартылдап.
Пысықтың көбі бұғып жүр,
Беттесе алмай шаңқылдап.
Ашылып омырау, күн ыстық,
Қойын кетті алқылдап.
Елі жөнді болыстар
Мақтанып жүр тарқылдап.
Күлкісі бөлек қарқылдап,
Үні бөлек сартылдап.
Сөйлесе кетсе бір жерде,
Ағыны қатты аңқылдап.
Оязға кірсе, өзгеден
Мерейі үстем жарқылдап.
Елің бұзық болған соң,
Ояз жатыр шартылдап.

Табаныңнан тозасың,
Құр жүгіріп тарпылдап.
Антұрғанмын өзім де,
Бір мінезбен өтпеймін.
Момындық күшті екенін
Көрсем дағы, күтпеймін.
Сияздан соң елімді
Қысып алып кетпеймін.
Әуелде к ... бос кәпір,
Мықтыға не қып беттеймін.
Жуанды қойып, жуасты
Біраз ғана шеттеймін.
Ояз бардағы қылықты
Ояз жоқта етпеймін.
Кәкір-шүкір, көр-жерді
Пайда көріп етпеймін.
Мынау арам, тентек деп,
Еш кісіні теппеймін.
Өзімдік бол деп ел жиып,
Құрастырып, септеймін.
Бұзақының бүлігін
«Жақсы ақыл» деп, «құп» деймін.

Сүйегім жасық, буын бос,
Біраз ғана айлам бар.
Айлам құрсын, білемін –
Болыстықтың жолы тар.
Қайтіп көмек болады,
Антұрған өңкей ұры-қар?
Көргенім әлгі, ойлашы,
Ұят, намыс, қалды ма ар?
Ендігі сайлау болғанда,
Түсе ме деп тағы шар,
Бұл күніме бір күні
Боламын ғой деймін зар,
Ақыл айтар туғандар,

Бұл сөзімді ойлаңдар.
Кәтелешке көбейді,
Сөгіс естіп тозды ажар.
Мынау елді ұстарлық
Кісі емеспін, кел құтқар!
Қолдан келмес қорлыққа
Неге болдым мұнша іңкәр?
Ел жайылды, жетпей ме
Оязға да бір хабар?
Тағы бүйтіп кеттің деп
Қозғау салар, қолға алар.
Қатты қысым қылған соң,
Басым сотқа айналар.
Кірлі болып түскен соң,
Көрген күнім не болар?
Өзіне мәлім, тентектер
Өз бетімен не табар?
Қағаз берер, қарманар,
Аяғында сандалар.

Бұрынғыдай дәурен жоқ,
Ұлық жолы тарайды.
Өтірік берген қағаздың
Алды-артына қарайды.
Өз қағазы өз көзін
Жоғалтуға жарайды.
Тауып алып жалғанын,
Қылмысыңды санайды.
Өзі залым зақұншік
Танып алды талайды,
Көрмей тұрып *құсамын*
Темір көзді сарайды.

Сөздік:

Құсамын – *қапамын, қайғыланамын деген мағынада.*

1

Білу

1. Абай заманындағы болыстың қызметі қандай болған?
2. Ақын болыстарға арнап қандай өлеңдер жазды?
3. Абай өзі болыс болған ба?
4. Ақын сатирасы қай кезде социалистік реализм тұрғысынан талданды?

2

Түсіну

1. Абай неліктен болыстар туралы көп жазды?
2. Не себепті сатираға жоғары деңгейдегі сөз тапқырлығы керек?
3. Қай кезде және неге ақын сатирасы сыншыл реализм тұрғысынан талданбады?

3

Қолдану

Тақырып бойынша кесте толтырыңдар.

Абай – сатирик	Абайдың шебер сатирик екеніне 3 дәлел келтір	3 дәлелге 3 дерек келтір
	1. 2. 3.	1. 2. 3.

4

Талдау

1. Екі өлеңді «Сатылай кешенді талдау технологиясы» бойынша талдап, салыстырыңдар.
 - 1) Авторы.
 - 2) Тақырыбы.
 - 3) Жанр түрі.
 - 4) Идеясы.
 - 5) Шұмақ.
 - 6) Тармақ.
 - 7) Бунақ.
 - 8) Буын.
 - 9) Теңеу.

10) Эпитет.

11) Метафора.

2. Екі өлеңдегі жағымпаз болыстың портретін, оқиға желісін, болыстың өз атынан баяндау тәсілін талдаңдар.

5

Жинақтау

1. «Ашық микрофон» әдісі бойынша билікке таласқан пенденің әлеуметтік-психологиялық бейнесін беру тәсілі және болыстар мінезін суреттеудегі шеберлігі туралы ойларыңды ашық айтыңдар. «Қазақ әдебиеті» пәнімен байланыс жасап, «Абай жолы» эпопеясынан болыстар қылықтарына мысалдар келтіріңдер.
2. Автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындап, түйіндеңдер.

6

Бағалау

1. Екі өлеңді салыстырыңдар, бір-бірінің жалғасы деуге бола ма?
2. Қазіргі заманда мұндай мәселе қалай шешіледі? Жемқорлыққа қарсы қандай шаралар қолданылады?

Мәз болады болысың

Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға,
Шелтірейтіп орысың,
Шенді шекпен жапқанға.

Күнде жақсы бола ма,
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға?!

Күлмең қағып қасқайып,
Салынып ап мақтанға,

Таңғаламын, қампайып
Жоқты-барды шатқанға.
Үйі мәз боп, қой сойды
Сүйіншіге шапқанға.
Өуре қылды, салды ойды
Үйдегі тыныш жатқанға.

Еш нәрсе емес жұбанар,
Ақыл көзбен баққанға.
Жас баладай қуанар
Бір дәмдіні татқанға.

Көзі барлар ойының,
Күлер к... ашқанға.
Қасиетін бойының,
Бекер төгіп шашқанға.

Қуанарлық қыз емес,
Жылтырауық таққанға.
Өзгелерді, біз емес,
Түсірмекші қақпанға.

Осы да есеп бола ма,
Ар, абұйыр тапқанға?
Миың болса жолама,
Бос желігіп шапқанға.

Бір бес надан, оңбассың,
Нансаң, оның қосқанға.
Жасық, жаман болмассың,
Жамандықтан қашқанға.

Ол «болдым-ақ» дей берер,
Бұлғақ қағып басқанға.
Елең қағып елбірер,
Елертіп көзді аспанға.

Жайы мәлім шошқаның,
Түрткенінен жасқанба.
Бір ғылымнан басқаның,
Кеселі көп асқанға.

Одан үміт кім қылар,
Жол табар деп сасқанда?
Үйтіп асқан жолыңар,
Кешікпей-ақ тосқанға.

4.2 Көзінен басқа ойы жоқ

Көзінен басқа ойы жоқ,
Адамның надан әуресі.
Сонда да көңілі тым-ақ тоқ,
Жайқаң-қайқаң әр несі.

Наданның көңілін басып тұр
Қараңғылық пердесі.
Ақылдан бойы қашық тұр,
Ойында бір-ақ шаруасы.

Білмейсің десе, желөкпе,
Дейді дағы – тәңірі ісі.
Бірінен-бірі бөлек пе,
Иемнің әділ пендесі?

Кітапты молда теріс оқыр,
Дағарадай боп сәлдесі.
Малқұмар көңілі – бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі?

Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі.
Іштегі кірді қашырса
Адамның хикмет кеудесі.

Жүректе айна жоқ болса,
Сөз болмайды өңгесі.
Тыңдағыш қанша көп болса,
Сөз ұғарлық кем кісі.

«Көзінен басқа ойы жоқ, Адамның надан әуресі» деп басталатын сатиралық өлеңінде де ой көзі, жүрек көзі, көңіл көзі, ақыл көзі жоқ адамды сынға алады. Әсіресе «сәлдесі дағарадай» болып алып, құранды дұрыс түсінбей, теріс-қағыс оқитын дүмше молдаларды сынап-мінейді. Өйткені Абайдың шарифатты өте жетік білетіндігі оның құранды талдаған қарасөздерінен де, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» сияқты өлеңдерінен айқын аңғарылады. Сондықтан да Абай құран сүрелерін қате оқыған молдаларды аямай сынап, кемшілігін

бетіне басып отырған. «Жүректе айна болмаса, Сөз болмайды өңгесі» деген өлең жолдарынан ақынның өнерге, оқуға үндеген ағартушылық бағыттағы ойлары көрініс береді.

4.3 Бойы бұлғаң

Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң,
 Кімді көрсем, мен сонан
Бетті бастым,
Қатты састым,
 Тұра қаштым жалма-жан.

Өз ойында,
Тұл бойында
 Бір міні жоқ пендесіп,
Түзде мырзаң,
Үйде сырдаң,
 Сөзі қылжаң еркесіп.
Бас құрасып,
Мал сұрасып,
 Бермегенмен кетісер.
Адам аулап,
Сыпыра саулап,
 Байды жаулап жетісер.

Сөз қыдыртқан,
Жұрт құтыртқан,
 Антын, арын саудалап,
Бұтты-шатты,
Үй санатты,
 Байдан атты алмалап.
Кедейі – ер,
Кеселі зор,
 Малды байдан сорлы жоқ.

Аш көмектің,
Жемдемектің,
 Босқа әлектің орны жоқ.
Ел қағынды,
Мал сабылды,
 Ұрлық, өтірік гу де-гу.
Байы – баспақ,
Биі саспақ,
 Әулекі аспақ сыпыра қу.
Ақы берген,
Айтса көнген.
 Тыныштық іздер елде жоқ.
Аққа тартқан,
Жөнге қайтқан,
 Ақыл айтқан пенде жоқ.

Әз тұтуға,
Сыйласуға,
 Қалмады жан бір татыр.
Сыпыра батыр,
Пәле шақыр.
 Болдың ақыр тап-тақыр.

Су жұғар ма,
Сөз ұғар ма,
 Сыпыра жылмаң желбуаз?
Айтты – көндім,
Алды – бердім,
 Енді өкіндім – өзіме аз.

Ал 1893 жылы жазған «Бойы бұлғаң» атты әрқайсысы 6 тармақты 8 шумақтан тұратын 54 жол сатиралық өлеңінде «бойы бұлғаң, сөзі қылжаң, сыпыра жылмаң желбуаздардан» Абайдың шаршағаны сондай «Бетті бастым, Қатты састым, Тұра қаштым жалма-жан», – дейді. Бұл – бүкіл сатиралық шығармаларының түйіні іспетті өлең. «Бойы бұлғаң» сатирасында тұрмыстағы зиянды дерттерді өткір тілмен

сынай отырып, ел ішін дендеп кеткен өсек, өтірік, ұрлық, пәлеқор-жалақорларды «улы сия, ащы тілмен» шенейді.

1

Білу

1. «Көзінен басқа ойы жоқ» өлеңінің негізгі идеясы қандай?
2. Интернеттен «Бойы бұлғаң» романсын тыңдаңдар.
3. Ақын қандай жанды надан дейді?
4. Дүмше молданың зияны неде?

2

Түсіну

1. Не себепті «Бойы бұлғаң» өлеңіне композитор ән-романс жазған?
2. Абай не себепті
Жүректе айна жоқ болса,
Сөз болмайды өңгесі, – деген?
3. Ақын неге дүмше молдаларды сынап-мінеген?

3

Қолдану

Екі өлеңдегі ақынның өнерге, оқуға үндеген ағартушылық бағыттағы ойларын «Креативті жазу» әдісімен талқытырыңдар.

4

Талдау

1. Герольд Бельгердің: «Абай сөзінің шымырлығы, қуаттылығы, бейнелілігі, көпмағыналылығы, шынында да, таңқаларлық. Абай өлеңдерінің орысшаға аударылғанда өзінің көркемдік деңгейінде шықпай жатуының бір себебі де осы қасиеті болса керек. Абайдың кез келген бір жолын орысшаға аударып көріңізші. Аудара алмайсыз! Әлденеше вариант жасап, түсініктеме, сілтеменің көмегімен мән-мағынасын өзгертіңіз. Екі ғана сөз – «бойы бұлғаң» дегенді орысша қайтып бересіз? Бір академик «хвастун» депті. Ал, шынында, бір «бойы бұлғаңды» орыс тіліндегі «гуляка», «праздно шатающий»

ся», «воображуля», «нарядно одетый», «выхваляющийся», «бездельник», «спесивый», «пустопляс» сықылды сөздердің бәрі қосылып, мағынасын бере алмайды. Абай сөзінің салмағы дегенде мен оның осы қасиетін айтамын», – деген пікірін оқып, талқылаңдар.

2. Екі өлеңдегі көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтаңдар.

5

Жинақтау

1. «Борт журналы» әдісімен кестені толтырыңдар.

Берілген өлеңдер бойынша маған не белгілі?	Ақын туралы тағы қандай жаңалық білдім?

2. Абай айтқан «ой көзі», «көңіл көзі», «парасат көзі» туралы ой қорытыңдар. Тағы қандай «көз» болуы мүмкін?

6

Бағалау

Ақынның қараңғылыққа қарсылық білдірген жан айқайына қандай үн қосасыңдар?

4.4 Менсінбеуші ем наданды

Менсінбеуші ем наданды,
Ақылсыз деп қор тұтып,
Түзетпек едім заманды,
Өзімді тым-ақ зор тұтып.

Таппадым көмек өзіме,
Көп наданмен алысып.
Көнбеді ешкім сөзіме,
Әдетіне қарысып.
Жан шошырлық түріне

Бәрі бірдей еліріп.
Ұстай алмадым бірін де,
Кекиді кейін шегініп.

Әринемен ел кетті,
Қоқиланды, мақтанды.
Қуат бітті, күн өтті,
Жарылқа, құдай, жатқанды.

Мен – қажыған арықпын.
Қатын, бала қонағы.
Сендерге де қанықпын,
Жұртың анау баяғы.

Жарлы емеспін, зарлымын,
Оны да ойла толғанып.
Жұртым деуге арлымын,
Өзге жұрттан ұялып.

Барымта мен партия —
Бәрі мастық, жұрт құмар.
Сыпыра елірме, сұрқия,
Көп *пияншік* нені ұғар?
Татулықты, тыныштықты,
Қоңыр көрер, кем көрер.
Ұрлық пенен қулықты
Қызық көрер, өңі енер.

Мұндай елден бойың тарт,
Мен қажыдым, сен қажы!
Айтып-айтпай өтті қарт,
Көнбеді жұрт, не ылажы?

«Менсінбеуші ем наданды» өлеңі психологиялық көңіл күй лирикасына жатады. Мұнда ақын көңілі шартарапты шолады. Өз заманынан озып туған Абайдың оқыған-тоқығаны, көрген-білгені өте мол болғандықтан, «Менсінбеуші ем

наданды, Ақылсыз деп қор тұтып» деген. Өйткені ақын өмір сүрген дәуірмен салыстырғанда, қай жағынан алса да, Абай, расында да, басқадан артық, «зор». Ол қазақ фольклоры мен жыраулар поэзиясын, шығыс және орыс әдебиетінің классикалық шығармаларын ғана меңгеріп қойған жоқ, әлемдік философияға ден қойып, оны зерделей білді. Әрі билігі мен байлығын, ақылы мен шешендігін, әділеті мен азаматтығын тең ұстаған аса зор ықпалды адам болды. «Түзетпек едім заманды, Өзімді тым-ақ зор тұтып» дейтін себебі сол.

Абайдан кейінгі толқын Мағжан Жұмабаев «Шіркін-ай, кер заманды күл қылар ем, Бата алсам, Бағаналы Қойлыбайдан» деген сөзді неге айтқан?

Мағжанның да Абай сияқты бұратана елге айналған кер заманды түзетуге шамасы келмейді. Сол себепті ол бәйгеге қобызын қосып, дүниенің астан-кестенін шығаратын, «бағындырған 300 жыны бар» деп аңызға айналған Қойлыбай бақсының күшін тілейді. Мұндағы мақсат – тәуелсіздікке қол жеткізіп, отарлықтан құтылып, басқа дамыған мемлекеттермен тең дәрежеде өмір сүру.

Ал қазақ ортасына дендеп кіріп, өз дегенін толық жүзеге асыра бастаған жаңа заманның жымысқы саясатын Абай айналасына түсіндіргісі келсе де, «әдетіне қарысып» «қоқиланып, мақтанғаннан» басқа, ақыл қосар бірде-біреуі жоқ. Тіпті тілін біліп, өнерін үйренбек түгілі, тым болмаса, бір ауыз қарсы сөзді жүйелеп айта алмайды. Сөйте тұра, «біз кереметпіз» дегенде алдына жан салмайды. Қуаты таусылып, күні босқа өткен Абайдың: «Жарылқа, құдай, жатқанды», – деп, бір Аллаға ғана сиынудан басқа, амалы жоқ.

Жарлы емеспін, зарлымын,

Оны да ойла, толғанып.

Жұртым деуге арлымын,

Өзге жұрттан ұялып, –

деп ашынған Абайдың: «Мен қажыдым, сен қажы!» деген сөзінде терең философиялық астар бар. Келесі оқыған ұрпақ ендігі кезек сенікі, ал мен «көп наданмен», яғни «мыңмен жалғыз алысып», көмек таппай, қолдау көрмей, шаршаған,

қажыған адаммын, сондықтан халықтың жарқын болашағы үшін «сен де күрес, елің үшін сен де мен сияқты қалжырап қажы, шалдығып шарша» деген идеяны беріп отыр. Абайдан кейін осы идеяны ұстанған Мағжан ғана емес, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы бастаған Алаш арыстары тегіс Абай жағында болғандығы тарихтан белгілі.

1891 жылы жазылған бұл өлең 4 тармақты 9 шумақтан тұрады. Құрылысы бастан-аяқ шалыс ұйқас түріне жатады. Формуласы – АБАБ. 1909 жылғы Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағынан бастап, үзбей жарияланып келеді.

1

Білу

1. Абайдың надандық туралы жазған қандай өлеңдерін білесіңдер?
2. «Менсінбеуші ем наданды» өлеңінің идеясы қандай?

2

Түсіну

1. Абай неге наданды менсінбейді?
2. Лирикалық кейіпкер не себепті өзін «қажыған арықпын дейді? «Қажыған» деген сөзді бұрын қай өлеңінде кездестірдіңдер? Осы өлеңді сол өлеңнің жалғасы деуге бола ма?

3

Қолдану

«Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы топпен өлеңнен дәлелді үзінді келтіре отырып, сөйлемдерді жалғастырып, тұжырымды ойларыңды айтыңдар.

4

Талдау

1. Ақын:

Таппадым көмек өзіме,
Көп наданмен алысып.
Көнбеді ешкім сөзіме,
Әдетіне қарысып, –

дегенді неге айтқан?

2. «Графикалық орғанайзер» әдісін пайдаланып, өлеңнің негізгі идеясын талдап жазыңдар.
- өлеңге пікір білдіріңдер;
 - пікірлеріңе дәлел келтіріңдер;
 - пікірлеріңе мысал келтіріңдер;
 - пікірлеріңді қайта ұсыныңдар.

5

Жинақтау

1. Ақынның қоғамдағы қайшылықтарға сыни көзқарасы туралы әдеби эссе жазуды жоспарлау үшін «БКТЗО» кестесін толтырыңдар.

Б	Ақын өмір сүрген қоғам туралы не білемін?	
К	Нені білгім келеді?	
Т	Көбірек ақпаратты қайдан табамын?	
З	Нені зерделеуім керек?	
О	Одан әрі не істеуім керек?	

2. Кестені толтырғаннан кейін, «Түзетпек едім заманды...» деген тақырыпта әдеби эссе жазыңдар.

6

Бағалау

Өлеңдегі заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырыңдар, айырмашылық бар ма?

4.5 Қырық бірінші қарасөзі

Абай «*Қырық бірінші қарасөзінде*» де (1897) ақыл, өсиет, ұстаздыққа көнбеген надан тобырды астарлы ащы мысқылмен ашық сынайды. «Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі нәрсе керек» оның бірі – билік, бірі – байлық» деген сөзді Абай ызалы жүректен шыққан астарлы кекесінмен айтып отыр. Құлақ түрейік: «Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі нәрсе керек. Әуелі – бек зор өкімет, жарлық қолында бар кісі керек.

Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарынан алып, медреселерге беріп, бірін ол жол, бірін бұл жолға салу керек, дүниеде көп есепсіз ғылымның жолдары бар, әрбір жолда үйретушілерге беріп, сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жіберсе, хәтта қыздарды да ең болмаса, мұсылман ғылымына жіберсе, жақсы дін танырлық қылып үйретсе, сонда сол жастар жетіп, бұл аталары қартайып сөзден қалғанда түзелсе болар еді. Екінші, ол адам есепсіз бай боларға керек. Аталарын паралап, балаларын алып, бастапқы айтқандай жолға салып, тағлым берсе, сонда түзелер еді.

Енді мұндай халықты еріксіз қорқытып көндірерлік күш-қуат ешкімге бітпейді. Ол баланы қазақтың бәрін паралап көндірерлік дәулет бір кісіге бітуге мүмкін де емес.

Қазақты я қорқытпай, я параламай, ақылменен не жырлап, не сырлап айтқанменен ешнәрсеге көндіру мүмкін де емес. Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтіменен біткен надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген. Өздерінің ырбаңы бар ма, пыш-пышы бар ма, гуілдегі бар ма, дүрілдегі бар ма – сонысынан дүниеде ешбір қызықты нәрсе бар деп ойламайды, ойласа да бұрыла алмайды, егер сөз айтсаң, түгел тыңдап тұра алмайды, не көңілі, не көзі алаңдап отырады. Енді не қылдық, не болдық!».

Себебі отаршылдық бұғауындағы қалың елдің көптен бері өз тізгіні өз қолына тимейтін болғандықтан, билік пен байлықтың ұлттық мүддеге қызмет етуі мүмкін емес. Сондықтан да Абай: «Енді мұндай халықты еріксіз қорқытып көндірерлік күш-қуат ешкімге бітпейді. Ол баланы қазақтың бәрін паралап көндірерлік дәулет бір кісіге бітуге мүмкін де емес» дейді. Ата-бабадан келе жатқан байлық пен бір ауыз сөзге тоқтайтын жақсы қасиеттерден жұрдай болып, адамшылықтан әлдеқашан кетіп, ниеті бұзылған қазақты ендігі жерде не қорқыту керек, не болмаса паралау керек, сосын тағылым үйретсе, мүмкін «түзелер ме екен» деген мысқылды сауал тастайды. Әйтпесе пыш-пышы бар, гуілдегі бар, дүрілдегі бар қазақты түзеу мүмкін еместігін айтып, басқаға көнбейтіндігін мұқата сынайды.

Сөздік:

Ирония (грек) – мазақ, кекесін, келемеж түрінде астарлап айту.

Сарказм (грек) – иронияның жоғарғы сатысы, зілді де ащы кекесін, аямай ашық шенеу, әшкерелеу.

1

Білу

1. «Қырық бірінші қарасөзде» не туралы айтылады? Мұндағы айтылған ойлардың барлығымен келісесіңдер ме?
2. Бұл қарасөзде кейіпкер бар ма?

2

Түсіну

1. Абай не себепті «Қазаққа ақыл берем деген кісіге билік пен байлық керек» дейді?
2. Неліктен осы қарасөз сарказммен жазылған?

3

Қолдану

Қарасөзді мұқият оқып шығып, «Сканерлеп оқу» әдісі бойынша жинақы мәтін жазыңдар.

4

Талдау

Қарасөздегі авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын талдаңдар. «Соңғы сөзді мен айтайын» әдісімен қарасөзден «Мәңгілік Ел» идеясы және өлемдегі адами құндылықтарды байланыстырып көрсетіңдер.

5

Жинақтау

«Топпен жазу» әдісі бойынша «Атымды адам қойған соң» тақырыбында эссе жазыңдар. 3 топқа бөлінгеннен кейін, 1-бала мәтін идеясы бойынша тақырыптық сөйлем жазады, 2-бала не талқылайтынын жазады, 3-бала дәлел келтіреді, 4-бала қорытып, барлығын байланыстырады. Соңынан топтар өз эсселерімен бөлісіп, дауыстап оқып шығады.

6

Бағалау

XXI ғасырдың ұрпағы ретінде қоғамдағы жағдайға баға беріп, ақынға хат жазыңдар.

V ТАРАУ. МАХАББАТСЫЗ ДҮНИЕ БОС

5.1 «Қор болды жаным», «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» өлеңдері

Ең алдымен тарауға ат беріп тұрған «Махаббатсыз дүние бос» деген сөзінің текстологиясы туралы білу керек. Бұл – «Кейде есер көңіл құрғырың» деп аталатын төрт шумақтан тұратын өлеңнің үшінші шумағының бірінші жолы. 1909 жылғы Абай өлеңдерінің тұңғыш жинағынан бастап, 1957 жылғы М.Әуезовтің соңғы сүзгісінен өткен академиялық жинақта бұл өлең жолы «Махаббатсыз дүние дос» деп басылған.

1961 жылдан бастап, абайтанушы Ә.Жиреншин құрастырған жинақта «Махаббатсыз дүние бос» деп қате кеткен. Қазіргі уақыттағы Абай жинақтарында біресе «Махаббатсыз дүние бос», біресе «Махаббатсыз дүние дос» деп басылып келеді. Абай бұл өлеңінде дүниені ғана қуып, дүниемен ғана дос болуды мансұқ еткен адамды хайуанға қосып, махаббат пен сүйіспеншіліктің нағыз өмір көркі екенін айтқан. Десе де, осы өлең жолының халықтық нұсқасын ескеріп, тараудың аты бағдарламаға сай аталды.

«Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, Көзбен көр де, ішпен біл» деп үлкен мағына берген Абайдың сүйіспеншілік, ғашықтық тақырыбына арналған өлеңдері – махаббат лирикасына қосылған үлкен қазына. Ол адам баласының бойындағы ғашықтық сезімге, асыл дос пен айнымас жарға үлкен құрметпен, айрықша ыстық ықыласпен қарады. Ақын «Махаббат, қызық кім көрер, Оның да дәмін татпаса. Біржола басты кім берер, Жанына қайғы батпаса» деп жанын аямай, жолдастықты ақтайтын адамды шын қадірледі, «жүрегі жұмсақ» аяулы достықты «пайда, мақтан» сияқты барлық нәрселерден жоғары қойды. Тіпті ғашықтық

пен құмарлықтың ара-жігін ажыратып, «Махаббат, достық қылуға... Қазір дайын тұруға, Бес күндік ғашық жөн емес» деп тек нәпсі үшін ғана болатын құмарлықтан безіндіреді. «Серт бұзғанның – орны шоқ» деп, шынайы махаббатты қадірлеп, адалдыққа үндеді.

Ол «Кейде есер көңіл құрғырың», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Қор болды жаным», «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол», «Сен мені не етесің», «Білектей арқасында өрген бұрым», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Қызарып, сұрланып», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Махаббат, достық қылуға», «Көзімнің қарасы», «Жігіт сөзі», т.б. махаббат тақырыбына жататын өлеңдер жазды.

«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» (1884) мен «Қызарып, сұрланып» (1891), «Көзімнің қарасы» (1891) өлеңдерінен басқа махаббат лирикасына арналған өлеңдерінің барлығы М.Әуезовтің сараптауы бойынша 1889 жылы жазылған. Бұлардың композициялық құрылымында да Абайдың өлең құрылысына енгізген жаңалықтары көрінеді. Мәселен, «Қор болды жаным» өлеңі әрқайсысы 6 тармақты 4 шумақтан тұрса, «Сен мені не етесің» өлеңі 7 жолдан соң, бір қайырылып отыратын 14 тармақты 6 шумақтан тұрады. Бұл – Абайға дейінгі қазақ поэзиясында ұшыраспаған үлгі.

Махаббат лирикасына арналған аталмыш өлеңдердің барлығы да 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақтан бері қарай Абайдың екі томдық толық жинағында үзбей жарияланып келеді.

Абай осы лирикалық өлеңдерінде (1889) құмарлық сезімі, тұрақтылық, сүйіспеншілік туралы ой-топшылаулары үндестікпен сөз болады. «Қор болды жаным» өлеңіндегі «жар тайған соң әр серттен» араларына сызат түсіп, көп уақыт хабарласпай қалған сүйген жарын ақын ғашықтық, құмарлық сезіммен сағына, сарғая іздейді. Қамыққан көңілін тек қана сүйген жары жұбата алатындығын, «жүрек жай таппағаннан кейін сүйегі жасып, белі бүгілген» адамға тек сүйген жары ғана демеу, «дәрі» болатындығын ақын толғана отырып, жеткізеді.

Ал «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» өлеңінде Абай «Қор болды жанымдағы» ой-толғаныстарын одан әрі жалғастырып:

Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол,

Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.

Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,

Мен не болсам болайын, сен аман бол, – деген сөзді ғашығына кесіп айтады. Бұл – ынталы жүрек, шын пейілден туған сөз. Сүйген адамы үшін қандай қиындыққа болсын шыдап, тіпті қосылмай кетсе де, оған жақсылық тілеп, азаматтық биік ұстанымын анық аңғартып тұр. Мұнда философиялық тұжырымдау басым. Ол ақынның ғашықтық пен құмарлықтың ара-жігін ажыратып беруінен де, ғашықтық туралы ойларынан да көрінеді. Адам баласында ғана болатын махаббатты, сүйіспеншілікті, нәзік сезімді құрметтеу екі өлеңге де тән сипат.

Қор болды жаным

Қор болды жаным,

Сенсізде менің күнім,

Бек бітті халім,

Тағдырдан келген зұлым.

Тағдыр етсе Алла,

Не көрмейді пәндө?

Сайрай бер, тілім,

Сарғайған соң бұл дерттен.

Бүгілді белім,

Жар тайған соң әр серттен.

Қамырықты көңіл,

Қайтсе болар жеңіл?

Сағындым сені,

Көрмедім деп көп заман.

Адам деп мені,
Салмадың сен хат маған.
Жай таба алмай жүрек,
Жасыған соң сүйек.

Бұл қылған зарым
Барса жардың маңына,
Ол – қылған дәрім
Ғашығымның жанына.
Оңалдырып ойды,
Түзетпей ме бойды?

Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол

Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол,
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.
Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,
Мен не болсам болайын, сен аман бол.

Көңілімнің рақаты сен болған соң,
Жасырынба, нұрыңа жан қуансын.
Бірге жаққан біреуге жақпаушы еді,
Сүйкімді тірі жанға неткен жансың?!

Ғашықтық келсе, жеңер бойыңды алып,
Жүдетер безгек ауру сықылданып.
Тұла бой тоңар, суыр, үміт үзсе,
Дәмеленсе, өртенер, күйіп-жанып.

1

Білу

1. «Қор болды жаным», «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» өлеңдерінің тақырыбы қандай?
2. Ақынның махаббат лирикасына арналған тағы қандай өлеңдері бар?

2

Түсіну

1. Ақын заманында ғашықтар неге қосыла алмаған?
2. Абай осы өлеңдерімен қазақ поэзиясына қандай жаңалық әкелді?

3

Қолдану

1. «Ақын тілінің сөздігін» құрастырып, кестені толтырыңдар.

Тілдік ерекшеліктері	Мысалдары

2. Екі өлеңді «Самаралық әдіспен» кезектесіп оқу арқылы тақырыбы мен идеясына және көркемдік ерекшелігіне тоқталыңдар. Әрбір шумаққа мән беріп, ақынның айттайын деген ойын анықтаңдар.
 - 1) Өлеңдерді шағын топтар ішінде үзінділерге бөліп оқыңдар.
 - 2) Оқылған үзінділерді өзара талқылаңдар.
 - 3) Осы үзінділердің мазмұнын ашатын 9–10 түйін сөз жазыңдар.
 - 4) Үзінділерді қайта оқып, әр топтан бір оқушы өз үзіндісін мазмұндап береді.

4

Талдау

1. Махаббатсыз дүние бос бола ма, әлде дос бола ма? Пікірталас ұйымдастырыңдар.
2. Өлеңдерде көтерілген мәселелерді қарастырып, «Махаббатсыз дүние қандай?» деген сұрақты «Рөлдегі оқушылар» әдісімен топтарға бөлініп, тақырып бойынша талдаңдар.
 - 1-топ: Із қуушы – лирикалық кейіпкердің ізін қуады.
 - 2-топ: Кейіпкерді сипаттаушы – лирикалық кейіпкердің мінезін, сыртқы тұлғасын сипаттайды.
 - 3-топ: Бейнелеуші-суреттеуші – оқиғаларға байланысты шығармалардан суреттер салады.
 - 4-топ: Жазушы – өлеңдердегі маңызды деген мәселе төңірегінде хат, хабарлама, шағын эссе жазады.

5-топ: Дәнекер – өлең мазмұнын қазіргі қоғаммен байланыстырады.

5

Жинақтау

Өлеңнің көркемдік құндылығын анықтап, тұжырым жасаңдар.

6

Бағалау

Ақынның ғашықтық пен құмарлықты екі түрлі нәрсе дегеніне баға беріп, пікірлеріңді дәлелдендер.

5.2 «Сен мені не етесің?» өлеңі

«Сен мені не етесің?» өлеңінде (1889) ақынның жастық шағы, махаббат туралы түйінді ойлары мен пікірлері сөз болады. «Ғашықтықтың қиын жол» екенін ақынның сұлу қызға ессіз ғашықтығынан байқауға болады. Осы өлеңінде де «ет жүрегі өртеніп, от боп жанып, жалын шалып» ғашықтық отына шырмалып, қанша қасірет шексе де «мен өлейін, сен сау-ақ бол» деп, шын сүйген ғашығынан ешқашан айнымайтынын білдіреді. «Сені көрсем, ләм-мим деп бір сөз айтар халім жоқ» деп, бәрін махаббатына жеңдіріп, алдағы күнге үміт артады. Бұл – сүйіктісінен айырылып қалса да, оны көңілінен өшіре алмайтын, қалаулысын өмір бойы шын сүйіп өтетін, сертіне берік нағыз азамат сөзі, жан тебіренісі.

Өлеңнің құрылымдық өлшемі де өзгеше. Қазақ поэзиясында жаңа үлгіде жазылған тосын туынды ғана емес, Абай әкелген жаңа поэзияның соны ұйқасы болып табылады. Ақын әр сөзіне ерекше мағына бере отырып, түйінді ойды 14 жол сайын бір қайырып отырады, яғни бір шумағы 14 тармақтан тұрады. Тіпті әр жолдағы буын, ырғақ өлшемдерін де өзгертіп, керемет келісіммен үйлестірген. Бір шумақта бір 7 буынды, екі 8 буынды тармақ бар, 4 буынды тармақ – үшеу. Бұларға қоса бірі 3 буынды және бірі 2 буынды 2 тармақ және бар. Әрқайсысы әркелкі тармақтардың

бір шумақта бас-аяғы бірлесіп, сыйыса жанасып, үндесе үйлесіп келуі Абайдың ақындық шеберлігінің биік деңгейін көрсетеді. Әр шумақтағы буын саны әртүрлі тармақтың бет-бетіне шашырамай, жымдасып келіп, тұтас бір ғана ойды білдіруі бітімі бөлек өлеңнің өзіндік ерекшелігін танытады.

Қазақ поэзиясына кіргізген осы өрнек – сөйлеу ырғағына бейімделіп жасалған алғашқы озық үлгінің бірі болса да, қазақ әдебиетінде әлі де сирек ұшырасады. Абай осы өлеңіне әдемі ән де шығарып, сөз бен музыканы қатар үндестіре білген.

Сен мені не етесің?

Сен мені не етесің?

Мені тастап,

Өнер бастап

Жайыңа

Және алдап,

Арбап,

Өз бетіңмен сен кетесің.

Неге әуре етесің?

Қосылыспай,

Басылыспай,

Байыңа

Және жаттан

Бай тап,

Өмір бойы қор етесің.

Ет жүрек өртенді,

От боп жанып,

Жалын шалып

Ішіме.

Иттей қормын,

Зармын,

Сен үздің ғой бұл желкемді.

Кім білер ертеңді?

Өлім айтпас,
Келсе, қайтпас
Кісіге.
Бүгінгі күн
Бармын,
Жолдас еттің сен бөтенді.

Ғашықтық – қиын жол.
Жетсең – жеттің.
Жетпей өттің,
Не болды?
Арманда өмір
Өтті,
Ойлар ма екен бір мені сол?
Салдырап аяқ-қол,
Жетпей сертке,
Ішім дертке
Тез толды.
Ажал уақыты
Жетті,
Мен өлейін, сен сау-ақ бол.

Шын жүрек – бір жүрек,
Қайта толқып,
Жолдан қорқып
Айнымас,
Шегінісіп
Қайтпас,
Өлсе бір сөзбен, не керек?
Білесің, сен зерек,
Мен пәндеңе,
Болды деме,
Кел, қарас.
Ешкім сөгіс
Айтпас,
Рахым қылсаң, кел ертерек!

Шын ғашық мен саған!
Кейіп жүрсем,
Сені көрсем,
Ләм-мим деп
Бір сөз айтар
Хал жоқ,
Еріп кетер бой сол заман.
Ойыңды сен маған
Бір бөлмедің,
Тез келмедің,
Мені іздеп.
Ішіңде ыстық
Қан жоқ,
Тасбауыр жар, бол қош аман!
Жар, сенің көңілің тоқ,
Ақ етінді,
Нұр бетінді
Меншікті
Қылмаған соң
Алла,
Өзі сорлы етсе, амал жоқ.
Сен аттың жөнсіз оқ,
Тәңірі – қазы
Тас таразы,
Тентекті
Сұрамас деп
Қалма,
Серт бұзғанның, біл, орны – шоқ.

1

Білу

1. «Сен мені не етесің?» өлеңінің идеясы қандай?
2. Ақынның ғашық болған кезі «Абай жолы» романында қалай баяндалады?

2

Түсіну

1. Бұл өлеңнің құрылымдық өлшемі неге басқа өлеңдерден ерекшеленеді?
2. Неліктен өлең «Сен мені не етесің?» деп аталады?
3. Ақын өлеңде лирикалық кейіпкердің көңіл күйін қалай берген?

3

Қолдану

Өлеңнің мазмұны бойынша оңай және қиын сұрақтар құрастырыңдар.

Оңай сұрақтар	Қиын сұрақтар

4

Талдау

Топқа бөлініп, «Ромбтық жіктелім» тәсілімен өлеңнің тіліне, көркемдік қуатына талдау жасап, ондағы көркемдік қуатын арттырып тұрған сөздерді маңыздылығына қарай топтаңдар.

5

Жинақтау

«Графикалық органиайзер» әдісін қолданып, «Абай – лирикалық өлеңдердің шебері» тақырыбына ойларыңды жинақтаңдар.

- өлең туралы пікір білдіріңдер;
- пікірлеріңе дәлел келтіріңдер;
- пікірлеріңе мысал келтіріңдер;
- пікірлеріңді қайта ұсыныңдар.

6

Бағалау

Осындай жауапсыз махаббат кездескен уақытта адамның не істегені дұрыс? Қандай маманға жүгінген жөн?

5.3 «Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңі

Ақынның «Білектей арқасында өрген бұрым» (1889) өлеңіндегі сымбатты сұлу арқылы қазақ аруының жарқын бейнесі елестейді. Бұл өлеңнен Абай лирикасындағы әсемдіктің қазақ ұғымына сай хас шебердің қолынан шыққан ғажап эстетикалық әсерін тануға болады. Абай ару қыздың мінез-құлқына, жан дүниесіне үңілмейді, тек қана оның сыртқы әдеби портретін салып береді. Қолаң шаш, бұраң бел, ақ тамақ, қара қас, мөлдір көз, маржан тіс аруға кәмшат бөркі мен білектей бұрымындағы сылдыраған шолпысы да талдырмаш бойына жарасып, жан тебірентеді. «Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?» деу арқылы Абай сұлулыққа тәнті болудың өзі ғажайыпқа толы сырлы әлем екендігін аңғартады. Өлеңнің бірінші шумағынан басқа шумақтары дәстүрлі қара өлең ұйқасымен жазылған.

Білектей арқасында өрген бұрым

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?

Аласы аз қара көзі айнадайын,
Жүрекке ыстық тиіп салған сайын,
Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді,
Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын?

Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындай қыз некен-саяқ.
Піскен алма секілді тәтті қызды
Боламын да, тұрамын көргендей-ақ.

Егерде қолың тисе білегіне,
Лүпілдеп қан соғады жүрегіңе.

Бетіңді таяп барсаң тамағына,
Шымырлап бу енеді сүйегіңе.

5.4 «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңі

«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» (1884) атты лирикалық өлеңде де қазақ қызының әсем портреті сырлы сөзбен сомдалады. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы, Аласы аз қара көзі нұр жайнайды» деп басталатын бірінші шумақтан-ақ сұлу қыздың келісті келбеті көз алдымызға елестейді. Қазақ ұғымында күміс ерекше қасиетке ие. Ақын қыздың жарқыраған кең маңдайын ақ күміске теңеу арқылы оның ерекше жаратылысынан хабар береді. «Аласы аз қара көз» деген қыз көзінің мойылдай мөлдірлігін танытса, «нұр жайнап» деген сол тұнық жанардың оты бар екенін аңғартады. Ауызекі сөйлеу тілінде «көзінің оты бар» деген тіркес жиі ұшырасады, бұл – адамның ерекше қайрат, жігерін танытатын белгі. Осы суреттеуге лайық қыз мінезі де томаға-тұйық емес, ашық-жарқын, «сөйлесе сөзі әдепті, хәм мағыналы», күлкісі «бұлбұл құстың» сайрағанындай естіледі, сондықтан да «кіршіксіз аппақ тісі іш қайнатады». Жай ғана «ажымсыз ақ саусақ» емес, оның «іске ыңғайлы» болуы қыздың үй шаруасына да ептілігін көрсетеді. «Тал шыбықтай бұралған нәзік бел, тақтадай жауырын, тік иық» қыздың әсем бой сымбатын білдірсе, «қолаң қара шаштың торғындай толқын ұруы» тобығына түсетін ұзын шашы бар екенін білдіреді. «Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын, ақша жүз, алқызыл бетке» жарасып, «тіл байлайды». Міне, осындай сымбатты сұлу «жұрт мақтаған жігітті» «жақтауға» лайық. Өлеңнің соңғы шумақтарында ақын сұлулыққа, жарасымдылыққа, мәдениеттілікке, ізеттілікке деген талғамын ой елегінен өткізе отырып, асылын ардақтауға тәрбиелейді. Арсыз, ұятсыз, көргенсіз болудан сақтандырып, орынды іс істеп, оқу оқып, дүниені тани білуге үйретеді. Сонда «жұрт мақтаған жігітті қыз жақтаған» болып шығады.

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, алқызыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.
Сөйлесе, сөзі әдепті әм мағыналы,
Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды.
Жұп-жұмыр, ақ торғындай мойыны бар,
Үлбіреген тамағын күн шалмайды.
Тақтадай жауырыны бар, иығы тік,
Екі алма кеудесінде қисаймайды.
Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,
Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды.
Етіндей жас баланың білегі бар,
Ажымсыз ақ саусағы іске ыңғайлы.
Қолаң қара шашы бар жібек талды
Торғындай толқын ұрып көз таңдайды.

Қандай қызда ләззат бар жан татпаған?
Сұлуы бұл заманның тек жатпаған.
Он сегіз, он тоғызға келгеннен соң,
Алмасы өкпе болар қол батпаған.
Бұлардың кейбірінің мінездері –
Еш нәрсе көрмегенсіп бұртақтаған.
Кейбірі жайдары, ашық боламын деп,
Орынсыз адамдармен жыртақтаған.
Әуелде сұлу жайы бізге мәлім,
Жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған.
Кей жігіт мақтан үшін қылық қылмай,

Бойына майдалықпен сыр сақтаған.
Кей жігіт арсыздықпен ұятсынбай,
Қолы жетпес нәрсеге тырқтаған.

Орынды іске жүріп, ой таппаған,
Не болмаса жұмыс қып, мал бақпаған.
Қасиетті болмайды ондай жігіт
Өншейін құр бекерге бұлғақтаған.

1

Білу

1. Өлеңдерде қазақ аруының бейнесі қалай суреттеледі?
2. Осы өлеңдер арқылы Абай қазақ қыздарын қандай сипатта көргісі келген?

2

Түсіну

1. Абай неге қыздың бұрымына ерекше мән береді?
2. Ақын «күміс» сөзін теңеу ретінде неге пайдаланған?

3

Қолдану

Екі өлеңдегі қайталанатын сөздерді және көркемдегіш құралдарды теріп жазыңдар. Автордың бұларды қолдану себептерін түсіндіріңдер.

4

Талдау

1. «Ресми дебат» тәсілімен дебат ұйымдастырыңдар.


Дебаттағы рөлдер: қазылар; жақтаушы тарап (топтың үш мүшесі); даттаушы тарап (топтың үш мүшесі).

Қазылар дебатты қорытады. Олар пікірталасты тыңдап, әр спикерге олардың сөйлегеніне (дәлелдеріне) қалай сөйлегеніне (ұсынылуы) және басқа топтың дәлелдеріне қаншалықты дұрыс жауап бергендеріне (теріске шығару) қарай баға береді.

Жақтаушы тарап: «Қазақтың нағыз сұлу қызы – бұрымды қыз».

Даттаушы тарап: «Қазақтың нағыз сұлу қызының бұрымы болуы міндетті емес, жан сұлулығы да жеткілікті».

2. «Білектей арқасында өрген бұрым» және «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңдерін салыстырыңдар. Екі өлеңге ортақ қандай үйлесімділік бар?



5

Жинақтау

Өлеңдердегі қыз портретіне жеке пікірлеріңді білдіріп, аргументті эссе жазыңдар.

6

Бағалау

Қазіргі қазақ қызының сипаты қандай? Абай сипаттаған образдан өзгерді ме?

5.5 «Қызарып, сұрланып» өлеңі

Ақынның «Қызарып, сұрланып» (1891) атты өлеңі махаббат лирикасының озық үлгілерінің біріне жатады. Ақын ғашықтық сезімді, махаббат иірімдерін айшықтау арқылы сүйіспеншілік сезімнің нәзік қылын шертеді. Бір-біріне деген шексіз ынтызарлық, пәк сезім қос ғашықтың оңаша жолығуына ұласады. Өзара тіл қатыса алмай, абдыраған жастар тек қана лүп-лүп соққан жүрекпен, ыстық көңілмен ғана ұғысады. «Жүрекпен алысып, көңілмен танысып», жарастық тапқан жастар сезіміне «жанындағы жапырақпен аспандағы жұлдыз» да үн қосқандай, олар да қалтырайды. Мұндай сәтте «жүйрік тіл мен терең ойға» ерік жоқ, сондықтан ақын өлеңді «Жеңілдің, жеңілдің!..» деген

нәзік юмормен аяқтайды. Өлең шалыс ұйқаспен жазылған, әрқайсысы 4 тармақты 9 шумақтан тұрады.

Қызарып, сұрланып

Қызарып, сұрланып,
Лүпілдеп жүрегі.
Өзгеден ұрланып,
Өзді-өзі керегі.

Екі асық құмарлы,
Бір жолдан қайта алмай.
Жолықса ол зарлы,
Сөз жөндеп айта алмай.

Аяндап ақырын,
Жүрекпен алысып,
Сыбдырын, тықырын,
Көңілмен танысып.
Дем алыс ысынып,
Саусағы суынып.
Белгісіз қысылып,
Пішіні құбылып.

Жанында жапырақ,
Үстінде жұлдыз да.
Елбіреп-қалтырап,
Жігіт пен ол қыз да.
Өзге ойдан тыйылып,
Бірімен-бірі әуре.
Жүрекке құйылып,
Жан рахат бір сәуле.

Жүрегі елжіреп,
Буындар босанып.
Рахатпен әлсіреп,
Көзіне жас алып.

Жүйрік тіл, терең ой,
Сол күнде қайда едің?
Ғашыққа мойын қой,
Жеңілдің, жеңілдің!..

1

Білу

1. Адамның біресе қызарып, біресе сұрлануы қандай жағдайда болады? Автор сүйіспеншілік сезімді қалай бейнелеген?
2. Өлеңді жаттап алыңдар.

2

Түсіну

1. Автор өлең тақырыбын неге «Қызарып, сұрланып» деп алған?
2. Неліктен махаббат лирикасы жоғары деңгейдегі сөз тапқырлығын қажет етеді?

«Пирамидалық талқылау» әдісі арқылы саны 4–6 оқушыдан тұратын топтарға бөлінеді. Топ мүшелері өлең туралы өз пікірін жеке жазып, ортада талқылап, ортақ пікір қалыптастырады. Әр топ таратылған қағазға тапсырмаға байланысты жеке өз ойларын жазады. Қағазды бұрып, бір-бірінің жауабымен танысады да, ортақ пікірді қағаз ортасына жазып, ойларын қорғайды. Тік төртбұрыштың сыртқы бөлігіне топтың әр мүшесінің жауабы, ал ішкі бөлігіне төрт пікірге ортақ түйінді ой жазылады.

1. «Жолаушының қойын дәптері» әдісімен өлеңді талқылап, ойларыңды қорытындылаңдар.
 - 1) Топқа бөлініңдер.
 - 2) Шығарма үзінділерінен ұқсас оқиғаларды жазып алыңдар.
 - 3) Осы үзінділердегі көркемдегіш құралдардың түрлерін топ ішінде талқылаңдар.
 - 4) Өз әсерлеріңді 5–6 сөйлеммен жазыңдар.
 - 5) Әрқайсысың жазған сөйлемдеріңді оқыңдар.
2. Абайдың махаббат лирикасының шебері екенін «ПОПС формуласы» әдісі арқылы талдаңдар.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...»

Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

Ақынның махаббат лирикасы жөнінде мақала жазыңдар.

Өлеңнің көркемдік құндылығына өмірмен байланысты баға беріңдер.

VI ТАРАУ. АЛЛА МІНСІЗ ӘУЕЛДЕН, ПАЙҒАМБАР ХАҚ

Абайдың діни-философиялық ойлары ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы тарихи-рухани тартыстарға толы кезеңнің оқиғаларымен тікелей байланысты. Өйткені бұл кезеңде орыс православие дінінің миссионерлері орыстандыру (шоқындыру) саясатын жүргізуге белсене кіріскендіктен, отар елдегі ислам дінінің тағдыр-талайы өзекті мәселеге айналған еді. Соның бір мысалы ретінде «Абайдың миссионермен (өз дінін уағыздаушы) кездесуі» деген тарихи оқиғаны алайық. Осыған байланысты сол өлкедегі қожа-молда, имамдардың өтініші бойынша Ресейден арнайы келген Сергей деген христиан дін өкілімен Абай пікірталасқа түсіп, христианның кейбір нанымдарына қарсы шығып, бірін-біріне салыстыра келіп, тарихи сыннан мүдірмей өтеді. Миссионердің: «Сіздердің, Дүние бір тарының хауызына сияды дегендеріңіз ақылға сыймайтын нәрсе ғой» деген сұрағына Абай: «Сіз бен біз мынау жарық дүниені көріп отырмыз. Аспандағы ай мен күнді, жұлдыздарды көреміз. Осы көруде көздің қарашық қылауы тарының хауызымен мөлшерлес деуге болады. Демек, көздің зередей қарашығына осынша әлемді сыйғызған тәңірім ісіне шек келтіруге бола ма?», – деп жауап берген. Бұл сөздің түп төркіні әл-Фарабидің жарық сәуле жөніндегі қағидасында бар екендігін және миссионердің басқа сұрақтарына орыс жазушысы Лев Толстойдың да пікірін көлденең тарту арқылы миссионерді мойындатқанын 1960 жылдардан бастап, әл-Фарабидің Отырардан шыққан қыпшақ-қазақ екенін алғаш дәлелдеген инженер-геолог әл-Машанидің еңбектерінде нақтылы

мысалдармен жазылды. Абайдың миссионермен кездесуі деген оқиға сол кездегі қазақ халқының алдына қойылған бір тарихи сын болатын. Ислам дінінің абыройын сақтап қалғанына риза болған қожа-молдалар мешітке жиылып, мінажат қылып, Абайға бата береді. Ал 1885 жылы патша өкіметінің Семейдегі өкілдері де қатысқан Қарамолада өткен төтенше құрылтайда Абай төбе би болып, «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережелерін» жазып, ислам діні бекіткен заң нормалары бойынша қабылдатқызған.

Міне, Абай қазақ қоғамының тарихи қалыптасқан ұлттық мүддесі мен ұғым-түсініктерін қорғап, әлеуметтік ортаның талап-тілегін де орындап, өлеңде ғана емес, өмірде де адамгершілік-рухани ұстанымын анық байқатып отырған. «Абай Құнанбаев» атты монографиясында: «Абайға шығыстан кірген бұйымдардың басы – ислам діні» деп көрсеткен М.Әуезов: «Абайдың діні – ақылдың, адамгершіліктің діні» деп баға берген (236-б).

Абайдың исламият заңдылықтарының сырын терең игеруі және оны ұлттық ерекшеліктермен ұштастыра қарастыруы – дін туралы түйсік-танымды жаңа белеске көтерді. Өлеңдерінде ғана емес, қарасөздерінде де, әсіресе, Жиырма жетінші, Отыз сегізінші қарасөздерінде ислам дінінің негіздерін тұтастай алып, терең ғылыми тұжырымдар жасады, осы арқылы адамзаттық ой-пікірдің әлемдік деңгейдегі биік сатысына көтерілді.

1944 жылы Абайдың 100 жылдығына Қаныш Сәтбаевтың тапсырмасымен «Әрбір ғалым хакім емес, әрбір хакім ғалым» деген қағиданы ұстанып, «Абайдың ғылыми мирастары» деген баяндама жасаған, «Абайды оқып, тағылым-тәрбие алмаған болсақ, әл-Фарабиді сөз етер ме едік?.. Өзіме шындық жолды іздеуге бағыт берген Абай шығармалары деп білемін» («Өркен» газеті, 17.06.1989) деген фарабитанушы ғұлама ғалым, инженер-геолог, геомеханиканың негізін салушы Ақжан әл-Машани «Әл-Фараби және Абай» деген еңбегінде: «Менің ұғымымда Абай – ұлы данышпан,

қазақтың ақылшысы, ұстазы, досы, халқымыздың тірегі, сенімі, ар-ынсабының әділ таразысы. Абайдың:

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла – дегендегі жұмбағы, біздіңше осы арнада жатқан сияқты. Абайдың бұл жұмбағын тура түсіне білу, санасы көреген, батыл көзді, ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған дарынды түсіну – ол бір ғана адамның бір саладағы істейтін адамдардың қолынан келмейтін нәрсе. Абайтану ісіне, оның өзі айтқандай қырын, қиғаш келмей, тура келу, сыңар-жақтамай, айла-қалтқысыз, әділ жүрекпен, таза ниетпен кірісу керек. Шыншыл ғадалатты Абай есімін атақ үшін, мақтан үшін пайдалану адамдық ардың алдында зор қылмыс болмақ» деп, төменде сөз болатын «Отыз сегізінші қарасөздегі» «Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді» деген Абай қағидасын осы тұрғыдан ұғынып, анық пен танықтың арасын айырып, адаспауға үндейді.

6.1 Жүсіп Баласағұн, Ясауи және Абай ілімдері

Бағдарламада көрсетілген Жүсіп Баласағұнның «Жәуанмәртлік», Ясауидің «Хал ілімі» («Өзін таныған Алланы таниды») және Абайдың «Толық адам» ілімі деп бөліп, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын іздеу оқушылардың танымдық түсінігін тарылтады әрі «жәуанмәртлік», «хал» деген сөздерді нақтылы іздеп табу үшін түпнұсқаны оқу керек. Мұны араб, парсы тілінің арнайы мамандары болмаса, оқу қиын. Сонымен бірге Абай бұлардан бұрын өмір сүрген ойшылдардың еңбегімен де таныс болған. Қазіргі жағдайда «Жәуанмәртлік», «толық адам» деген сөздерді Абай шығармаларынан оқып, мағынасын білу арқылы ғана басқа ойшылдардың еңбегімен салыстыруға болады. Сондықтан да сабақтың тақырыбын «Жәуанмәртлік ілімі», яғни «Жақсы

адам» сипаттарынан бастап, екшелген тұжырымдарды ұсынамыз.

Белгілі ғалым Ә.Қоңыратбаев: «Фараби және Абай» атты мақаласында Абайдың философиялық көзқарасын зерттеу үшін шығыстың да, батыстың да философиясын білу керектігін, ал «білмей зерттеу, құрғақ әдеби талдауға салыну пайдасыз. Абай философиясына көп адамның тісі батпай келген болса, бұл жайды түсіне білу керек», – деген кесек байлам жасайды.

«Жәуанмәртлік» деген сөзді тұңғыш рет Абай «Отыз сегізінші қарасөзінде» қолданған. Мұнда Абай Хаят (Тірлік), Ғылым (Білу), Құдірет (Күш беру), Басар (Көру), Сәмиғ (Есту), Ирада (Тілеу), Кәлам (Сөйлеу), Тәкин (Жарату, жоқтан бар ету) деген Алланың сегіз сипатын атайды.

Абай «...Құдай тағала ғылымды, рақымды, ғаділетті, құдіретті» дей келе, оның сүйіп жаратқан құлы Адамға берілетін үш сипатты бөліп алады. Ол үш сипат – *ғылым, рақым, гадалет (әділет)*. Бұл үшеуі адам баласына халінше шамамен беріледі. Бұл жерде Абай адам ғылым арқылы ғана құдіретті бола алады деп қарағандықтан, адам бойындағы «құдірет» пен «ғылым» екеуін бірлікте қарайды. Енді осы үш сипат адам баласының жаратылысына қарай талаптылық, адамгершілік мұсылмандық шарттардан тұрады. Ғылымды, рақымды, әділетті толық ұстанған жақсы адам бойында тағы үш сипат болмақ, ол *шындық* (сиддық), *ізгілік* (кәрәм), *даналық* (ғақыл). Мұны Абай бір сөзбен «*жәуанмәртлік*» (жақсы адам) деп атаған. Осы сипаттар жоғарыда айтқандай әр адамға Алланың реттеуімен (рауаж) өртүрлі сипатпен шамасына қарай беріледі. Өйткені Абай: «Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі», – деген.

Ақжан әл-Машани «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегінде жоғарыдағы Абайдың адам баласының жаратылысына қарай берілетін бір сипат – «мұсылмандық шарты» дегеніне орай «әл-Мисақтан бері мұсылман» деген сөз иманның бір шарты болғандығын айта келіп: «Араб тілінде есімше-көсемшенің (артикулін) әл-ді былай қойғанда, Мисақ – шарт,

мөр, таңба деген мағынада. Оның пайда болуы ғаламның алғашқы жаратылысы кезінде болған. Сол кезде адамның рухы жаратушы Тәңірін ием деп таныған. Сол танудан танбасқа уағда еткен. Әл-Мисақ – сол», – деген. Ал бұл жердегі бізге керегі – Абайдың адам баласының жаратылысына қарай қазақтың әл-Мисақтан бері мұсылман екендігі туралы айтқанын ұғыну.

«Жәуанмәртлік» деген ұғымның «ілім» ретінде арнайы талдануы қазақ әдебиетінде М.Мырзахметұлының еңбектерінен бастау алады. Мұнда бұл сөздің көшпелі түрік халықтары өркениетінен туындағанын білдіреді. Ғалымның жетекшілігімен шыққан «Абайтанудың өзекті мәселелері» атты ұжымдық еңбекте әзербайжан ғалымы М.Шералиевтің көне түркі заманында осы сөздің «жомарт» (зомарт) деген мағынада қолданылып, рудың, тайпаның, ұлыстың мақтанышы болған адамдарға байланысты айтылған деген пікір бар.

Ғалым «Абай және Шығыс» атты еңбегінде бұл ұғымға «қайырымдылық, ізгілік» деген мағына береді. Ол Абай діні адамгершілік негізге арқа тіреп, гуманистік астар алғанын алғаш көрсеткен М.Әуезов екенін айта келіп, Абай ұсынған «жәуанмәртлік» ұғымын қамтитын үш асыл сипатқа (ғылым, рақым, әділет) тоқталады. Бұған Абайдың «Отыз сегізінші қарасөзінде» айтылған түйінді сөздерді негіз етеді.

М.Мырзахметұлы Абай шығармаларындағы «жәуанмәртлік» ұғымын ХІ ғасырда қазақ жерінде жазылып, қазіргі Шу өзені бойында дүниеге келген Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанымен байланыстырады. Өйткені Шәкәрімнің «Мұтылғанның өмірі» атты шығармасындағы Абайдың да «Құтадғу білікпен» жақсы таныс болғаны туралы құнды мағлұмат бергенін негізге ала отырып, Жүсіп пен Абай арасындағы терең рухани сабақтастыққа талдау жасайды. М.Мырзахметұлы жоғарыдағы аталған еңбегінде М.Әуезовтің де бұл дастанға көп көңіл бөлгенін айта келіп: «Құтадғу білік» пен Абай шығармаларында шығу төркіні мораль философиясына соғатын терең сабақтастықтар барлығын: жәуанмәртлік, «толық адам», бенделіктің

кәмелеттігі, хаһим, мұлахаза, ғылымды жіктеу жүйесі мен жар таңдау жайы сияқты танымалы тума пікірлер желісінен тауып, оған айғақты деректер тобын көптеп ұшырата аламыз», – дейді (138-б).

Ғалым Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанындағы жәуанмәртлік ұғымы «ерсит тоңа», кейбір тұста «ахы» сөзімен беріліп, ақыл, әділет, ізгілік (рақым, шафхат) ұғымын қамтып отыратындығын жазады.

Есте болатын жағдай Баласағұн дастанында ақыл, әділет, ізгілік деген сөздердің мағынасын беретін сөздер болғанымен, «жәуанмәртлік» деген сөз онда қолданылмаған. Мұны осы дастанды қазақ тіліне аударған Асқар Егеубаевтың еңбегінен де көруге болады. Ал Абай шығармаларында жәуанмәртлік негізі «Отыз сегізінші қарасөзінде» ақыл, әділет, рақым арқылы беріліп, осы сипаттарды түгел меңгерген адам ғана толық адам болады деген тұжырым жасайды. Келешек зерттеуші Абай танымында өзіне дейінгі ғұламалармен үндестік болғанымен, еліктеу болмағанын сезіну керек. Абай даналығы сонда, ол кез келген философиялық ұғымға қазақ ұғым-түсінігіне сай өз тұсынан жаңаша байлам жасап отырған.

«Құтадғу білік» дастанын қазақшаға өлең тілімен аударған белгілі ғалым-ақын Асқар Егеубаевтың аудармасында «жәуанмәртлік» деген сөз жоқ. «Кісілік кітабы» атты монографиялық еңбегінде «Құт» деген сөзге ерекше мағына береді. Өйткені ғалымның пайымдауынша, Құттың Әділ (Күнту), Дәулет (Айтолды), Ақыл (Өгдүлміш), Қанағат (Одғұрмыш) деген төрт діңгегі бар. Осы кейіпкерлердің арасындағы сұхбат арқылы жақсы адамның кісілік келбеті ашылады. Дастанның негізгі идеясы – халыққа құтты өмір сыйлау, бақытты, әділетті қоғам құру. Кейіпкерлердің бірі Күнту – әділетті жақтап, өмірші, заң иесі, хан болса, екіншісі – Айтолды ханның бас уәзірі, дәулеттің, құт-ырыстың баламасы, үшіншісі – Өгдүлміш уәзірдің баласы, ақыл-ой, білімнің баламасы, төртіншісі – Қанағат уәзірдің інісі, қанағатшылдық, ұстамдылық, рахым, өлімді ұмытпаудың баламасы. Осы кейіпкерлердің сөйлеген сөздері мен іс-әрекеті

арқылы автор жалпыадамзаттық ұлы ойларды толғайды, өмірлік мәселелер сөз болады. Мысалы, Дәулет бір бөйітінде: «Мен де айдай жаңаланып тұрамын, Бірде бармын, бірде жұмбақ тұрағым», – деп кейіптейді.

Жәуанмәртлік – адамгершілік негізі. Бұған ертедегі ақыл-ой даналарының пікірлерін сұрыптай отырып, Абай өз тұсынан ой қорытып, ұлттық көзқарас тұрғысынан анығы мен танығын анықтаған. Бұған «Әрбір ғалым хакім емес, әрбір хакім – ғалым» деген сөзі дәлел.

Жалпы XIX ғасырға дейінгі қазақ даласындағы медреселерде «Әліпби», «Иман шарт», «Қауағид әл-Ислам», «Шарайт әл-Ислам», «Ғылымхал», «Әптиек» және т.б. пайдаланылған діни кітаптар Әбу Ханифа мектебі мен Ясауи ілімі негізінде қалыптасқан еңбектер болатын. Одан бұрынғы Ясауи ілімін айшықтаған Әлішер Науаидің «Насаим әл-Махабба», Дәруиш әл-Жәмидің «Рашахат әл-құдс фи шарх нафахат әл-унс», Хусаин ибн Әли әл-Уағиз әл-Кәшифидің «Рашахатул-айн әл-хайят», Суфи Мұхаммед Данишмандтың «Манақиб», Ысқақ қожа ибн Исмаил ата ат-Түркістанидің «Хадиқат әл-арифин», Махмұд ибн Уәлидің «Бахр әл-әс-рар» сияқты шығармалары да өңірде кең қолданылған. Осы аталған еңбектерде, мысалы, XII–XIII ғасырлар түйісінде өмір сүрген атақты парсы шайыры Фарид-ад-дин Аттар «Құстар тілі» («Лисану ат-тайыр») атты танымал шығармасында Қожа Ахмет Ясауиді «Пір и Түрки стан» (Түркі елінің ұстазы) деп дәріптесе, Әлішер Науаи «Насаим әл-Махабба» кітабында оған «Түркі елінің құбыласы» деп баға берген.

Ясауи ілімі адамды ішкі еркіндікке жетелейтін, ар түзейтін ілім деп бағаланады. Хикмет ілімі әуелі Құран аяттарындағы «кемел адам» мәселесін көтеріп, адам жанын түсінуді мақсат етеді. Онда адамның жаны, рухының өсуі, ақыл өрісінің кеңеюі, ішкі жан дүниенің тазалығы, жүректің көзі сияқты ұғымдар жүйелі арнаға салынып, оларды иман нұрымен тығыз байланыстырады. Сол арқылы өмірдің мағынасын, діннің құндылығын ұқтыруды көздейді. Сондай-ақ адамның жаратылуындағы мақсаты, өмірінің негізгі мәні,

Құдайға деген құлшылығының мұраты сияқты мәселелер төңірегіндегі Құран аяттарын қарапайым халық ұғымына, діни түсінігіне лайықтайды. Осы себепті Ясауи өз хикметтері жөнінде:

Менің хикметтерім Алладан пәрмен,
Оқып ұққанға бар мағынасы – Құран, –
дейді.

Демек, Ясауи адамның ішкі ой еркіндігі жаман ойдан, ғайбат сөзден тыйылу, бейәдеп қылықтан, кекшілдік, көрсеқызарлық, көреалмаушылық, мақтаншақтық және т.с.с. жаман мінез-құлықтан арылу арқылы келетінін айтады. Ол жолда өзін-өзі бақылау, яғни ішкі жан дүниесі жамандыққа ма, я жақсылыққа ма, қайсысына пейілі ауады, соны аңдау керек болады. Құранда адам жанының табиғаты жамандыққа құмар келеді дейді. Адам жанын жақсылыққа құмар ету үшін ол ішкі жан дүниесін үнемі тәрбиелеп отыру керек. Ясауи хикметінде сол тәрбиенің қалай жасалу керектігі баяндалады. Оны Ясауи «Хал ілімі» деп атаған (*Д.Кенжетай*).

1

Білу

1. «Жәуанмәртлік» деген не?
2. Оған ұқсас қазақ тілінде қандай сөз бар? Қандай мағына береді?
3. Ясауи қандай ілім қалдырған?

2

Түсіну

1. М.Мырзахметұлы «жәуанмәртлік» ұғымын не себепті Ж.Баласағұнмен байланыстырады?
2. Абайда өзіне дейінгі ғұламалар ілімімен үндестік болғанымен, еліктеу болмағанын қайдан білеміз?

3

Қолдану

Топқа бөлініп, автор бейнесінің рухани құндылық жетекшісі ретіндегі рөлін айқындаңдар.

- 1-топ: Постер қорғайды.
 2-топ: Көрініс.
 3-топ: Дебат ұйымдастырады.

4

Талдау

«Қазақ әдебиеті» пәнінен оқыған Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» және А.Ясауидің «Диуани хикмет» шығармаларын естеріңе түсіріп, салыстырып, кестені толтырыңдар.

«Құтадғу білік»	«Диуани хикмет»
Ұқсастықтары	
Ерекшеліктері	Ерекшеліктері

5

Жинақтау

Авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын, сондай-ақ тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, аргументті эссе жазыңдар.

6

Бағалау

Қазіргі қазақтың ұстанымы қандай? Үш ғұламаның ілімдері ескерілген бе?

6.2 Абайдың «Толық адам» философиясы

Абайдың «толық адам» туралы ойы «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен бастау алатындығын М.Мырзахметұлы «Абайдың адамгершілік мұраттары» (1993), «Абай және Шығыс» (1994) деген еңбектерінде дәлелдеп, Абайдың *толық адам* (камили инсани) ілімінің негізін салғанын атап көрсетті.

Ақжан әл-Машани де «Әл-Фараби және Абай» (1994) атты еңбегінде «Ғалым болмай немене балалықты қисаңыз», «Ондай болмақ қайда деп айтпа ғылым сүйсеңіз», «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деген үш сөзінің негізі туралы айта келіп, «...біздің қазақ халқында әл-Фарабидің тамаша кең даналығына, зор әділетті адамдығына ұқсас келерлік адам алдымен Абай деп білеміз», – деді. Ғалым Абайдың өлеңдерінде ғана емес, «Он жеті» және «Отыз бір», «Отыз екінші қарасөздері» түгелдей осы мәселеге арналғанын айта келіп, «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек...» деп, талаптың Абай айтқан 6 түрлі шартын жекелеп түсіндіреді. Біз қысқартып, нақтылап қана көрсетеміз:

Бірінші шарт: Мақтан үшін іздену болмау керек. Шын құмарлық пен мейірлену керек... Шала мейір шала байқайды.

Екінші шарт: Ғылымнан ақиқат табу мақсатын қою керек.

Үшінші шарт: Шындыққа көз жеткенде ғана соны ғылым тұту керек.

Төртінші шарт: Ақыл-ойды жетілдіріп отыру керек.

Бесінші шарт: Еріншектік, салғырттықтан сақ болу керек.

Алтыншы шарт: Ұстамдылық, табандылық, ол үшін соны ұстайтын беріктік пен қайрат керек.

Міне, осылардан келіп «Абайдың ғылыми жолы: құмарлық – махаббат, шыншылдық, әділет, берік сенімділік, ғылымды дамытатын нұрлы-ойлы парасат, жақсыны іске асырып отыратын батыл еңбек, шындықты сақтайтын ұстамды қайратты мінез» шығатынын дәлелдейді. Осы шарттардан келіп, егер «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстасаң» «ғылым сол үшеуінің жолын білмек» деген Абайдың толық адам ілімі туралы қағидасы келіп шығады.

Ол «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» (1889) деген өлеңінде:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек, – деп, «толық адамның» нақтылы сипаты мен ұстанымын белгілеп

берді. Осы өлеңінде Абайдың адамгершілік жайындағы ұстанымы ақыл, қайрат, жүректің тең бірлігіне негізделіп, «Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек» деген сөзбен тұжырымдалады. «Толық адам» болу үшін ақыл, қайрат, жүрек – үшеуін бірдей тең ұстап, осы үш ерекшелік адам бойында табиғи тұтастық тапса, нағыз мінсіз мінез мен адамдық болмыс қалыптасатындығы Абай шығармаларының негізгі өзегі болып табылады. Сондықтан да Абайдың «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті – ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген көзқарасы айдан анық.

Абайдың «толық адам» туралы философиясын жете түсіну үшін біз төменде М.Мырзахметұлының «Жүрек-сезім жайындағы ой-толғаныстарынан» атты мақаласынан үзінді береміз: «*Ақыл, жүрек, қайрат* жөнінде ғылым тарихындағы сан түрлі пікірталастарын былай қойғанда, бұлардың өзі поэзия саласында да ғасырлар бойы кең өріс алғандығы, әсіресе, Шығыс әдебиеті классиктерінің жарқын жұлдыздары атанған Рудаки, Фирдоуси, Низами, Руми, Жәми, Науаи шығармаларының мазмұнын салыстыра қарағанның өзінде-ақ көзге бірден шалынады.

«Ақындардың адам атасы» атанған Рудакиден бастап ақыл мен жүректің культін көтере жырлауда орын алған екі түрлі бағдар, бағыттың, яғни бірі – *жүректің*, екіншісі – *ақылдың* культін көтере мадақтауының шығыс поэзиясында аса терең орын алуы жай құбылыс болмаса керек-ті.

Ақыл культін көтеріп, оны шешуші орынға қойып мадақтау, әсіресе, Рудаки, Фирдоуси поэзиясында басым болса, *жүректің* культі бірінші орынға қойып көтере мадақтау Руми, Низами, Жәми шығармаларында басымырақ.

Жалпы Шығыс классиктерінің поэзиясында ғасырлар бойы өзекті орын алған осы аталмыш екі бағыттың теориялық-философиялық желісіне қазақ әдебиеті тарихында Абай ғана барынша терең еніп, шығармаларында *ақыл, қайрат, жүректі* бірлікте алады да, олардың арасынан

жүрекке шешуі орын береді. Әрі *ақыл* мен *қайраттың* мәнін кемітпей, олардың атқарар қызметіне тиісті әділ бағасын беріп отырады. Абай Шығыс философиясы мен поэзиясындағы осы екі бағыттың арғы-бергі тарихымен, ондағы орын алған әрқилы көзқарастармен жай танысып қана қоймай, оларды сын елегінен өткізе зерттеудің, үздіксіз ізденудің нәтижесінде *ақыл*, *қайрат*, *жүрек* хақындағы өзіндік дербес әрі тың ұғымды таныта алды. Осы өзіндік танымдарына Абай өз шығармаларында терең философиялық-гуманистік астар беріп отыратыны зерттеушілерден ерекше назар аударуды талап ететінін ескерту қажет.

Абай қазақ поэзиясында *жүректің* культін көтеріп мадақтағанда, ұғымға өз тарапынан айрықша гуманистік астар беріп, *жүректің* адамзат баласының бойында ұялаған ең асыл қасиеттер: *мейірім*, *рахым*, *әділет*, *шафхат*, *ар-ұят* аталуының қайнар көзі, құтты мекені ретінде қарауымен де дарланады. Осы себептен де өзінің адамгершілік немесе толық адам хақындағы негізгі ой байламдарын, өнер тілімен желісті де жүйелі түрде үздіксіз уағыздап, тыңдаушыларының санасына шым-шымдап сіңдіре беруді мақсат тұтқан. «Әсемпаз болма әрнеге» дейтін өлеңінің басты идеялық мазмұны да ұлы ақынның зор адамгершілік мұраттарының тікелей көрінісін өте ұтымды образды бере алған.

Ақыл мен қайрат жол табар,

Қашқанға да қуғанға,

Әділет, шафхат кімде бар,

Сол жарасар туғанға, – дегендегі *әділет*, *шафхат* сөздері *жүректің* баламасы ретінде беріліп, «Он жетінші сөздегі» айтылатын ойдың түйіні мен желісі бүтіндей қайталаанады. Абай Он жетінші сөзде *жүректің* билігінсіз ақыл, қайратты әр текті екіұшты, сыңаржақ құбылыс деп білсе, аталмыш өлеңінде *жүректің*, яғни оның баламасы әділет, шафхаттың жетегінсіз ақыл, қайрат дегеннің өрісі тар,

зұлымдыққа бейім, су аяғы құрдымға соқтырар нәрсе деп қараған ақынның:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек, – дегендегі басты ой байламының салмағы да «сонда толық боласың» деген ерекше мән-мағына берілген сөзде жатыр. Абай осы ұғымның мән-мағынасына өз тарапынан айрықша моральдік-гуманистік салмақ бере қараған. Бұларды мінез-құлықтың гуманистік негіздері жөніндегі көзқарастарында жиі қолданатын *адам болу, адамшылық, толық адам, жарым адам, кәмили инсани, инсанияттың кәмалаттығы* деген зор мағыналы танымдарымен тікелей бірлікте, байланыста алып қарастырады. Аталмыш өлеңдегі «толық боласың» деген сөздің ішкі мағынасын осы *толық адам* жөніндегі таныммен өзектес, желілес алып қарамасақ, оның гуманистік астарына тереңдей алмай, сырттай тануға ұрынамыз.

Абай «*Он жетінші қарасөзінде*» жүректің атқарар гуманистік қызметін «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңіндегі жүректің тікелей баламасы ретінде берілетін *әділет, шафхат* сөздері арқылы да аңғартады. Осы танымын анығырақ әрі түсініктірек болсын дегендей, қазақ қауымының әлеуметтік тұрмысынан нақтылы мысал келтіре отырып танытуға ұмтылған:

Алдыңғы екеу соңғысыз

Біте қалса қазаққа,

Алдың жалын, артың мұз,

Барар едің қай жаққа, – дегендегі алдыңғы екеудің, – ақыл мен қайраттың соңғысыз, яғни әділет, шафхатсыз қазақтың бойына біте қалған қасиеттер бола қалса, ол нәрсіз, дәмсіз, адамшылық сипаттан құралақан қалдырар еді деп, өзінің биік гуманистік идеалының мұнарасынан қарап баға беріп отыр. Осы арқылы Абай ақыл мен қайрат екеуі әділет, шафхатқа, яғни жүрекке сүйенбесе, оның ырқынан тыс әрекет етсе, ол ізгіліктен, жақсылықтан

алшақтап, адамшылықтың асыл мұраттарына қызмет етуі екіталай дегенді ұсынып отыр. Осы ойдың негізі оның шығармаларында басты да тұтастай орын алған ой байламдарына айғақты дәлел болғандықтан, бұлар Абайдың гуманистік асыл мұраттарының бір төркіні қайда жатқандығына сенімді сілтеме де бергендей.

Ақын бойындағы шабытты кезенді, яғни шығармашылық қарекеттің ғажап сиқырын суреттеген құдіретті өлеңінде де өзінің гуманистік асыл мұраттарының негізіне табан тірейтінін бүкпейді, қайта:

Әділет пен ақылға

Сыналып көрген-білгенін.

Білгізер алыс жақынға

Солардың сөйле дегенін, – деп, ақын бар шынын жайып салған. Өзінің күреспен өткен саналы өмірінде «қайран елі – қазағы» үшін ғұмыр бойы тебіренген ойларының бәрі де өзі пір тұтқан адамшылықтың асыл мұраттарының, яғни әділет (жүрек мағынасында) пен ақылдың елегінен өткізіп, сүзіліп шыққан мөлдір сезімі екеніне ерекше назар аудартады. Сонымен қатар өлеңдегі өзекті ой ретінде әділет пен ақыл қатар қойылса да, ізгілік атаулының жаршысы – әділетті шешуші орынға көтеріп, оған ерекше мән бере қарайтынын анық көреміз. Әділет, шафхат, рахым, әсіресе, Абай шығармаларында ақынның бүкіл ой ағысының өзекті желісі, ғұмыр бойы ұстанар, адастырмас құбыланамасы екендігіне оның бүкіл шығармашылығының гуманистік рухы айғақтайды.

Абайдың танытуындағы жүрекке ерекше шешуші мән бере қарайтын соны көзқарас жалпы қазақ әдебиетінің бұрын-соңды тарихында орын алмаған философиялық-гуманистік негізіндегі тың құбылысты, жаңа танымды аңғартады.

Абай шығармаларында жүрек жайында пікір қозғағанда ақынның алға қояр басты мұраттарының бірі – жүректің адам өмірінде атқарар қызметіне айрықша гуманистік мән-мағына бере жырлауында жатыр. Абай жүрек атынан: «...

әділет, нысап, ұят, рахым, мейірбандылық дейтұғын нәрселердің бәрі де менен шығады», – деп бекіте, тұжырымдай айтатын пікірінде жүректі ақыл, қайратқа қарағанда шешуші орынға көтеріп, оған гуманистік астар беретін ойының төркінін бұлжытпай өз қалпында танытып отыр. Абайдың жүректі бүкіл әділет, шафхат, рахым, ар-ұят атаулының нәр алар көзі, құтты мекені ретінде сипаттап көрсетуге күш салуында нендей сыр бар? Абайдағы жүрекке гуманистік астар бере қарайтын көзқарастың философиялық-гуманистік түп төркіні, нәр алар тамыры қайда жатыр дегенде мұны біз қазақ жерінің орта ғасырдағы ой алыбы әл-Фарабиден бастап Абайға дейінгі аралықтағы мәдениет қазыналарынан іздейміз.

Бүкіл адамзат қауымының орта ғасырдағы теңдесі жоқ ұлы философ-гуманисі әл-Фараби өз еңбектерінде жүректі адам денесіндегі басты тұлға, бастапқы кезеңдегі әмірші ретінде танумен қатар ақылды да (миды) басты тұлғаның қатарында айтады, бірақ ми адам бойындағы бүкіл процеске басшылық еткенімен жүрекке тәуелді, соның ырқына бағынышты деп түсіндіреді. Ол жай ғана тәуелді емес, жүректің ізгі ниеттерін жүзеге асыруға бейім тұратындығын: «Жүректің ізгі ниеттерін жүзеге асыру ісіне қызмет ету тек қана миға тән қабілет. Мәселен, жүрек – ішкі табиғи жылылықтың көзі. Басқа мүшелерге жылылық нақ осыдан тарайды, олар осыдан нәр алып отырады», (сонда, 290), – деп, ұлы әл-Фараби пікірін ашық, айқын білдіреді. Осы іспеттес танымның желісіндегі ой-пікірлер Абай шығармаларында молынан ұшырасып, кеңінен арнайы сөз болуы әрі Абайдың осы мәселеге шұқшия қадалып, «ғылымның сөзі осы», деп қадай жазуы тегін нәрсе болмаса керек-ті. Абайдағы осы ойлар төркінінің бастау алар арғы арнасы әл-Фараби еңбектерінде жатса, оның бергі дәуір поэзиясындағы кейбір жанама түрдегі элементтері Абай аударған кейбір орыс ақындарының өлеңдерінен де байқалады. Абайдың «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа», – деген өлеңінде ерекше мән-мағына бере айтылатын *нұрлы ақыл* сөзінде

негізінде жүрек қалауын ғана іске асырар ақылдың ізгілікті қызметі бейнеленсе, Абай аударған Полонский өлеңінде ұшырасатын «суық ақыл» сөзі керісінше мағынада, – ақыл жүректі билеп, зұлымдық ниетін жүзеге асырғанын:

Суық ақыл жүрекке бұйрық жазып,

Оны бір өзі өзгеше жолға бастар, –

деп суреттеуінен-ақ көреміз. Екі ақында да аталатын *нұрлы ақыл, суық ақыл* сөздері жай эпитет ретінде ғана қолданылмай, керісінше, оның терең философиялық-гуманистік астары бар күрделі ұғым екендігін әйгілеп тұр. Абай жүректі тұла бойға жылылық пен ізгілікті таратудың қайнар көзі деп ұғатындықтан, орыс ақыны Я.Полонскийдің «Сердце» деген өлеңіндегі:

Они так обильно от бога

Живыми струями текут, –

деген жолдарын:

Сол жүректен жылылық достықпенен

Бұлақша ағып, ғаламға тарамақшы, – деп өз ойына соны мағына бере аударған.

1

Білу

1. Абайдың «толық адам» туралы ойы неге байланысты айтылған?
2. Сабақтың тақырыбын ашуға қандай мақал-мәтелдер қолданар едіңдер?
3. Ақынның қандай шығармаларында «толық адам» философиясы бар?

2

Түсіну

1. Не себепті «толық адам» туралы ой «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен басталады дейміз?
2. Неліктен ақын жүректің культін көтереді?
3. «Әділет», «шафқат» сөздерін ақын неге жүректің баламасы ретінде берген?


1. «Толық адам» сөзінің синонимдерін жазыңдар.
2. Рухани «толық адам» туралы тұжырымды ойларыңды «Кластер» әдісі арқылы білдіріңдер.



1. «Дойбы» әдісі бойынша өлеңді талдаңдар. Ол үшін екі топқа бөлініңдер. Екі оқушы дойбы тақтасындағы тастарды сұрақтарға жауап бере отырып жылжытады. Үшінші оқушы олардың жауаптарын жетістік критерийі бойынша бағалап, тексеріп отырады.
 - 1) «Толық адам» ілімінің идеясы мен мазмұны қандай?
 - 2) Қай сөздер мен сөз тіркестері тақырып мазмұнын айқындайды?
 - 3) Ақын адамның қандай кемшіліктерін сипаттап көрсетеді?
 - 4) Ақын қандай байламға келеді?
 - 5) Автор жүректі қалай сипаттаған?
 - 6) Абай қазақ әдебиетіне қандай жаңалық әкелді?
2. Әл-Фараби көзқарасы мен Абайдағы жүрек культін Венн диаграммасы бойынша салыстырыңдар.

Әл-Фарабидің көзқарасы

Абайдың көзқарасы



«Жүректе қайрат болмаса» деген тақырыппен қазіргі жастардың арасындағы өздеріңді қынжылтатын жайттарды экспрессивті эссе ретінде жазыңдар.

Қазіргі кезде «толық адам» бар ма? Осы сипатқа жету үшін өздеріңе қандай қасиеттер керек?

Әдебиет:

Мырзахметұлы М. Жүрек-сезім жайындағы ой-толғаныстарынан / Кітапта: Абайдың адамгершілік мұраттары. Ұлы ақынның 150 жылдығына. – Алматы: Рауан, 1993. – 19–35-б.

6.3 Абай іліміндегі «Хауас» мәселесі

Абай шығармаларынан орын алатын *хауас*, *хауас салим*, *хауаси хамса заһри* деген ұғымдардың мағынасын «Жетінші», «Жиырма жетінші», «Отыз сегізінші» және «Қырық үшінші қарасөздері» мен «Алла деген сөз жеңіл», «Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес» өлеңдерін оқу арқылы танып-білуге болады. Осы мәселені арнайы зерттеген М.Мырзахметұлы Абайдың хауас туралы көзқарасы төрт шумақтан тұратын «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінен басталатындығына алғаш назар аударды.

Хауас – араб сөзі, мағынасы «түйсік», «сезім мүшелері» деген ұғымды береді. М.Мырзахметұлының пайымдауынша, бұл «хауас» сөзінің лексикалық мағынасы ғана, ал оның философиялық мағынасы көне дәуірлерден басталатындығын, көне дәуір философы Аристотельден бастап, оның жолын дамытушылардың барлығы да, әл-Фараби де өз заманында «мешаюн» (перепатетиктер) мектебін қалыптастырғанын, оны Әлішер Науаи «Хайрат ул-абрар» дастанында жалғастырғанын айта келіп, Абайдың хауас хақындағы ойлары осы ойшылдармен іліктес жатқандығын атап

көрсетеді. Абай Аристотель пікірін сүйеніш етіп, жалпы адам денесіндегі тіршілік мекені жүректе деп білетіндігін көрсетеді.

Ал әл-Машани Абайдың Сократқа арналған *«Жиырма жетінші сөзіндегі»* «хауаси хамса заһири» деген сөзіндегі бес сезім мүшесін әл-Фарабидің от, су, жел, жер және асыр (эфир) жұлдыз заты (плазма) деген жер заттарын құраушы бестік жөніндегі ілімінен бастап, геометриялық формаларын көрсетіп, одан аспан саны шыққан бестік форманы кейінгілердің тұмар етіп тағатын әдетке айналдырғанын айта келіп, арабтың «хамса» (бестік) деген сөзінің астарын «пешене» (бесене, бес апа) «бесенеден белгілі», яғни алғашқы бес тек мағынасына тірейді. Ғалым (пентаграмманы) Шығыстың ірі ақындары (Науаи, Низами) «бестік (хамса) кітап» жазуды шарт еткенін, Батыс елдерінде есікке бестік форма салып, сол арқылы шайтаннан сақтанбақ болғандығын, Гетенің «Фаус» атты драмасындағы пентаграмма таңбасы бар есіктен Мефистофельдің аса алмауы, әл-Фарабидің музыка нотасына 5 санын енгізіп, 5/4 – ми нотасын кіргізгенін мысалға келтіреді.

«Жиырма жетінші сөзінде» Абай көрсін деп – *көзді*, керегіне қарай ашып-жауып тұрсын деп – *қабакты*, желден, ұшқыннан қорғану үшін – *кірпік пен қасты*, есту үшін – *құлақ*, иіс сезу үшін – *мұрын* сияқты бес сезім мүшесін (хауаси хамса заһири) бергендігін жазған. Негізі Абайдың бес санымен өрнектелетін жан мен тән құмары туралы ойлары *«Жетінші сөзінен»* басталады. Осы сөзінде Абай сыртқы дүниенің әсерін көріп қана қою жеткіліксіз, «көкіректе сәуле, көңілде сенім» болу керектігін айтып, өзіндік ой қорытқан. Ал *«Қырық үшінші сөзінде»* Абай сыртқы дүниенің бес нәрсемен өлшенетіндігін анық жазған. Ол – *«көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп»* танып-білу. Тылсым тіршіліктен осылайша бес нәрсе арқылы хабар алғаннан кейін ғана олардың *«ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түсетіндігін»* айта

отырып, «Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боғы шығады» деп кесіп айтады да, «Ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартасың», – деп, қайта жұмсақтап түсіндіреді. Сондықтан да Абай исламият қағидасын негізге ала отырып, ақыл мен қайрат, жүректі бірдей ұстап, не нәрсенің өлшеуі бар екендігін ұмытпауға үйретеді.

Абай өздеріңе 10-сыныптан таныс *«Лай суға май бітпес қой өткенге» (1895)* және *«Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес» (1895)* деген өлеңдерінде бақи мен пәни дүние диалектикасын аспан мен жер арасынан емес, өмірдегі жақсылық пен жамандық қайшылығынан, адам табиғаты мен идеясынан іздейді. Адамның тәні өледі, өміршең идея ешқашан өлмейді. Мұндағы дүние – шын өмір, табиғат – адамның жаны, өлмейтін – идея, яғни жақсы сөз – жарым ырыс. Жалпы Абай наным-сенім жөніндегі ой тоқтамын исламның ғылыми негіздеріне сүйене отырып, ұғындырады.

Әл-Машани жоғарыдағы еңбегінде: «Абайдың даналық дариясының бастауында үш көзі бар. Олар: бірінші: қазақ халқының көнеден келе жатқан мәдениеті-өнері; екінші: орыс мәдениеті, сол арқылы Батыс мәдениеті; үшінші: араб мәдениеті. Сенің айтып отырғаның осы кейінгі үшінші көзі ғой. Оны мен өз еңбегімде көрсете алдым демеймін. Бұл мәселе кейінгілердің ісі болады-дағы» деген М.Әуезовтің сөзін мысалға келтіре отырып, содан бері көп уақыттың өткенін алға тартады. Расында, М.Әуезов Абайдың Шығыс жағалауына дендеп ене алмаса да, аз сөзге көп мағына беріп, Абайдың исламиятқа қатысын түйіндеп айтып кеткен.

М.Әуезов «Абай Құнанбаев» атты монографиясында «Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес» деген өлеңіндегі Абайдың жан мен тән ұғымына, яғни, «мені» мен «менікінің» мағынасын талдауға ерекше мән берген. Ол «Абайдың діні ақылдың, сыншыл ойдың діні болуға бет алады» дей келе,

«Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес» деген өлеңін толық келтіре отырып, төмендегідей пікір айтады:

Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын,
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
«Өлді» деуге сия ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?

Кім жүрер тіршілікте көңіл бөлмей,
Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей,
Міні қайда екенін біле алмассың,
Терең ойдың телміріп соңына ермей.
Дүниеге дос ақиретке бірдей болмас,
Екеуі тап бірдей орныға алмас.
Дүниеге ынтық, махшарға амалсыздың
Иманын түгел деуге аузым бармас.

Осы өлеңнің алғашқы шумағында Абай адам жаратылысы туралы *дуализм* жолында. Әрине ол дуализм (*қарама-қарсылықты үйлестіру. Р.З.*) Еуропадағы Декарттың философиясынан да аңғарылады» дей келе, келесі шумақта алғашқы таным шеңберінен шығыңқырап кететіндігін жазады.

Бұл туралы М.Мырзахметұлы «Абай және Шығыс» деген еңбегінде «Абайдың «мені» көне ұғымдағы «жан» емес, адамның ұрпақтан ұрпаққа ауысып жалғасатын рухани қазынасы боп шығады. Міне, М.Әуезов осы себепті «Абай діні – сыншыл ақылдың шартты діні» деген байламын ұсынады», – деп түсіндіреді.

1886–1889 жылдар аралығында Абай өлеңді өндіріп жазып, тіпті 1889 жылы 25 шамалы өлең жазса, 1890 жылдардан бастап, өсиет қарасөздерін жаза бастаған. М.Әуезов «Абай өмірбаянында»: «Ол ұстаздық, үгітшілік жолына

түскен соң, Абай өлеңді аз жазса да, «қарасөзбен» айтатын өсиетті көп жазады. «Ғақлия» деген өсиеттері сол 1890 жылмен 1898 жылдардың арасында жазылған. 1891 жылдан соң, өлеңмен айтпақ болған сөздерінің талайын қарасөзге айналдырып жіберген. Кей уақыттарда бірталай өлеңдерін сол қарасөзде айтқан пікірлерінен шығарып, өлең қылып кеткені де бар. Қалай да соңғы 10–15 жыл ішінде Абай осы сияқты жаңа жанрды тауып, соған кейде өлеңнен де көп уақыт бөледі. Бұл кездерде Абай сөзін қадірлі көріп, әрбір шыққан жаңа өлеңдеріне ынтық болып отырған оқырмандары «қарасөздер» шыға бастаған соң, мұны өлеңнен кем көрмейтін болады. Қайта берірек келгенде, ел ішіндегі оқушының барлығы да Абай сөздерін молдаларға ақша беріп жазғызып, көшіртіп алып жүргенде, ең алдымен қарасөзді тілейтін. Соған көп ынтығатын. Тегі, «қарасөздер» кім болса, соның қолында кетпей, жазылысымен маңайындағы сауаттылардың қолына түсіп, сонда шашылмай, аман сақталып қалған сияқты. Бұл ретте Абай сөздерінің шашылмауына, жоғалмауына, мезгілімен тізіліп, жазылып, елге тарап отыруына көп еңбек еткен адамдар бар. Олар: Кішкене молда, Махмуд, Самарбай, сонан соң, әсіресе, Мүрсейіт. Баспаға шыққанынша жыл бойы әлденеше рет Абай жинағын көшіріп отырып, Мүрсейіт бір кітапты бір қойға сатушы еді», – деп жазады. Бұдан сол тұстағы ересек адамдардың қарасөзге ерекше зейін қойғанын байқауға болады. Мұны «Абай өмірбаянының» бірінші нұсқасында М.Әуезов «көзімен көргендігін» де жазады.

Абай көптеген қарасөздерінде ежелден оқымысты адамдарды толғандырып келе жатқан жан мен тән ұғымына терең бойлап, дүниежүзіне белгілі ғұламалармен ой жарыстырып, адамның болмысы мен оның жан сыры туралы дербес ой айтқан. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңінде Алланы сүю, адамзатты сүю, хақ жолын (әділет) сүю – «осы үш сүю болады имани гүл» деп, өз тұсынан «Имани гүл» деген философия жасады.

Сөздік:

Дуализм – дүниенің негізі бір-біріне бағынбайтын, тең праволы екі нәрседен – рухтан және материядан басталады деп танып, материализм мен идеализмді үйлестіруге тырысатын философиялық ағым. Диалектикалық материализм дуализмді теріс деп таныған.

1

Білу

1. «Хауас» деген не? Оны қай ғалым зерттеді?
2. Ақын адам денесіндегі тіршілік мекені қай жерде деп есептейді?
3. Абайдың «мені» нені білдіреді?
4. «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңінің кімге арналып жазылғанын естеріңе түсіріңдер. Интернеттен осы өлеңді жүктеп алыңдар.

2

Түсіну

1. Абай не себепті дүние бес нәрсемен өлшенеді деп есептейді?
2. Ақынның қарасөздері қалайша сақталған?
3. Неліктен автордың кейбір өлеңдері мен қарасөздері үндесіп кетеді?
4. Ақын неге адам мәңгілік деген тұжырым жасайды?

3

Қолдану

Ғалым әл-Машани Абайдың даналық дариясының бастауында үш көзі барын көрсетеді. Осы бойынша кесте толтырыңдар.

Абайдың даналық дариясы	Даналық дариясы бастауының 3 көзі-не 3 дәлел келтір	3 дәлелге 3 дерек келтір
	1. 2. 3.	1. 2. 3.

1. «Талқылау картасы» әдісімен «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңі бойынша кестені толтырыңдар.

Не өледі?	Себебі	Не өлмейді?	Себебі

2. Өлеңдегі «ләмәкән» сөзінің мағынасын, автордың оны қолдану мақсатын талдаңдар.

«Он сұрақ» әдісі арқылы алған білімдеріңе сүйене отырып, ойды жинақтап, түйін түйіндер. Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оған негізгі сөз жазылған стикерді береді. Қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не «ИӘ», не «ЖОҚ» деп беріледі. Оқушы сол арқылы бүгінгі сабаққа қатысты ұғымды табады.

М.Әуезовтің «Абай діні – сыншыл ақылдың шарты» дегенімен келісесіңдер ме?

Әдебиет:

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монография. / Шығармаларының 50 томдық толық жинағы. Т. 35. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014. – 297–301-б.
2. Қоңыратбаев Ә. Фараби және Абай. / Кітапта: Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 326–335-б.
3. Әл-Машани А. Әл-Фараби және Абай. Көптомдық шығармалар жинағы. – Т. 2. – Алматы: Алатау, 2005. – 296 б.
4. Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 208 б.

6.4 Жетінші қарасөз

Абай «*Жетінші қарасөзінде*» (1891) жан мен тән құмары туралы ұғымдарға сипаттама береді. Бала мінезінің өзгеріске түсу сырлары, ғылым, білім тәрбиесі, дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырларын білу туралы ақын бірнеше кесімді пікір айтады. Сөздің өзін оқиық: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе, соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнайкерней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса, денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Өзелде Құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?

Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде

билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билет-педік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің?» – дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса – ұқпаймыз.

Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп нағандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз».

1

Білу

1. «Жетінші сөзді» жаттап алыңдар.
2. Автор пайымдауынша, тән жанға қонақ үй болу үшін қандай шарт орындалу керек?

2

Түсіну

1. Не себепті бала екі түрлі мінезбен туады?
2. Автор неге «хайуанның жаны» және «адамның жаны» деп бөледі?

3

Қолдану

Өз ойларыңмен кестені толтырыңдар:

Бала кезде	Жан құмары	Тән құмары

Ересек кезде	Жан құмары	Тән құмары

Кестеден кейін жинақтаған ойларыңды «ПОПС формуласы» әдісі бойынша дәптерге жазыңдар.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,...»

Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

4

Талдау

1. Үш топқа бөлініп, ұсынылған тақырып бойынша автор бейнесіне қатысты себептер мен дәлелдер тауып, қорғаңдар.
1-топ: Автор – оптимист.
2-топ: Автор – реалист.
3-топ: Автор – патриот.
2. «Дербес пікір айту» әдісі бойынша «Жетінші сөзді» талдап, ойларыңды ортаға салыңдар.
 1. Өзіндік пікір (ой, идея).
 2. Дәлел.
 3. Өз пікірін айғақтайтын мысал.
 4. Өз пікіріне қарсы дәлел.
 5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал.
 6. Қорытынды.

5

Жинақтау

«Үш сұрақ» тәсілі бойынша сұрақтарға жауап беріп, тақырыпты қорытындылаңдар.

1. Абайдың осы қарасөзді жазудағы мақсаты неде деп ойлайсыңдар?
2. Автордың: «Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен» дегенімен келісесіңдер ме? Пікірлеріңді дәлелдендер.
3. Абай өзінің қарасөзді жазғандағы мақсатын қалай түсіндірген?
 - 1) *Пікір.* Ақынның идеясын бір сөйлеммен жеткізіңдер.

- 2) *Дәлел.* Қарасөзден үзінді келтіре отырып, өз пікірлеріңді бір сөйлеммен дәлелдендер.
- 3) *Мысал.* Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.
- 4) *Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды шығарыңдар.

Білуге, рухани өсуге ұмтылмаған адамның қоғамдағы орны туралы өз ойларың қандай?

6.5 Отыз сегізінші қарасөз

Абайдың «*Отыз сегізінші қарасөзі*» (1896) діни-философиялық мазмұнда жазылған еңбектерінің ең биік шыңы болып табылады. Бұл сөз Мүрсейіт қолжазбасында (1905) «Китаб тасдиқ» деген атпен дербес шығарма ретінде алынған.

Кеңес дәуіріндегі коммунизм идеологиясының қатаң құрсауына түскен бұл сөзді оқшаулап көрсету мүмкін болмады. Сондықтан да оны «ғақлия» сөздер қатарына енгізіп жіберген. Себебі мұнда Абай қаламына тән өсиет пен сыншылдық көзқарас қатар өрбиді.

«*Отыз сегізінші қарасөзінде*» Абай Алланың құдіреті мен оған тән сипаттарға бас ие отырып, Адамның болмысы мен хақиқатқа барар жолы, өлшеулі мен өлшеусіздік ұғымы, пайғамбарлар, әулиелер, хакімдер мен Аллаға құлшылық ету турасындағы ой-толғамдары көрініс тапқан. Автордың негізгі идеясы – адамдық жолын насихаттау, ақыл дарыту, ғылым үйрену. Бұл «Енді біліңіздер, ей, перзенттер! Құдай тағаланың жолы деген жол Алла тағаланың өзіндей шексіз артық (ниһаятсыз) болады. Оның артықтығына (ниһаятына) ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол – таза мұсылман, толық адам делінеді» деген сөзінен көрінеді. Мұнда толық адам болу, яғни ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста демесе де, «Күллі адам баласын

қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық» деп біледі. Осылардың қай-қайсысы туралы айтқанын да, әсіресе, «Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады» деген сөзін әмәнда есте ұстау керек.

Абай «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – хақиқат, оған ғашықтық хақ жолы және адамдық жолы» екендігін айта келіп, «Әрбір ғалым – хақім емес, әрбір хақім – ғалым» дейді. «Адаспай тура іздеген хақімдер болмаса, дүние ойран болар еді» дейді. «Бұл заманның молдалары хақім атына дұшпан болады. Растың бір аты – хақ, хақтың бір аты – Алла, бұған қарсы қаруласқанша, мұны ұғып, ғадаләтпен тәптіштеуге керек. Мұндай пиғылдардан күпір (дінінен безу) қауіпі де бар. Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз. Мал мен ғылымды кәсіп қылмақпыз. Өнер – өзі де мал, өнерді үйренбек – өзі де жақсылық», – деп ізгі жолды нұсқайды.

«*Отыз сегізінші қарасөзі*» түсінуге күрделі болғандықтан, біз төменде оқылуға оңай жағын қарастырып, түсініктермен беруге тырыстық. Қане, оқып көрейік!

Абай бұл сөзді «Ей, жүрегімнің қуаты, перзенттерім! Сіздерге адам баласының мінездері туралы есте қалатын біраз сөз жазып қалдырайын. Ықыласпенен оқып, ұғып алыңыздар, сонда махаббатың толады» деген сөздермен бастайды. «Ал махаббат әуелі адамның адамдығы, ақыл, ғылым деген нәрселерменен толады, мұның табылмақтығына себептер – әуелі жақсы сипат (хауас сәлим) һәм тән саулық. Бұлар тумысынан болады, өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Талап, ұғым махаббаттан шығады. Ғылым-білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен (ата-ана, дос-құрбы және ұстаз) болады. Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Үйрене келе өзі іздегендей болғанша, басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек. Қашан бала ғылым-білімді махаббатпенен көксерлік болғанда ғана адам болады. Сонан соң ғана Алла тағаланы танымақтық, өзін

танымақтық, дүниені танымақтық керек, өз адамдығын бұзбай ғана табыс, кіріс, пайда, қайырымды іс, қызығушылық пен залал келтіретін нәрсені айыра білу секілді ғылым-білімді үйренсе, үміт қылмаққа болады. Әйтпесе түк шықпайды, бәрі шала болады. Мұның себебі көбінесе балаларды жасында ата-аналары қиянатшылыққа салындырып алады, соңынан моллаға берген болады, я ол балалары өздері барған болады – бұдан ешбір пайда (бәһра) болмайды. Олар талапқа да, ғылымға да, ұстазға да, тіпті иман иғтиқатқа да (міндетіне де) қиянатпенен болады. Бұлардан – жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман шығады. Олардың адамшылығының сенім (кәмәләт) таппағы – қиынның қиыны. Себебі Алла тағала өзі – хақиқат, растықтың жолы. Қиянат – хақиқат пен растықтың дұшпаны. Дұшпаны арқылы шақыртқанға дос келе ме? Көңілде өзге махаббат тұрғанда, хақ жолын таппайды. Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпенен табылады. Ол – Алланың ғылымы емес, һәмманы білетұғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Бұл – Алланың өзіне ғашықтық. *Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – ақиқат (хақиқат), оған ғашықтық – хақ жолы және адамдық жолы.* Болмаса, мал таппақ, мақтан таппақ, сый-құрмет (ғиззат-құрмет) таппақ секілді нәрселердің махаббатымен ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды.

Мал, мақтан, сый-құрмет адамды өзі іздеп тапса, адамдықты бұзбайды һәм көрік болады. Егер де адам өзі оларға табынып іздесе, тапса да, таппаса да адамдығы жоғалады. Енді хақиқат сүйіп, шынды білмек құмарың бар болса, адамдыққа лайықты ықыласты құлағыңды қой. Әуелі дін исламның жолындағы пенделер иманның хақиқаты не сөз екенін білсін. Иман дегеніміз – бір ғана иланбақтық емес, сен Алла тағаланың бірлігіне, уа құранның оның сөзі екендігіне, уа пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа саллаллаһу ғалайһи уәссәлләм оның тарапынан елші екендігіне иландың. Жә, не бітті? Сен Алла тағалаға Алла тағала үшін

иман келтіремісің я өзің үшін иман келтіремісің? Сен иман келтірмесең де, Алла тағалаға келер ешбір кемшілік жоқ еді. Өзің үшін иман келтірсең, жә иландың. Ол иланбақтығың құр ғана иланбақтықпен қалса, саған пайда бермейді. Бұл үшін сен өзің иланбақтығыңнан пайда ала алмадың, ал пайдаланамын десең, пайда береді, кәміл иман болады. Пайданы қалайша алуды білмек керек. Сіз «Құдайға оның есімдері мен сипаттарына иман келтіремін» (Өмәнту биллаһи кәма һуә би исмайһи уа сифатиһи) дедіңіз. Ол есім Алланың аттары, Алла тағаланың бүкіл ұлы сипаттарының аттары, олардың мағынасын біл һәм өзіне лайық сегіз сипатын кәміл үйрен. Өзінді оның құлы деп біліп және мұсылманмын деп ат қойып, шын пиғылмен берілу керек. Өз пиғылдарыңды соған өз халіңше ұқсатуды шарт қыл. Алла тағалаға ұқсай алам ба деп, надандықпен ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ – дәл бірдейлік дағуасыменен емес, соның соңында болмақ. Алла тағаланың сипаттары: Хаят (Тірлік), Ғылым (Білу), Құдірет (Күш беру), Басар (Көру), Сәмиғ (Есту), Ирада (Тілеу), Кәлам (Сөйлеу), Тәкин (Жарату, жоқтан бар ету). Алла тағалаға ғана тән бұл сегіз сипатты өзінің пендесіне де әрбірінен өз халінше бар қылып жаратышты. Жә, біз өзіміздің бойымызға біткен сегіз аттас сипатымызды Алла тағаланың сегіз ұлы сипатынан бас бұрғызып, өзге жолға салмақпенен біздің атымыз мұсылман (муслим) бола ала ма? Болмаса керек. Жә, Алланың сегіз сипатына сипатымызды қоспау керек, иман келтіріп, неменен табылады, қалайша табылады, соны білмек керек. Ол – Алла тағаланың заты, ешбір сипатқа мұқтаж емес, біздің ақылымыз мұқтаж, жоғарыдағы жазылған сипаттар арқылы тәңір ісін танымаққа керек. Егер де ол сипаттардан тағылым алмасақ, бізге Алланы тану (мағрифатулла) қиын болады. Біз Алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне ешбір хакім (дана) ақыл ерістіре алмады. Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды. Біз Алла тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол

«бір» демеклік те – ақылымызға ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз. Болмаса ол «бір» демеклік те Алла тағалаға лайықты келмейді. Бұл үшін болуы мүмкін нәрселер ішінде не нәрсенің болмысы бар болса, ол бірліктен құтылмайды. Әрбір пайғамбар сөзіне (хадиске) айтылатұғын бір көне (қадимге тағриф) болмайды. Ол «бір» деген сөз ғаламның ішінде, ғалам Алла тағаланың ішінде, Құдай табарака уа тағала кітаптарда сегіз тұрақты (субутия) сипаттары мен 99 жақсы есімдерімен білдірген. Бұлардың һәммасы Алла тағаланың өзіне лайық тұрақты (затия субутия) және өзі істейтін (фиғлия) сипаттары. Мен мұнда сіздерге төртеуін білдіремін. Оның екеуі – ғылым, құдірет. Сегіз сипаттан қалған алтауы – бұларға түсінік (шарх). Ол алтауының бірі – хаят, яғни тірлік.

Алланы бар дедік, бір дедік, ғылым, құдірет сипаты бірлән сипаттадық. Бұл бірлік, барлық ғылым, құдірет күші боларлық нәрселер ме? Әлбетте, ғылым құдіреті бар болады: хаяты (тірлігі) – мағлұм, бірі – ирада, яғни қаламақ. Ғылым бар болса, қаламақ та бар. Ол еш нәрсеге харекет бермейді. Һәммаға харекет беретұғын өзі. Ол ирада (қалау, тілеу) ғылымының бір сипаты – кәләм, яғни сөйлеуші. Сөз қаріпсіз, дауыссыз болушы ма еді? Алланың сөзі – қаріпсіз, дауыссыз. Ендігі айтқандай қылып білдіретұғын құдіреті – басар, сәмиғ, яғни көруші, есітуші деген. Алла тағаланың көрмегі, естімегі, біз секілді көзбенен, құлақпенен емес, көргендей, естігендей білетұғын ғылымның бір сипаты. Бірі – тәкуин, яғни барлыққа келтіруші, жоқтан бар ету деген сөз. Егер барлыққа келтірмегі өзіне ғана тән сипатымен жаратылса, Алла тағаланың сипаты өзіндей қадім, һәм әуелден, һәм құлшылық ету болады да, әрдайым (һәмишә) барлыққа келтіруден босанбаса, бір сипаты бір сипатынан үлкен я кіші болуға жарамайды. Олай болғанда ғылым, құдірет сипаттары секілді босанбай, һәр уақыт жаратуда болса, бір ықтиярсыздық шығады. Ол ықтиярсыздық Алла тағалаға лайықты емес. Оның барлыққа келтірмегі – құдіретіне ғана бір түсінік (шарх). Бұл ғылым, құдірет екі сипат пенен сегіз

сипат бұзылмастан түгел болады. Ол ғылым, құдіретте ешбір шексіз (ниһоятсыз), ғылымында қапы қалу (ғафләт), құдіретінде епсіздік және нашарлық жоқ. Саниғын сұнатына (ісіне) қарап білесіз. Бұл көзге көрінген, көңілге сезілген ғаламды қандай хикметпенен жарастырып, қандай құдіретпенен орналастырғанына ешбір адам баласының ақылы жетпейді. Бірақ пендесінде ақыл – хукімші (укім шығарушы), қайрат, қуат – қызмет қылушы еді. Соған қарап ойлайсың: Алла тағаланың сипатында солай болмаққа тиіс. Бірақ әуелде айтқанымыз: ғылым, құдірет – біздің ұғуымызға ғана екі хисап болмаса, бір-ақ ғылымды құдірет болуға тиіс. Олай болмаса сипаттар өз орталарында бірі – ертуші (тәбиғ), бірі – еруші (матбуғ) болады ғой. Бұл болса, құдайды тануға (тағриф раббыға) жараспайды. Сегіз сипат қылып және ол сипаттар «басқа да емес, соның өзі де емес» («ла ғаиру уә ләһу») болып, бұлай айтуда, бұлардан бір өз алдына жамағат яки жамиғат (көп адам) шығып кетеді. Бұл болса, келіспейді. Егер де сипаттарды әрбірін басқа-басқа дегенде, көп нәрседен жиылып, иттифақпенен құдай болған болады. Бұлай деу теріс (бутыл), бір ғана құдірет пендеде болған қуат: құдірет, ғылым ақылдан басқа болатұғын еді, Алла тағалада болған құдірет – ғылым һәм рақымет. Ол – рақымет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да, Алла тағаланың Рахман (Жарылқаушы), Рахим (Мейірімді), Ғафур (Кешіруші), Уадуд (Сүзуші), Хафиз (Қорғаушы, Сақтаушы), Сәттар (Айыпты), Раззақ (Рызық беруші), Нафиг (Пайда беруші), Уәкил (Өкіл), Латиф (Кішіпейіл) деген есімдеріне сүйеніп (бинаһи), бір ұлығ сипатынан хиссаптауға жарайды. Бұл сөзіме нақлия (бұрыннан айтылып жүрген сөздермен) дәлелім – жоғарыдағы жазылған Алла тағаланың есімдері. Ғақлия (ақылмен, оймен) дәлелім – Құдай тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісіммен жаратқан, онан басқа, бірінен бір пайда алатұғын қылып жаратыпты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатұғын ақылды Адамды (инсанды) жаратыпты.

Хайуандарды асырайтұғын жансыздарды еті ауырмайтын қылып, жан иесі хайуандарды ақыл иесі адам баласы асырайтын қылып, һәм олардан махшарда (заман ақырда адам баласының күнәсі тексерілетін орын, ақырет) сұрау бермейтұғын қылып, бұлардың һәммасынан (барлығынан) пайда аларлық ақыл иесі қылып жаратқан. Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында һәм ғадаләт, һәм махаббат бар. Адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар сипатында жаратпай, бұл гузәл сипатты беріп, екі аяққа бастырып, басын жоғары тұрғызып, дүниені көздерлік қылып, өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, иісін алып ләззаттанғандай қылып, ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстінен тазалығын байқарлық екі көз беріп, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік жасап, маңдай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас беріп, оның жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе? Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе? Ақыл көзімен қара: күн қыздырып, теңізден бұлт шығарады екен, ол бұлттардан жаңбыр жауып, жер жүзінде неше түрлі дөңдерді өсіріп, жемістерді өндіріп, көзге көрік, көңілге рахат гүл-бәйшешектерді, ағаш-жапырақтарды, қант қамыстарын өндіріп, неше түрлі нәбатәттәрді (өсімдіктерді) өсіріп, хайуандарды сақтатып, бұлақтар ағызып – өзен болып, өзендер ағып – дария болып, хайуандарға, құсқа, малға сусын, балықтарға орын болып жатыр екен. Жер – мақтасын, кендірін, жемісін, кенін, гүлдер – гүлін, құстар – жүнін, етін, жұмыртқасын; хайуандар – етін, сүтін, күшін, көркін, терісін; сулар – балығын, балықтар – икрасын (уылдырғыш), ара – балын, балауызын, құрт – жібегін – һәммасы (бәрі) адам баласының пайдасына жасалып, ешбірінде бұл менікі дерлік бір нәрсе жоқ, бәрі – адам баласына таусылмас азық.

Миллион хикмет бірлән жасалған машина, фабрик адам баласының рахаты, пайдасы үшін жасалса, бұл жасаушы махаббат бірлән адам баласын сүйгендігі емес пе? Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз емес пе? Адам баласы қанағатсыздықпенен бұл хайуандардың тұқымын құртып, алдыңғылар артқыларға жәбір қылмасын деп, малды адам баласының өзінің қызғанышына қорғалатып, өзге хайуандарды бірін ұшқыр қанатына, бірін күшті қуатына, бірін жүйрік аяғына сүйентіп, бірін биік жартасқа, бірін терең тұңғиыққа, қалың орманға қорғалатып, һәм әрбірін өсіп-өнбекке құмар қылып, жас күнінде, кішкене уақытында шафхат, рақыметіменен бастарын байлап, қамқор қылып қоймақтығы – адам баласына өсіп-өніп, теңдік алсын емес, бәлки, адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегендік. Жә, бұл хикметтерінің һәммасын һәм мархамат, һәм ғадаләт заһир (әділдіктің көрінуі) тұр екен. Біз ортамызда бұл жақсылық, жәрдем (мархамат), ғадаләтті иманның шартынан хисап қылмаймыз, бұл үшін мұсылман болғанда, Алла тағалаға тәслим болып, оның жолында болмақ едік, болғанымыз қайсы? Бұл ай мен күннен артық мағұлым тұрған жоқ па? Тәңір ісінің ешбірінде қарар қылмаймыз, өзгелерде болғанын жек көрмейміз, өзіміз тұтпаймыз, бұл қиянатшылық емес пе? Қиянатшылыққа бір қарар тұрған адам – я мұсылман емес, ең болмаса шала мұсылман. Алла табарака уа тағаланың пенделеріне салған жолы қайсы? Оны көбі білмейді. «Құдайдың бергеніне ой жібер («Тәфаккару фиғла иллаһи») деген хадис шарифтің (пайғамбардың ізгі сөзі) «Егер сен Алланы сүйсең, ол да сені сүйеді» («инналаһу йухиббул муқситин») деген аяттарға ешкімнің ықыласы, көңілі менен ғылымы жетіп құптағанын көргенім жоқ. «Жұртқа жақсылық істе және өзің де қайырымды бол, өйткені Алла жақсылық істеушіні жақсы көреді» («Әтәмурун әннәсә билбирри уәәхсәну инналаһу йухиббул мүхсин»), «сондай адамдар құдайға иман келтіреді, жақсы істер істейді, ондайлардың орны мәңгі жұмақта» («уәлләзинә әмәну уәғәмилу салихати

улайна асхабул жәннәти һәм фиһа халидун») деген аяттар құранның іші толған ізгі іс не екенін білмейміз. «Бірақ сондай адамдар бар, құдайға иман келтіреді, жақсы істер істейді. Сөйтіп, міндетін атқарады, өйткені құдай залымдарды сүймейді» («Уа әммәлзина амәну уәғамилус салиһати фәйуәффиһим ужурәһум уаллаһу лә йхуб-буз-залимин») аятына қарасаң, ғамалус-салих залымдықтың керісі (зидды) болар. Олай болғанда ғадаләт рафғат болуға кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның ұяты (хиясы) жоқ, кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ деген, пайғамбарымыздың салаллаһу ғалайһи уәссәлләмнің хадис шарифі «кімнің ұяты жоқ болса, соның иманы жоқ» («мән-лә хаяун лаһу») деген дәлел дүр. Енді белгілі, иман құр иланышпенен болмайды, ғадаләт уа рафғатпенен болады. Ғамалус-салих ғадаләтті уә мархамәтті болмақ күллі тән бірлән қылған құлшылықтардың ешбірі ғадаләтті, мархаматты бермейді. Көзің күнде көреді намаз оқушы, ораза тұтушылардың не халәттә екендіктерін, оған дәлел керек емес. Бәлки ғадаләт барша ізгіліктің анасы дүр. Ынсап, ұят – бұл ғадаләттен шығады. Оның үшін ғадаләті адамның көңіліне келеді: мен өз көңілімде халық менімен, сондай-мұндай қылықтарымен мұғамәла (араласу, қатынасу) қылса екен деп ойлап тұрып, өзім сол халықтармен мұғамәла қылмағандығым жарамайды ғой деп, сол өзі әділет те һәм ынсап та емес пе? Ол һәмма жақсылықтың басы емес пе? Жә, олай хұлықпенен (пейіл) сол ойды ойлаған кісі жаратушыны, шүкірді неге ойламайсың?

Шүкір, ырзалықтан (шәкірліктен) ғибадаттың бәрі туады. Енді қалайда (зинһар) ғадаләт, шапағаттан босанбаңдар. Егер босансаң, иман да, адамдық та һаммасы босанады. Аллаяр софының бір фәрдәдән жүз фәрдә жайсыз (бижай) дегені басыңа келеді. Енді біздің бастағы тағриф (тану) бойынша Құдай тағала ғылымды, рахымды, ғадаләтті, күдіретті еді. *Сен де бұл ғылым, рахым, ғадаләт үш сипатпенен сипаттанбақ*: ижтиһатің (талап) шарт еттің, мұсылман болдың һәм толық адамгершілігің (инсаниятың) бар болады.

Белгілі *жәуанмәрттік* (жақсы адам) үш сипатпен (хаслат) болар деген, ол – *шындық* (сиддик), *ізгілік* (кәрәм), *даналық* (ғақыл). Бұл үшеуінен шындық ғадаләт пен ізгілік шафхат болар. Даналық (ғақыл) – ғылымның бір аты екендігі мағлұм. Бұларды Алла тағала әр адамның бойында шамамен (тәхмин) бар қылып жаратқан. Бірақ оған реттеу (рәуаж) беріп гүлдендірмек, бәлки, адам өз халінше кәмәлатқа жеткізбек жәһәтінде болмақ. Бұлар – өз иждиһатімен, шын ниетімен ізденсе ғана берілетін нәрселер, бұлай болмаса, жоқ. Бұл айтылмыш үш сипаттың (хасләттің) иелерінің алды – пайғамбарлар, онан соң – әулиелер, онан соң – хакімдер, ең ақыры – кәміл мұсылмандар. Бұл үш түрлі фиғыл құдайдың соңында болмақ, өзін құл біліп, бұл фиғылдарға ғашық болып тұтпақты пайғамбарлар үйретті әулиелерге, әулиелер оқыды, ғашық болды. Бірақ ақыреттік (ұхрауи) пайдасын ғана күзетті. Ғашықтары сол халге жетті, дүниені, дүниедегі тиерлік пайдасын ұмытты. Бәлки, хисапқа алмады. Хакімдер дүниеде тиетін пайдасын сөйледі, ғибрәт (үлгі) көзімен қарағанда, екеуі де бірінен-бірі көп жырақ кетпейді. Бұл үшін әрбірінің сөйлеуі, айтуы басқаша болса да, Алла тағаланың сұңғатына қарап, пікірлемектікті екеуі де айтты. Пікірленбектің соңы ғибраттанбақ болса керек. Бұл ақыл, ғылым – екеуі де өзін зорға есептемекті, залымдықты, адам өзіндей адамды алдамақты жек көреді. Һәм екеуі де мархаматты, шапағатты болмақтықты айтып бұйырды, бұл рақым болса керек. Бірақ менің ойыма келеді, бұл екі тайфа әр кісі өздеріне бір түрлі нәпсісін фида қылушылар деп. Яғни, пенделіктің кәмәлаты әулиелікпен болатұғын болса, күллі адам тәркі дүние болып һу деп тариқатқа (дін жолы) кірсе, дүние ойран болса керек. Бұлай болғанда малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі Алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді? Арам нәрсе (хәрами), жиіркеніш (макруһи) былай тұрсын, Құдай тағаланың қуатыменен, ижтиһад ақылыңменен тауып, рахатын көрмегіне бола жаратқан, берген ниғметтеріне, онан көрмек хұзурға (тыныштық,

рахатшылық) суық көзбен қарап, ескерусіз тастап кетпек ақылға, әдепке, ынсапқа дұрыс па?

Сахиб ниғметке шүкіршілігің жоқ болса, әдепсіздікпенен күнәкәр болмайсың ба? Екінші – бұл жолдағылар қор болып, дүниеде жоқ болып кету де хаупі бар, уә көпірлерге жем болып кету де, қайсыбір сабырсызы жолынан тайып, сабырмен бір қарар тұрамын дегені болып кетселер де керек. Егер де бұл жол жарым-жартыларына ғана айтылған болса, жарым-жарты рас (расымен) дүниеде бола ма? Рас болса, һәммаға бірдей рас болсын, алалаған рас бола ма, һәм ғадаләт бола ма? Олай болғанда, ол жұртта ғұмыр жоқ болса керек. Ғұмыр өзі – хақиқат. Қай жерде ғұмыр жоқ болса, онда кәмәлат жоқ. Бірақ әулиелердің де бәрі бірдей тәркі дүние (дүниеден безген) емес еді, Мұхаммедтің тірі күнінде жұмаққа кіреді деп сүйініп берілген он адамның ішінде қазірет Ғосман, Ғабдурахман бин Ғауф, уә Сағид бин әбу Уаққас үшеуі де үлкен байлар еді. Бұл тәркі дүниелік: я дүние ләззатына алданып, ижтиһадым шала қалады деп, бойына сенбегендік; я хирс (дүниеқұмарлық) дүниеліктен қауымның көңілін суытпақ үшін, ренжуге сабыр етіп, өзін фида қылып, мен жаныммен ұрыс қылғанда, халық ең болмаса нәпсісімен ұрыс қылып, һәуа һәуастан (әуестену) әрбір арзу (тілек, мақсат, арман) нәпсіден суынып, ғадаләт, мархамат, махаббатына бір қарар болар ма екен деген үмітпенен болса керек. Олай болғанда о да жұртқа қылған артық махаббаттан хисап. Бірақ бұл жол – бек шетін, бек нәзік жол. Бұл жолда риясыз, жеңілдіксіз бір қарар тұрып іздеген ғана кісі істің кәмәлатына (ақиқатына) жетпек. Бұл заманда надир (сирек), бұған ғылымның да зоры, шындық (сиддиқ), қайраттың да зоры, махаббаттың халлақна да, уа халық ғаламға да бек зоры табылмақ керек. Бұлардың жиылмағы – қиынның қиыны, бәлки, бұзықтық (фитнә) болар.

Басына һәм бір өзіне өзгешелік бермек – адам ұлын бір бұзатын іс. Әрбір наданның бір тариқатқа (сопылар жолы) кірдік деп жүргені біз бұзылды дегеніменен бір болады. Хакім, ғалым – әсілі бір сөз, бірақ ғарафта (танып, білуде)

басқа. Дүниеде ғылым заһири (сыртқы ғылым) бар, олар айтылмыштарды нақлия деп те айтады. Бұл нақлияға жүйріктер ғалым атанады. Құдай тағала ешбір нәрсені себепсіз жаратпаған, мұны ізерлеп, негізделген хадиске жаратушының шеберлігімен құмар болып ғибратланушыларға тыю жоқ, бәлки, сұнғатынан себепін білмекке құмарлықтан саниғ (жасаушы) ғашықтық шығады. Құдай тәбәрақаның затына пендесінің ақылы жетпесе, дәл сондай ғашықпын демек те орынсыз. Ғашық-сүйюші халик пен махлұқ ортасы байланыссыз, Алла тағаланың пендесін махаббат уа мархаматпенен жаратқанын біліп, махаббатына махаббатпенен ғана елжіремекті тәңір ісіне ғашық болды дейміз. Олай болғанда хикмет тәңір ісіне пенде өз ақылы жетерлік қадірін ғана білсем деген әрбір істің себепін іздеушілерге хақім ат қойды. Бұлар хақ пен батылды айырмаққа, себептерін білмекке тырысқандарыменен һәммасы (бәрі) адам баласының пайдасы үшін, ойын-күлкі түгіл, дүниедегі бүкіл ләззат бұларға екінші мәртабада қалып, бір ғана хақты таппақ, әрбір нәрсенің себепін таппақпенен ләззаттанады.

Адаспай тура іздеген хақімдер болмаса, дүние ойран болар еді. Фиғыл пәнденің (аламның ісі) қазығы – осы жақсы хақімдер, әр нәрсе дүниеде солардың ойлауымен (истихражы) реттеу (рауаж) табады. Бұлардың ісінің көбі – дүние ісі, ләкин (және де) осы хақімдердің жасаған, таратқан уә айтқан істері, ахиретке егіндік болатын дүние сол. *Әрбір ғалым – хақім емес, әрбір хақім – ғалым.* Ғалымдарының нақлиясымен (әсиетімен) мұсылман иман біреуге еріп (тақлиди) көсіп қылады. *Хақімдердің ғақлиятымен (ақылымен) жетсе, иман шын (якини) болады.* Бұл хақімдерден мұрат-мұсылман хақімдері, болмаса ғайри діннің хақімдері – «талап қылсаң табарсың» делінсе де, дүниенің һәм адам баласы өмірінің сырына жетсе де, діннің хақ мағрифатына жете алмағандар. Бұлардың көбі – иманның жеті шартынан, бір Алланы танымақтан ғайри, яғни алтауына кімі күмөнді, кімі мүнкір (сенбеу, қарсы келу) болып, тағат таба (тахқиқлай) алмағандар. Егер бұлар дін ұстазымыз емес болса да, дінде

басшымыз құдайдың елшісі пайғамбарымыздың хадис шарифі (ізгі сөз) «адамның жақсысы – адамға пайда келтірген адам» деген. Бұл хакімдер ұйқы, тыныштық, әуес-қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармақ болып, яғни электрді тауып, аспаннан жайды бұрып алып, дүниенің бір шетінен қазір жауап алып тұрып, от пен суға қайласын (айласын) тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы, әсіресе, адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ пенен батылдықты айырмақты үйреткендігі – баршасы пайдалы (нафиғлық) болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дау жоқ.

Бұл заманның молдалары хакім атына дұшпан болады. Бұлары – білімсіздік, бәлки, бұзық фиғыл (пиғыл), адамның көңілі жаманшылыққа ауып тұрғанмен тең. Олардың шәкірттерінің көбі біраз ғарап-парсыдан тіл үйренсе, бірлі-жарым болымсыз сөз – бахас үйренсе, соған мәз болып, өзіне өзгешелік беремін деп әуре болып, жұртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зарарлар хасил қылады «най-най!» менен, мақтанменен қауымды адастырып бітіреді. Бұлардың көбі әншейін бұзық (жәһил) түгіл, бұзық адамдар сияқты талап болса, қайда хақ сөздер келсе, қазір инсапқа (нысап) қайтсын һәм ғибраттансын. Рас сөзге ор қазып, тор жасамақ не деген инсап, құр өзімшілдік һәм әрбір өзімшілдік – адам баласын бұзатын фиғыл (пиғыл).

Растың бір аты – Хақ, хақтың бір аты – Алла, бұған қарсы қаруласқанша, мұны ұғып, ғадаләтпен тәптештеуге керек. Мұндай фиғылдардан күпір (дінінен шығу) қаупі де бар. Және пайғамбарымыз салаллаһу ғалайһи уәссәлләм «ақыр заманда бір жылдық бір күн болар» дегенде ізгі сахабалар (сахаба-и кәрәмлар) «бұл бір жылдық бір күнде намаз нешеу болар» деп сұрағанда: оның патуасын сол заманның ғалымдары білер деген сөзінен ғибратланып қарасаң, замана өзгеруімен қағидалар өзгерілмегін білдіргені мағлұм болады. Бұл күндегі ғылым үйрену (тәхсилғұлум) ескі медреселер ғұрпында болып, бұл заманға пайдасы жоқ болды. Соған қарай Ғұсманияда (бұрынғы Түркия патшалығы) мектеп

харбия (әскери мектеп), мектеп рушдиялар (түрлі пәндер оқылатұғын мектеп) салынып, жаңа низамға айналған. Мұндағылар ұзақ жылдар өмір өткізіп, ғылымды пайдасыз ұсақ бахастарменен (күншілдермен) күнін өткізіп, тіршілік (мағишат) дүниеде надан бір ессіз адам болып шығады да, ешбір харекетке лайықты келмеген соң, адам аулауға, адам алдауға салынады. Көбінесе мұндай ессіздердің насихаты да тасирсіз болады.

Дүниенің мәғмурлығы (қызықтығы) – бір түрлі ақылға нұр беріп тұратұғын нәрсе. Жоқшылықтың адамды хайуандандырып жіберетіні де болады. Бәлки, дүниенің ғылымын білмей қалмақтық – бір үлкен зарарлы (қауіпті) надандық, ол құранда сөгілген: дүниеде кімде-кім өзіне өзгешелік бермек ниетпен малға махаббатын аударған дүние болмаса, жәрдем, жақсылықта (ихсанда) қолым қысқа болмасын деп һәм өзім біреуге тәуелді (тамғылы) болмайын деп, малға махаббатын аудармай, ізгілікке бола халал кәсіппен тапқан дүние емес.

Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз. Мал мен ғылымды кәсіп қылмақпыз. Өнер – өзі де мал, өнерді үйренбек – өзі де ихсан (жәрдем, жақсылық). Бірақ ол өнер ғадаләттан шықпасын, діни заңға (шарғыға) үйлесімді, сәйкес (муафих) болсын. Адамға хәлінше ихсанды (жәрдемші) болмақ – қарыз іс. Бірақ өзгелердің көмегіне (ихсанына) сүйенбек дұрыс емес. Моллалар тұра тұрсын, әсіресе (хусусан), бұл заманның ишандарына бек сақ болыңдар. Олар – фитнә (бүліншілік, бұзықтық) ғалым, бұлардан залалдан басқа ешнәрсе шықпайды. Өздері шарифат жолын (хүкім шарифатты) таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін-өзі сопылық жолындағы адамдар (әһіл тариқат) деп біліп және біреуді жеткізбек дағуасын (теңдікке үндеу хақысына ие болады) қылады. Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың жеткізбегі мүмкін емес, екіталай (мұхал), бұлар адам аздырушылар, тіпті (хаттә) дінге де залалды. Бұлардың сүйгені – надандар, сөйлегені – жалған, дәлелдері – тасбығы менен шалмалары, онан басқа ешнәрсе жоқ.

Енді біліңіздер, ей, перзенттер! Құдай Тағаланың жолы деген жол Алла тағаланың өзіндей шексіз артық (ниһаятсыз) болады. Оның артықтығына (ниһаятына) ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді. Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаң болса – өзің ниһаятлысың, ол жол – Құдайдың жолы емес. Ғаламнан жиылсын, маған құйылсын, отырған орныма ағып келе берсін деген ол не деген ынсап? Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан ғадаләт, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол – құдайдың жолы. Ол – ниһаятсыз жол, сол ниһаятсыз жолға аяғыңды берік бастың, ниһаятсыз құдайға тағырып хасил (жақындық табу) болып, хас (нағыз) езгу құлдарынан болмақ үміт бар, өзге жолда не үміт бар? Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты киімін түзетпек, жүріс-тұрысын түзетпек болады да, мұнысын өзіне бар дәулет деп біледі. Бұл істерінің бәрі өзін көрсетпек, өзін-өзі базарға салып, бар ақылы көзіндегі ақымақтарға «бәрекелді» дегізбек. «Осындай болар ма едік!» деп біреулер талаптанар, біреулер «осындай бола алмадық» деп күйінер, мұнан не пайда шықты? Сыртқа қасиет бітпейді, Алла тағала қарайтұғын қалыбыңа, боямасыз ықыласыңа қасиет бітеді. Бұл айнаға табынғандардың ақылы қаншалық өсер дейсің? Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүйемектікпен өсер.

Құдай тағала дүниені кәмалатты шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өссін-өнсін деп жаратқан. Сол өсіп-өну жолындағы адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды – әуелі дос көбейтпек. Ол досын көбейтпектің табылмағы өзінің өзгелерге қолыңнан келгенінше достық мақамында болмақ. Кімге достығың болса, достық шақырады. Ең аяғы ешкімге қас сағынбастық һәм өзіне өзгешелік беремін деп, өзін тілмен я қылықпен артық көрсетпек мақсатынан аулақ болмақ.

Бұл өзін-өзі артық көрсетпек екі түрлі! Әуелгісі – әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақтық, бұл адамға нұр болады.

Екіншісі – өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсетпек адамдықтың нұрын, гүлін бұзады.

Үшіншісі – қастық қылмақ, қор тұтпақ, кемітпек. Олар дұшпандық шақырады.

Ғәм өзі өзгеше тұтатын демектің түбі – мақтан. Әрбір мақтан біреуден асамын деген күншілдік бітіреді де, күншілдік күншілдікті қозғайды. Бұл үш түрлі істің жоқтығы адамның көңіліне тыныштық береді. Әрбір көңіл тыныштығы көңілге талап салады.

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің.

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды.

Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына (есебіне) қосылады.

Бұлардың емі халлақына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты, тұрлаулы, ғадаләт ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын. Ол білім, ғылымы құдайға мұқтәди (еру, жолға түсу) болсын. Ғылым әуелі ғалами ғылымға еру (мұқтәди) болсын. Яғни Құдай тағала бұл ғаламды жаратты, ерінбеді, келісімменен, хикметпенен көмәлатты бір жолға салып жасады, сіздердің ісіңіз де бір жақсылық бина (негіз, тірек) қылып, арқа сүйерлік шеберлікпенен болсын. Және Құдай тағала әрне (әртүрлі нәрсені) жаратты, бір түрлі пайдалы хикметі бар. Сенің де ісіңнен бір зарар (зиянды іс) шығып кеткендей болмай, көпке пайда боларлық бір үмігі бар іс болсын. Бұларсыз іс – іс емес. Бәлки, бұларсыз тағад (құлшылық ету, жалбарыну) – тағат та емес.

Белгілі, Құдай тағала ешбір нәрсені хикметсіз жаратпады, ешбір нәрсеге хикметсіз тәклиф (бұйыру, істе деу)

қылмады. Бәрінің хикметі бар, бәрінің себебі бар, біздің қауым былай тұрсын, ғылымға махаббаты барларға себеп, парыздарды білмекке талап қылу (ижтиһад) ләзім, сіздер әрбір ғамал (амал) қылсаңыз, ізгілік деп қыласыз, ізгілікке арнап, ниет етесіз. Ниет оның парызынан хисап, пайғамбарымыз салаллаһу ғалайһи уәссәлләмнің хадис шарифі: «не істеу үшін ниет, талап керек» («инна йағмала ағмал, бин-нийат») деген. Енді ниет еттіңіз таһарат (намаз оқыр алдындағы жуыну) алмаққа, намаз оқымаққа, ораза тұтпаққа, бұл тағаттарды (құлшылық ету) ниетіңіз сырт (заһирынан) қалып, ғибадатқа жетпегендігі кемшілік емес пе? Сіздің ішкі жағыңыз (батыныңыз) таза болмағы әуелі иман болып, бұл заһир (сыртқы) ғибадатыңыз иманды болған соң ғана, парыз болған, сіздің заһирыңыздағы (сыртқы) ғибадат – батыныңыздағы (ішкі дүниеңіздегі) иманның көлеңкесі, һәм сол иманның нұрланып тұрмағына көрік үшін бұйырылған. Оның үшін ғұламалар иман екеу емес – біреу, бірақ ізгі тағатпенен (құлшылықпен) нұрланады, тағат жоқ болса, күңгірттенеді, бәлки, сөнү хаупі де бар деген. Егер надандар ол ғибадаттың ішкі сырын ескермей тағат қылса, соны қылып жүріп, иманы сөнер деген.

Менің хаупім бар, олар хас (нағыз) осы ғибадат екен, тәңірдің бізге бұйырғаны, біз осыны қылсақ, мұсылмандық кәміл болады деп ойлайды. Ол ғибадат күзетшісі еді. Жә, күзетші күзеткен нәрсенің амандығын ойламай, бір ғана ояу тұрмағын міндет (қасд) қылса, ол не күзет? Күзеткен нәрсесі қайда кетеді? Мақсат күзетілген нәрсенің амандығы, тазалығы емес пе? Ей, ишараттан (білдіру, көрсетуден) хабарсыздар, қара! Бұл ғибадаттан бір үлкені – намаз, ол намаздан әуелі таһарат (намаз оқыр алдындағы жуыну) алмақ, онан соң намазға шұруғ (кірісу) қылмақ, ол таһараттың алды истинжа (дүзге отырғаннан кейін тазалану) еді. Мұны бір берік ойлап тұр. Аяғы екі аяққа мәсіхпенен (дәрет алғаннан кейін мәсінің үстін сулы қолмен тарту) бітуші еді, бұлар һәммасы (бәрі) болмаса, көбі ишарат еді. Истинжада (дүзге отырғаннан кейін тазалану) к...іңізді жуасыз, сіздің к...

іңіздің ешкімге керегі жоқ еді. Онымен сезімді тазалыққа кіргендігінді кәміл ыхласыңды көрсетіп, ішімнің сафлығының (таза) соңында халық көрер, сыртымды да пәк етемін һәм көзге көрінбейтін ағзаларымды да пәк етемін, бұл пәктің үстінде Аллаға дұға айтамын деп әзірленесіз.

Енді намаздың аты – салауат (дұға), салауат – дұға мағынасында деген:

Аяқта, мойында болған мәсхлар (дәрет алғаннан кейін мәсінің үстін, мойынды сулы қолмен тарту) – ол жумақ емес, өздері де жуулы деп көрсеткен ишараты.

Намаздан әуелі құлақ қақтыңыз – егер Алла тағаланы жоғарыда деп, мәкән исфат (орын бар деу) етпесең де, бегірек созу әдепсіз болып, күнә дариясына ғарық болдым, яғни дүние әуесіне ғарық қылмай қолымнан тарт, яғни құтыларлық жәрдемдерінің ишараты (білдіру, көрсетуі).

Онан соң қиямда (намаз оқығанда түрегеп тұру) тұрып қол бағламақ – құл қожа алдында тұрмақ – бұқара патша алдында тұрғаннан артық Алланың қадірлігіне (күшті) өзінің ғажиздығына (әлсіздігіне) ықрарының (мойындауының) беріктігін көрсеткен ишараты.

Қыбылаға қарамақ – әрине, Құдай тағалаға ешбір орын мүмкін емес болса да, зиратын парыз еткен орынға жүзін қаратып, сондағы дұғадай қабылдыққа жақын болар ма екен деген ишараты.

Онан соң қира әт (оқу), яғни сураһи фатиха оқисың, мұнда бір-ақ сөз ұзарады. Ол фатиха сүресінің мағыналарында көп сыр бар.

Руқуғ (намаз оқығанда тізеге қол қойып еңкею) бас ұрмақ – алдында құда хазірге ұқсас, ол да ишарат.

Сәжделер (намаз оқығанда басын жерге тигізу) – әуелі жерден жаралғанына ықрары, екіншісі – және жерге қайтпағына ықрары, бас көтермек және тіріліп, сұрау бермегіне ықрарының ишараты.

Қағадат ул-ахир (Намазда кейінгі, соңғы отыру) – дұғаның ақырында Аллаға тахият (сәлем), одан төшәһһуд (куәлік беру), одан салауат, пайғамбарымыз саллаллаһу

ғалайһи уәссәлләмге айтпақ үшін ең ақырғы сәлемменен тауысасыз, яғни Алла тағаладан не тілеп дұға қылдыңыз. Ол дұға қазинасы күллі мұсылмандарды ортақтастырып, оларға да сәләмәтшілік тілеп һәм рахмет тілеп бітіресіз. Жә, бұл сөзден не ғибрәтләндік?!».

1

Білу

1. «Отыз сегізінші қарасөздің» мазмұны не туралы?
2. Қарасөз Мүрсейіт қолжазбасында қандай атаумен алынған?
3. Ақынның пікірінше, адам баласын қор қылатын не нәрсе екен?
4. Автордың негізгі идеясы қандай?

2

Түсіну

1. Осы шығарманың қарасөздерге қосылу себебі неде?
2. Не себепті автор: «Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым» дейді?

3

Қолдану

1. Мәтіндегі маңызды бөлім атауларын мағыналық компоненттерімен бірге ұсынып, күрделі жоспар жасаңдар.
2. Оқулықтағы қарасөзді кезекпен дауыстап оқып, бір-біріңнің оқылымдарыңа қысқаша сипаттама бере отырып, кестені толтырыңдар.

Талқылаушы	Мәтіннің тақырыбын, идеясын, мағынасын айтады.
Белгілеуші	Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар дайындайды.
Байланыстырушы	Мәтіннің мағынасын өмірмен байланыстырады.
Топ шешені	Мәтіннің мазмұнына сәйкес өз ойын айтады.
Қорытындылаушы	Мәтіннің құндылығын айтып, баға береді

«Нағыз адам болам десеңіз» не істеу керек? «Жолаушының қойын дәптері» әдісі бойынша мәтінді өмір шындығымен байланысты талдап көріңдер.

- 1) Топқа бөліну.
- 2) Қарасөзден сұраққа жауап беретін үзінділерді жазып алу.
- 3) Осы үзінділердің түрлі кәсіпке әсерін топ ішінде талқылау.
- 4) Өз әсерлерін жазу.
- 5) Автор орындығында жазған пікірін оқу.

1. Автор түсінігінде пайғамбарлар, әулиелер, хакімдер деген кімдер?
2. Адамды қор қылатын нәрселерді қатыстырып, эссе жазыңдар.

«Отыз сегізінші қарасөздің» қазіргі заман тұрғысынан маңыздылығына сыни тұрғыдан баға беріңдер.

6.6 Қырық үшінші сөз

Абай *«Қырық үшінші сөзінде»* (1898) адам баласының «екі нәрседен: бірі – тән, бірі – жаннан» тұратындығын айта келіп: *«Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили (еріксіз болатын тілек не туа біткен қасиет), қайсысы кәсиби (еңбекпен табылған нәрсе) – оны білмек керек»* деп жибили және кәсиби ұғым-түсініктердің мағынасын ашады. «Ішсем, жесем демектің басы – жибили, ұйықтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу (тілек, мақсат, арман), бұлардың да басы – жибили. Ақыл, ғылым бұлар – кәсиби. Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы

дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнәшік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң, оларды жайғастырып, көңілде суреттемек. Ол – жанның жибили қуаты дүр. Бір ұмытпастық жақсы нәрседен көңілге жақсы әсер хасил (пайда) болып, жаман нәрседен көңілге жаман әсер хасил болу секілді нәрселер. Бұл қуаттар әуелде кішкене ғана болады. Ескеріп баққан адам үлкейтіп, ұлғайтып, ол қуаттардың қуатын зорайтады. Ескерусіз қалса, ол қуаттың қайсысы болса да жоғалады, тіпті жоғалмаса да, аз-маз нәрсе болмаса, үлкен ешнәрсеге жармайтын болады.

Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол – көп жиғаны бар адам: сынап, орындысын, орынсызын – бәрін де бағанағы жиған нәрселерінен есеп қылып, қарап табады. Бұлай етіп бұл харекетке түсінген адамды ақылды дейміз. «Құдай тағала өзі ақыл бермеген соң қайтейік?», демек, «Құдай тағала сеніменен мені бірдей жаратып па?», демек – Құдай тағалаға жала жауып, өзін құтқармақ болғандығы. Бұл – ойсыз, өнерсіз надан адамның ісі. Оған Құдай тағала көрме, есітпе, көрген, естіген нәрсеңді ескерме, есіңе сақтама деп пе? Ойын-күлкімен, ішпек-жемек, ұйықтамақпен, мақтанмен әуре бол да, ішіндегі қазынаңды жоғалтып, хайуан бол деген жоқ.

Кейбіреулер айтады: «Ақыл жибили болмаса да, талап – жибили. Талап берген адам ақылды тапты, талабы жоқ кісі таба алмады», – дейді. О да бекер. Талап балада да бар, оған талас қылуға болмайды. Бағана айттық қой, қуаты басында кішкене болады, ескермесе жоғалып та кетеді, ескерсе, күтіп айналдырса, зораяды деп. Жан қуатыменен адам хасил қылған өнерлері де күнде тексерсең, күнде асады. Көп заман тексермесең, тауып алған өнеріңнің жоғалғандығын және өзіңнің ол мезгілдегіден бір басқа адам болып кеткеніңді білмей қаласың. Қай жоғалған өнер: «ал, мен жоғалдым» деп, хабар беріп жоғалады. Енді қусаң, бағанағы әуелгі табуыңнан қиынырақ тиеді.

Жан қуаты дейтұғын қуат – бек көп нәрсе, бәрін мұнда жазарға уақыт сыйғызбайды. Бірақ әрбір өнердің тыстан тауып алып, ішке салғанын, соның тамырын берік ұстап тұруға жараушы еді. Көп заман ескермеген адамнан ол бағанағы өнердің өзінің ең қызықты, қымбатты жерлері жоғала бастайды. Онан соң көп заман өтсе, сол өнерді сақтайтұғын қуаттың өзі де жоғалады. Онан соң қайта кәсіп қылуға болмайды.

Бұл қуаттың ішінде үш артық қуат бар, қалайда (зин-һар) соны жоғалтып алу жарамас, ол жоғалса, адам ұғылы хайуан болды, адамшылықтан шықты.

Біреуі орысша «подвижной элемент» деп аталады. Ол не нәрсе? Не көрдің, не есіттің, әрнешік білдің, соны тездікпенен ұғып, ұққандықпенен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барады, сол екі жағына да ақылды жіберіп қарамаққа тез қозғап жібереді. Егер бұл болмаса, көп білуге көп оқу оңды пайда да бермейді. Керекті уақытында ойламай, керекті уақытында қылмай, керекті уақытында айтпай, дәйім уақытынан кеш қалып, «Әй, өттеген-ай. Ұйтуім екен, бүйтуім екен» деп, өмір бойы ғафил болып-ақ отырғаның.

Біреуін орысша «сила притягательная однородного» дейді. Ол – бір нәрсені естіп, көріп білдің, хош келді, қазір соған ұқсағандарды тексересің. Түгел ұқсаған ба? Яки бір ғана жерден ұқсағандығы бар ма? Әрнешік сол іске бір келіскен жері бар нәрселердің бәрін ойлап, білгенін тексеріп, білмегенін сұрап, оқып, бөтеннен хабарланып білмей, тыншытпайды.

Үшіншісі, орысша «впечатлительность сердца» дейді, яғни жүректі мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық – бұл төрт нәрсе бірлән кірлетпей таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық рәушан болып түседі. Ондай нәрсе тұла бойыңа жайылады, тез ұмыттырмайды. Егерде бағанағы төрт нәрсемен жүректі кірлетіп алсаң, жүректің айнасы бұзылады, я қисық, я күңгірт көрсетеді. Енді ондай нәрседен оңды ұғым болмайды.

Әрнәшік тән қуатыменен сырттан тауып, сырттан сақтайсыз, оның аты дәулет еді. Оның да неше түрлі кеселі, кесепаты бар нәрселерін білмесең, сақтай алмаушы едің ғой. Соған ұқсаған іштегі жан қуатыменен жиған нәрсенің аты ақыл, ғылым еді ғой. Оның да неше түрлі кеселі, кесепаты тиер нәрселері бар. Оны білмесең, бақпасаң – айырыласың. Және әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса – жарамайды. Өлшеуін білмек – бір үлкен керек іс. Ойланбақ жақсы, іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болып та кеткені болады. Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боғы шығады.

«Ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартасың» деген. Баз махфи олмая (айтылмай жасырын қалмасын) ол, мен айтқан үш қуаттың ішінде екеуі, яғни «сила притягательная однородного» бірлән «подвижной элемент» – бұл екеуі қосылып тұра тұрған нәрсе, күллі пайда да бұлардан шығады, уа күллі зарар да бұлардан шығады. Мансап сүйгіштік, мақтаншақтық, ашуланшақтық, өтірікшілік, осыған ұқсаған әрбір маскүнемдікке тартып, құмар қылып, ақылдан шығарып жіберетұғын нәрселер осы екеуінен болады. Бұларды түбегейлеткенде жақсы нәрселерді түбегейлетіп, жаман нәрселерден, яғни жоғарғы айтылмыш секілді адамшылықтан шығарып, құмарпаздыққа салып жіберетұғын нәрседен бойды ерте тыйып алуға керек. Пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты ақыл еді ғой. Бір ақыл қуаты бірлән мұны тоқтатып болмайды. Һәм ақыл, Һәм қайрат – екі мықты қуат қосылып тоқтатады. Ол екеуі кімде бар болса, бағанағы екі қуаттың екеуі де аз болса, яки бірі бар, бірі жоқ болса, бағанағы екі қуаттар – бір басы қатты асау ат, жүгенсіз тауға ұра ма, тасқа ұра ма, суға ұра ма, жарға ұра ма – құдай білсін, әйтеуір жолда көрген есті, ақылы дұрыс адамдар әлі де сұрамай да қалады. Сенде ерік жоқ. Екі етек жайылып, екі көзің аспанда, масқара болып кеткенің өлгеніңше».

1

Білу

1. «Қырық үшінші қарасөзде» не туралы айтылады?
2. Айтылған ойлардың барлығымен келісесіңдер ме?
3. «Жибилі» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
4. Жан қуатының қандай элементтері бар?

2

Түсіну

1. Абай не себепті қуаттарды ескеріп, оларды дамытып отыр керек дейді?
2. Неліктен жүректі төрт нәрсемен кірлетпей сақтау қажет?

3

Қолдану

«INSERT» әдісі бойынша қарасөзді оқи отырып, «Түртіп алу» жүйесі бойынша мәліметті жинап, саралап, кестені толтырыңдар:

V – «білемін»	– «мен үшін түсініксіз»	+ «мен үшін жаңа ақпарат»	! «мені таңғалдырады»


4

Талдау

1. «Сұраққа жетіп ал» әдісімен мәтінге сұрақ қойып, тұжырымдаңдар. Сыныптастарының жауаптарын тыңдап, сұрақтар қойыңдар. Одан соң жұптасып, оқығандарың бойынша бір-біріне сұрақ қойып, оны талқылаңдар.
2. Кәсіби және жибилі тілекті Венн диаграммасы бойынша салыстырыңдар. Екеуінің бір-бірімен байланысы қандай? Айырмашылықтары мен ұқсастықтары неде?

Кәсіби тілек

Жибилі тілек



«Топпен жазу» әдісі бойынша әссе жазыңдар. 3 топқа бөлінгеннен кейін, бірінші оқушы мәтін идеясы бойынша тақырыптық сөйлем жазады, екінші бала не талқылайтынын жазады, үшінші оқушы дәлел келтіреді, төртінші оқушы қорытып, барлығын байланыстырады. Соңынан топтар өз әсселерімен бөлісіп, дауыстап оқып шығады.

1. Адамзатқа қайсысы керегірек деп ойлайсыңдар: кәсібилік пе, әлде жибилі тілек пе?
2. Абайдың жан қуатының үш элементі жайындағы философиялық көзқарасымен келісесіңдер ме?

6.7 Иманигүл

Абайдың діни танымы және Алланы тану туралы философиялық ойлары өзі «имани гүл» деп атаған терең пайымынан да анық көрінеді. Абай «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген 14 шумақтан тұратын ұзақ өлеңінде «Алла мінсіз, әуелден пайғамбар хақ, Мү'мин (мұсылман) болсаң, үйреніп, сен де ұқсап бақ» деген болатын. Осы өлеңінде Абай адамзатты Алла тағала махаббатпен жаратқандықтан, «адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» жар салып, әділетті хақ жолын өлең тілімен өрнектеді. Өйткені ислам дінінде Адамға (Адам Атаға) айрықша мән беріледі. Абайдың «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде одан басқа» – дейтін сөзінде адамды жаратылыстың барлық құдіретінен жоғары қойып, шексіз қадірлегенін көрсетеді.

А.Байтұрсынұлы: «...осы үш сүю болады имани гүл» өлеңі, «кей сөздерін ойланып, дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да, түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі», – деген сөзді

тегін айтып отырған жоқ. Өйткені Абай қазақ халқының құнарлы ауыз әдебиетін, ақын-жыраулар шығармаларын, фәлсапалық ойлау жүйесін, астарлы әзілін, үлгі-өнегесін, тәлім-тәрбиесін, мұсылман қауым ұстанған шарифат жолын өте жетік меңгеріп қана қойған жоқ, оны орыс, шығыс, Еуропа әдебиетінің озық үлгілерімен салыстыра білді және өз тұсынан ой қорытты. Осы арқылы әлемдік деңгейге көтерілді. Сондықтан да ол қазақ халқының рухани жағынан іштей тазарып, ұстанар жолының сенімді бағыт-бағдарын көрсете отырып, «Рас сөз ешуақытта жалған болмас» деген сөзді нықтап айтты. Абай «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп басталатын өлеңінде «Осы үш сүю болады имани гүл» деп: «Алланы сүю, адамзатты сүю, хақ жолын сүю» – «Имани гүл» философиясының негізі екенін түсіндірді. Абай шығармаларының өзегі осы «Имани гүл» ұғымына тікелей байланысты. Тек аталмыш өлеңінде ғана емес, басқа да шығармаларында да адам баласының жаратылуы үлкен сүйіспеншіліктен тұратындықтан, Алланы да махаббатпен жақсы көру керек екенін, екінші – «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», үшінші – әділетті болу, адамгершілік қағидаларын берік ұстану. Міне, Абай жырлаған имани гүл философиясының тұжырымдамасы «Әділет, шафхат кімде бар, Сол жарасар туғанға» деген өлең жолдарынан да анық көрінеді. Исламтанушы Қайрат Жолдыбайұлының «Имани гүл» атты (2011) кітабы бар. Мұнда иман негіздерін жеке-жеке қарастырып, мәселелерді ақыл һәм нақыл (аят пен хадис) жолдарымен ғылыми түрде дәлелдейді.

Ал «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде құран сөзі (аят) мен Мұхаммед пайғамбар сөзінің (хадис) қисыны мен қызықтылығына мән беріп, «Әуелі аят, хадис – сөздің басы» деп тұнық бастауды нұсқады. «Шығысым – батыс, батысым шығыс болды» дегендегі Абай ағынына құятын бір саласы – тұңғыш саласы осы Шығыс жағалауы, яғни «Алладан басқа ешбір тәңір жоқ» деген мұсылман ұстанымы еді.

Ислам діні VII ғасырда Арабия түбегінде пайда болғаннан бері бұл дінді тұтынушылар мұсылмандар деп аталды. Қазіргі уақытта мұсылман діні Мысыр, Иордания, Тунис, Катар, Біріккен Араб Әмірліктері, Ирак, Иран, Кувейт, Марокко, Сауд Арабиясы, Түркия, Малайзия, т.б. сияқты елдердің конституциясында өз көрінісін тауып, 28 мемлекетте ресми дін болып саналады. «Алла жалғыз, барлық мақтау Оған тән, Алладан басқа ешбір тәңір жоқ, оның елшісі, ең соңғы пайғамбар – Мұхаммед» деген сенімдегі ислам діні XV ғасырда Жәнібек және Керей сұлтандары негізін салған қазақ хандығының ресми діні болып, хандар билігінің нығаюына және әртүрлі қазақ руларының бір этникалық топқа бірігуіне ықпал етті.

Абай «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңінде өзінің де ислам дінінде екендігін «Алланың, пайғамбардың жолындамыз» дей келе: «Пайда, мақтан, әуесқой – шайтан ісі, Кәні біздің нәпсіні тыйғанамыз?» деген сұрақты төтесінен қояды. Өйткені Абай өз шығармаларында жан мен тәннің талабынан туатын қайшылықтарды анықтап, Алланы сүю, адамзатты сүю, хақ жолын сүю – иманды болуға, шын илануға, таза ойлауға апаратындығын адал көңіл, ақ жүрекпен насихаттай білді. Сондықтан да Абайдың ұстанымы айқын. Ол «...Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп, Және сүй «хақ жолы» деп әділетті» дегендегі жол – көркем тіл, айшықты оймен жеткізілген Абай жолы екенін ұғыну керек. «Осы үш сүю болады имани гүл» деп иманның үш асылын шығармаларының негізгі арқауына айналдырды. Алланы сүю, адамзатты сүю, хақ жолын сүю – Абай түрен түсірген «Имани гүл» философиясының түп төркіні осында жатыр.

Абай поэзиясында Адам – құдірет, ал оның құдіреті неде? Ол – білімінде, жүрегінде, жанында. Өйткені Адамның өмір сүруі, іс-әрекеті, еңбегі, ойлау жүйесі, махаббаты, сезіну, түйсіну қасиеті, жақсы көру, жек көру сезімі – өшпейтін дүние. Бұл құдірет – Шығыс пен Батысқа ғана емес, дүниежүзіндегі барлық адам баласына тегіс тән.

XIX ғасырдың екінші жартысында Абай шығармаларындағы исламдық дүниетаным және Алланы тану жаңа тарихи мазмұнға ие болып, қазақ әдебиетіндегі қайта өрлеу дәуірін, яғни ренессанстық дәуірді туғызды. Шоқан, Ыбырай, Абай өмір сүрген бұл дәуір қазақ әдебиетінде Ояну дәуірі деп те аталады. Абай – ренессанстық тұлға. Кеңестік дәуірде жол берілмеген осы мәселені толық танып, түсіну үшін төменде ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Сейіт Қасқабасовтың «Абай поэзиясының ренессанстық сипаты» деген мақаласын ұсынамыз: «Көп уақытқа дейін гуманитарлық ғылымда Ренессанс ұғымын еуроцентристік тұрғыда түсіну орын алып келді. XX ғасырдың соңғы ширегінен бастап, Ренессанс тек батыс Еуропада ғана емес, Шығыс халықтары тарихында да орын алғаны айтылып, жазылып, дәлелденді. «Мусульманский ренессанс», «Иранский ренессанс», «Восточный ренессанс» деген ұғымдар – бүгінде толық мақұлданған ақиқат және барлық Ренессансқа ортақ заңдылықтарымен қатар әр ұлттық өркениеттің өзіне тән ерекшеліктері де анықталып жатыр.

Біздің де өз Ренессансымыз бар. Ол да жалпы заңдылықтардан ада емес әрі өзіміздің өзгешелімізден де құралақан емес. Міне, осы екі үрдіс тұрғысынан қарағанда, қазақ қоғамының Ренессансы Абайдан бастау алатынына көз жеткіземіз.

Егер Ренессансты тек қана ескі мәдениеттің қайта жаңаруы, жаңғыруы деп түсінсек, онда оның мән-мағынасын тарылтып алатын секілдіміз. Күллі әлемдегі Ренессанстың ең басты заңдылығы – бұрынғы мәдениетті жаңғырту ғана емес. Мұндағы ең басты қасиет – Адамға көңіл бөлу, Адамды дәріптеу. Адамды барлық нәрсенің қожасы деп түсіну. Қасиетті Құранда солай ғой. Алла тағала Адам Атаны жаратқанда, оған барлық періштені бағындырып, мойындатқан ғой. Тек Ібіліс қана Адам Атаға мойынсұнбаған. Демек, Адамды бағаламау – шайтанның ісі. Адамды бағаламау, оны ойыншық ету – әр дәуірде, әр қоғамда болып

тұрған. Ұлы ақындар мен ойшылдар осыған қарсы болған, күрескен. Адамды түкке санамаған қоғамды олар надан қоғам деп атаған.

Абай да солай. «Атымды Адам қойған соң, қайтіп надан болайын?» – деп, адамның бұл ғаламда ерекше екенін айтады.

Рас, Абайға дейінгі поэзияда да адам туралы жырланбады емес, жырланды. Адамның әр жасы, әр жастағы оның жағдайы, адамның жақсы-жаман болуы, кісілердің арасы, қатынасы – бәрі де сөз болды. Алайда ол поэзияда сырттай сипаттау басым түсіп жатты, бейнелеу логикаға негізделіп, әңгімелеудің барлығы дидактикалық сипатта болды, өйткені сөз болып отырған нәрсенің бәрі өмірде болатын ғана шындық деп түсінілді.

Абайға дейінгі поэзияның шыңы – жыраулар шығармасы десек, олардың басым көпшілігі мемлекеттік проблемаларды айтып, әміршісінің қасиеттерін жырлады. Жыраулар – хандық мемлекеттің идеологі болғандықтан, өздерінің басты міндеті – ханды дәріптеу, мемлекетке қызмет ету деп білді, әміршінің де, батырдың да іс-әрекетін осы тұрғыдан бағалады (жыраулар поэзиясы мемлекеттік әдебиет болды).

Мұндай үрдіс жалғыз бізде емес, күллі әлем әдебиетінде болған. Айталық, падишахқа, халифке, монархқа қызмет ету, мемлекетті күшейтуге тырысу – Шығыста – XIII–XIV ғасырлардағы, Батыста – XVII ғасырдағы абсолютизм дәуіріндегі, Ресейде XVIII ғасырдағы әдебиеттерде орын алды.

Жалпы мұндай дәстүр – қай халықтың болса да, мемлекетінің қалыптасу, нығаю кезеңінде болатын заңдылық. Өйткені ол кезде патша (монарх, хан) мемлекетінің символы деп саналды, ал жыраулар мен батырлар өздерінің әміршісі арқылы мемлекетке қызмет етеді деп ұғынылды. Егер соғыс болып, жеңіске жетсе немесе жер жаулап алса, ол мемлекеттің күштілігі деп есептелді, бейбітшілік орнаса, мемлекеттің гүлденуіне пайдалы деп қабылданды. Міне,

хандар мен жыраулардың жағдайы мен арақатынасын, сол тұстағы әдебиетті осы түсінік негізінде пайымдауға болады. Сол себепті жыраулар көбінесе жалпылықты айтады, жекелік, даралық мәселелерге көңіл бөлмейді, детальдарды елемейді. Демек, жеке адамның тағдыры, оның ішкі сезім бұрылыстары, өмірінің кейісті тұстары жыраулар толғауында сөз бола қоймайды. Тіпті болған күннің өзінде мемлекеттік жайтқа, жалпылыққа қатысты жағдайда ғана айтылады.

Ал, Абай Адамды, оның жеке ісін, сезімін, тұрмысын, көңіл күйін басқа кісілермен қатынасын ең басты мәселе етіп алады. Оның поэзиясында Адам – Алланың махаббатпен жаратқан ең ұлы, ең сүйікті туындысы. Сол себепті бүкіл әлемнің, қауымның, болмыстың темірқазығы – Адам. Оның бүкіл мүмкіндігі мен құдіреті – орасан. Адам – өмірдің өлшеуші, қозғаушы күші, тірлікті дамытушы, қоғамды түзеуші. Міне, осы Адамды түсіну мен осы Адамды тану міндетін алға қойып, Адамды дүниенің биік мұраты деп түсінуі – Абайды Ренессанстық тұлға, ал оның поэзиясын қазақ Ренессансының басы екенін айғақтайды.

Шығыста Ренессанстық белгі – исламның Аллаға, оның сүйікті туындысы Адамға (Адам Атаға) айрықша мән беру болса, Батыс елдерінде Ренессанстың ең басты белгісі – инквизициядан құтылып, Адамға бұрылу, оның ішкі дүниесіне үңілу еді. Мәселен, Батыстың сол кездегі ұлы ойшылдары мен өнерпаздары (Леонардо да Винчи, Микеланджело, Тициан, Данте, т.б.) инквизиция тұсында тапталған Адамды құдай дәрежесіне көтеріп, антикалық құдайларды Адам қатарына қосқаны белгілі.

Абай болса, Адамды – танылуы қиын жұмбақ («Мен бір жұмбақ адаммын») деп біледі. Сондықтан Адам Абайға өзін-өзі түсініп, тани алатын сенім дарыту қажет, ол үшін оның рухын көтеріп, оны қанаттандыру керек, дүниенің кілті өз қолында екеніне, бәрін өзі істей алатынына иландыру міндет деп санаған («Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан!»).

Абай түсінігінде, Адамның құдіреті – оның рухани азаттығында, ар тазалығы мен сезім еркіндігінде, ойдың тәуелсіздігінде, сөз бостандығы мен мінездің тәуекелділігінде... Тек рухы еркін, санасы ерікті Адам ғана құлдыққа түспейді.

Абай поэзиясынан Адамның өзі – құдірет екенін, құдіреті – білімінде, жүрегі мен жанында екенін көреміз. Адамның жасампаздық еңбегі мен іс-әрекеті, шығармашылық әрі ойлау қабілеті, оның махаббатты білу, сезіну, сүйе білу қасиеті – өлмес, өшпес, ешнәрсеге теңдесі жоқ құдірет.

Адамды бар жағынан тексерген Абайға Адам – бір жағынан, біртұтас әлем, екінші жағынан, адам өз ішінде қайшылығы мол, күрделі тұлға. Осы екеуі біріге келіп, тән мен жанның, тән азабы мен жан азабының арақатынасын құрайды.

Ауырмай тәнім,
Ауырды жаным,
Қаңғыртты, қысты басымды.
Тарылды көкірек,
Қысылды жүрек.

Ағызды қысып жасымды, – деген Абай тән азабы мен жан азабын қатар алып, жан күйзелісінің ауыр екенін жай ғана айтпайды. Тән күйзелісі сыртқы денені ғана ауыртады. Адамға одан әлдеқайда қиыны – жан ауырғаны. Жан күйзелісі миға салмақ салады, жүректі мазалайды, азаптайды, қинайды. Сол себепті де Абайдың «жүрегі қырық жамау», сол себепті де «жүрегінің түбіне терең бойлауға» шақырады. Жан күйзелісі терең ойға батырады, тұңғыққа сілтейді, тығырыққа тірейді. Ой жүрек түбіне кетіп, тыным бермейді, тез тарқамайды, көкейде жүреді. Түпсіз, шексіз мұңға айналып, адамды қажытады, шаршатады. Жалықтырады һәм жабықтырады. «Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда», – деген тұжырымға да әкеледі.

Мұндай ойлар ақын Абайға Адам мүмкіндігінің шектеулі екеніне көз жеткізген соң келсе де, ол Адамды – өмірге текке келмеген жан, ол өзінің тағдырына өзі қожа бола алатын, қоғамға керек тұлға деп біліп, Адамның сондай болуын

қалайды. Өмірде өз орнын тауып, пайда келтіретін Адам – саналы Адам, толымды Адам.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, – дейді. «Ыстық қайрат» – бұл үнемі іздену, алға ұмтылу, жасампаз болу. «Нұрлы ақыл» – елге сәуле түсіріп, ізгілікті іс істеу, құдай берген ақылды тек жақсылыққа жұмсау. Ал, «жылы жүрек» – иман жүзді болу, адамдарға түсіністікпен қарау, олардың мұң-мұқтажын, көңіл күйін ұғына білу. Міне, осы үш қасиет ізгілікті мақсатта пайдаланылған жағдайда ғана толымды адам деген мәртебеге ие болуға болады.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек, – дейді.

Мұндай адам өлмейді. «Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес!» – дегенде, Абай толымды адамның ісі, сөзі, ойы өлмейді дегенді меңзейді. «Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?!» – дегенде де Абай адамның санасын, ойын, сөзін сол адамның өзімен қатар қойып отырған жоқ па? Олай болса, Абай үшін дүниенің басты өлшемі – Адам, оның ісі мен ойы, жаны мен санасы, сөзі мен сезімі. Абай поэзиясының Ренессанстық сипаты да осында деп білеміз» (28–32-б.).

Абай шығармаларында әлі күнге дейін зерттеліп, шешімі айтылмаған аса күрделі гуманистік көзқарасының бір саласына *үш сүю* немесе *имани гүл* мәселесі жатады. Осы *үш сүю* жөніндегі ең басты ой «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым, деп», – берілетін басты тезистің шеңберінде берілетінін: «Рахымшылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойланғандай оларға да, болса игі еді, демек, бұлар жүрек ісі», – деп жүректің адам атаулыға деген игілікті дарқан қасиетін даралай көрсетуінен де байқаймыз.

Абайдың танытуынша, шафхат та, әділет те – жүрек ісі. Адамшылық жолында жүрек ісінің аталмыш екі қасиеті – бірінен-бірі ажырамас егіз құбылыс, құстың еркін самғар қос қанаты іспеттес бүтін дүниелер.

Абай өлеңдері мен қарасөздерінде *ақыл, қайрат, жүрек* туралы ойларын жан-жақты таратып, олардың ішінен жүректің культін мадақтай көтергенде, ондағы әділет, шафхат тәрізді қастерлі ұғымдардың нәр алар түп төркіндері жайындағы гуманистік ойларының табиғаты жай ақындық зерделілік (интуиция) арқылы туа салған нәрсе емес. Ол – керісінше, терең жүйелі көзқарас пен ішкі нанымның қалыптасқан қалпынан туындап жатқан ой ағысының өзекті желістері екенін танып-білу қазіргі ұрпақ үшін зор мақтаныш.

Осының өзі ғана Абайдың терең, ойшыл гуманистік алып тұлғасын тағы бір қырынан аша түсетін құдіретті, теңдесі жоқ ерекшеліктерінің бірінен саналады.

1

Білу

1. «Имани гүл» деген не?
2. Тақырыпта авторлық идея не туралы өрбиді?
3. Абайдың поэзиясындағы Адам кім?

2

Түсіну

1. Ақын не себепті шапағат пен әділет жүрек ісі деп есептейді?
2. Абайға дейінгі поэзияда басты нысан не еді? Неліктен? Бұл тек қазақ поэзиясына ғана тән жағдай ма еді?

3

Қолдану

1. Кестені толтырыңдар.

Абайдың имани гүл философиясының негізі		

2. Тақырыптағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындаңдар.

1. Тақырыпты «Алты қалпақ» әдісімен талдаңдар. Әрбір қалпақ тапсырма алады.
Ақ қалпақ көтерілген мәселеге деректер келтіреді.
Қызыл қалпақ осы тақырыптағы өзін таңқалдырған жайтпен бөліседі.
Қара қалпақ өзінің күмөнданған жайттары туралы баяндайды.
Жасыл қалпақ өз сезімдерімен бөліседі.
Сары қалпақ жаңа идея ойлап табады.
Көк қалпақ ой қорытындысын жасайды.
2. Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи және Абай ілімдерін салыстырып, талдаңдар. Жинақтаған ойларыңды «ПОПС формуласы» әдісі бойынша дәптерге жазыңдар.
Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...»
Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»
Үшінші сөйлем: «Оны мен мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»
Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

1. «Кластер» әдісімен тұжырымды ойларыңды карталарға түсіріп, топтық жұмыста постер қорғандар.
2. «Үш сұрақ» тәсілі бойынша сұрақтарға жауап беріп, тақырыпты қорытындылаңдар.
 - Абайдың осы идеяны жазудағы мақсаты не деп ойлайсыңдар?
 - Абай мына сөзді: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» неге айтқан?
 - Абай өз идеясын жазғандағы мақсатын қалай түсіндірген?
 - 1) Пікір. Ақынның идеясын бір сөйлеммен жеткізіңдер.
 - 2) Дәлел. Тақырыптан үзінді келтіре отырып, өз пікірлеріңді бір сөйлеммен дәлелдеңдер.

- 3) Мысал. Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.
- 4) Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарыңдар.

6

Бағалау

М.Әуезовтің «Мен Абай тереңінен шөміштеп қана іштім» деген сөзіне бүгінгі тақырып тұрғысынан қарап, баға беріңдер.

Әдебиет:

1. Қасқабасов С. Абай поэзиясының ренессанстық сипаты. / Кітапта: Абай мұрасы – тілдік өрістің негізі. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: «Информ-А», 2005. – 368 бет.
2. Қасқабасов С. Абай. (Абай туралы жазылған ғылыми мақалалар жинағы). – «Алматы баспа үйі» ЖШС, 2010. – 112 б.

VII ТАРАУ. ҚАЗАҚТЫҢ БАС АҚЫНЫ

А.Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласының абайтанудағы алатын орны ерекше. Сондықтан бұл мақаламен толық танысу қажет. 9-сыныпта А.Байтұрсынұлының абайтануға қатысты еңбектерін сөз еткенде бұл мақаладан үзінді келтірілген болатын. Енді бұл мақаламен толық танысу арқылы А.Байтұрсынұлының көзқарасымен қайта қауышамыз.

А.Байтұрсынұлы. «Қазақтың бас ақыны»

Қазақтың бас ақыны – Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Ақмола, Семей облыстарында Абайды білмейтін адам жоқ. Ақмоламен сыбайлас Торғай облысында Абайды білетін адам кем, құты, жоқ деп айтса да боларлық. Олай болуы сөзі басылмағандықтан, Абайдың сөздері кітап болып басылып шыққанша Абайдың аты да, сөзі де Торғай облысында естілмеуші еді. Ақмола, Семей облыстарында Абайдың атын, сөзін естімедім дегенге недәуір таңырқап қалады. Мен ең әуелі Ақмола облысына барғанымда Абайды білмегеніме, сөзін естігенім жоқ дегеніме таңырқап қалушы еді.

Қай жерде ақындар жайынан я ақындардың сөздері жайынан әңгіме болса, Абайдың сөзін мақтамайтын адам болмады. Абайдың сөзін көрмей тұрғанда, мақтағандарына сенбей, қазақ үкілеген өз құнанын өзгелердің тұлпарынан артық көретін мінезі болушы еді, мақтап отырған Абайы

біздің Әбубәкір, Сейдахмет, Ақмолдаларымыз сықылды біреу ғой деп жүрдім.

1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Көп сөзін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың ара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр тиетіні рас. Бірақ ол ауырлық – Абайдың айта алмағанынан кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда, айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түсіндіріп, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Оның сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі оқулыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыны да сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардан оқшау, олар сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған. Абайдың қандай болғанын көзбен көрмесек те, көргендердің айтуынан білеміз. Сөзінің қандай екендігін сөйлеген соң, өзінің де қандай екенін айтып, түсіндіріп өткеніміз теріс болмас.

Абай – Семей облысының қазағы, руы тобықты. Ұлы атамыз Ырғызбай Торғай облысындағы Ырғыз деген өзен бойында туған екен. Ырғызбай халқының қолбасы батыры, ел ағасы би екен. Тобықтының аймағы аз кезінде Түркі ханнан елін ертіп ауып келіп, Шыңғыс тауы малға еніпті деп, қоныс еткен екен. Кіші атасы Өскенбай би ел арасында ғаділ би атанған. Өз елі түгіл, басқа алыс елдер де араларындағы зор дауларын Өскенбай бидің жұртына келіп бітиседі екен. Өз әкесі Құнанбай жұрт аузында қазақтың бас адамдарының бірі болған. Қазақты билер билеп, сұлтандар төрелерден қойылып тұрған заман, солармен таласып, қарадан

сұлтан болған адам екен. Шешесі Ұлжан бөйбіше Қарқаралы уезіндегі Әбдірей, Тыржық деген жердегі қаракесектің бошан руынан, бертiс тұқымынан. Шеше тұқымы күлдіргі, қалжың, әзілге Қонтай, Тонтай деген күлкімен сөгіп, қалжыңмен киіп, аты шыққан адамдар нәсілінен. Тонтай малды адам екен. Ауырғанда өзгелерден гөрі қожа, молдалар жиірек сұрайтынын байқап жүреді екен. Өлер жолы келіп, ауырып жатқанда молдалар көңілін сұрай келіп отырғанында айтқан: «Баяғыдан бері жазыла-жазыла қожа, молдалардан да ұят болды, енді өлмесе болмас», – деп.

Абай 1845 жылы туған. Жылы жылан екен. Ибраһим деген атын бұзып, Абай деп ат қойған шешесі екен. Шешесінің сүйіп қойған аты ел арасында шын атынан көбірек айтылады. Абай 10 жасынан 13 жасқа шейін қырда мұсылманша оқыған. 13 жасқа шығарда Семейде Ахмет Ризаның медресесінде оқыған. Медреседе оқып жүргенде 3 айдай орысша да оқыған. 4 жыл мұсылманша оқып, 3 ай орысша оқып, сонымен оқуды қойған. 15 жасында-ақ, балалық қылмай, үлкендердің қатарына кіре бастаған. Қазақты меңгеріп, халыққа араны жүріп тұрған төрелермен әкесі Құнанбай таласқанда, Абай әкесіне серіктікке жарай бастаған. 20 жасында ел ішіндегі белгілі бір шешені атана бастаған. Зеректікпен естігенін ұмытпаған. Ел ішіндегі сақталған қазақтың бұрынғы өткен билерінің билігі, шешендерінің сөйлеген сөзі, көсемдердің істеген ісі, үлгілі сөздер, ұнасымды әзілдер, мақалдар, мысалдар сияқты нәрселерді Абай көп біледі екен.

Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өгіп, тасың (таспен) би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген. «Білімнен мал артық болушы ма еді», – деп, Абай жұрттың онысына көнбей, таласқан. Сөйтіп, партия алаңына кіріп кеткен, өнер, білімін партия ісіне салған. Білімінің қызығын жалғыз ғана тобықтылар

көріп, басқаларға пайдасы тимей, болыстыққа құмар көп қазақтың бірі болып, бәлкі, сол күйімен өліп те кетуі ықтимал еді. Қазақтың бағына, ондай болудан Құдай сақтаған. 80-жылдарда жер аударылып барған Михаэлис деген бір білімді кісімен, қазақ ғұрпындағы қағидаларды жиюға елге шыққан Гросс деген екеуімен Абай таныс болған. Бұлар Абайдікіне қонаққа келіп-кетіп жүрген. Абайдың тегін адам емес екенін байқап, олар болыстықтан гөрі жақсырақ нәрсе барлығын Абайға сездірген. Абайдай зерек адамға жөн сілтесе болғаны, онан арғысын өзі іздейді.

Олар орыстың атақты ақындары Пушкин, Лермонтов, Некрасов барлығын, қарасөзді келістіріп жазғыш Толстой, Салтыков, Достоевский барлығын, сөз сыншысы Добролюбов, Писарев барлығын Абайға білдірген кітаптарымен таныстырған. Өлең жазып Пушкин, Лермонтов, Некрасовтар қазақтың би, болыстарынан гөрі қадірлі екендігін Абайға түсіндірген. Ғылымды өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін Абай енді ұққан. Ақындық, өлеңшілік ел көзіне қадірсіз ол кемшілік ақындық пен өлеңшілікте емес, ақындық пен өлеңшілікті орнына жұмсамағандықта екендігін, өлеңшілікті қазақ ақындары, өлеңшілері қайыршы, тіленшілік орынға жұмсағаннан өлеңнің қадірі кететінін Абай әбден білген соң, өлең жазуға түскен.

Абай жас күнінде күлкі үшін қалжың өлеңдер, қыздарға өлеңдер жазған, есейген соң арланып, тастаған. Михаэлис пен Гроссқа кез болмаса, сол күйімен кетер еді. Қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай терең сөздер жерге көмілер еді?! Абай сөздері – қазаққа зор бақ. Бетін түзеп, жөндегісі келген кісілерге де, сілтеген жолды ылақпай тұп-тура тапты, адамға да қазақ балалары талай алғыс берер. Орыс адамдарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрметпен, көзқараспен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген. Бірақ сөзден өлеңнің таққа мінгендей артықшылығы қанша оны да көрсетіп, айтып қойған. Айтушы мен тыңдаушы көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып, жүргендердің

көбі өлең емес екендігі, өлең жаман болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-саран екендігі, жұрт мағыналы, маңызды, терең мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлаққа ұнамсыз тиіп өте шығатын жеңіл сөздерді тыңдауға құмар Абайдың өлең жайын жазған сөздерінде көрсетілген.

Сонымен Абайдың сыншылығы, өлең жақсы болуға неден екендігін білетіні де көрініп тұр. Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек; ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткені де зор көсемдік. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан да болса толық. Жалғыз-ақ міні бар. Ол мін – өлең бунақтары тексеріліп орнына қойылмағандық. Оның оқығанда я әнге салып айтқанда кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді, мысалы, төселіп, желіп келе жатып шоқытып кеткен сияқты, тайпалып жорғалап келе жатып текіректеп кеткен сияқты. Бұл кемшілікті түзетуге болады. Өлеңнің үш буынды бунақтары мен төрт буынды бунақтары алмасып кеткен жерлерін алып, өз орындарына қойса, түзеледі. Мұнан басқа Абай өлеңдерінде мін бар деп өз басым айта алмаймын. Кейбіреулердің айтатын «ауырлығы бар» деген сөздер, ол өлеңнің қисынын келтіре алмағаннан емес, өрнегінің жаңалығынан, қазақ өлеңдерінің дағдылы түрінен басқарақ болған соң, оқушылар жаттыққанша жатырқайды. Сонан ғана ауыр сияқты көрінеді.

Абайдың өзі тексергіш болған соң, оның өлеңін тексеріп, қата шығарып ешкім жарыта алмайды. Абайдың қандай сыншы, сөз тексергіш екендігін төмендегі сөзінен байқауға болады:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы.
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.
Әуелі аят, хадис – сөздің басы,
Қосарлы бәйітсымал келді арасы.
Қисынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын Пайғамбар мен оны Алласы.
Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы,
Мінажат уәлилердің зар наласы.
Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,
Әрбірі келгенінше өз шамасы.
Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?
Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.
Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.
Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап,
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтар, Құдай қарғап.
Қайда бай, мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да бай болмапты қанша малды ап.
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді соларды аңдап.
Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.

Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел!
Сендерге де келейін енді аяндап.
Батырды айтсам, ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап,
Өншейін күн өткізбек әңгіме үшін
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап.

Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалпы өлең емес, көп нәрсені Абай сөз қылған; сол сөздерінің ішінде Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғандығы даусыз. Абай сөзінен Әбубөкірдің «шайды, кебісті әркім тұтынып кеткені асылды қорлау болды» деп қайғырған сөздері табылмайды. Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан. Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбынша дұрыс айтуды сүйген. Мысалы, «Аттың сыны» деген өлеңінде сыпайышылық жүзінен құлаққа жағымсыз тиетін сөздер бар; бірақ аттың сынына керек мүшелері болған соң, оларын айтпаса, аттың сыны толық болып шықпас еді. Абайдың «Аттың сыны» деген өлеңін оқығаныңда, көз алдыңда сол жақсы аттың өзі тұрғандай, пішіні келіп елестейтіні, жақсы атқа бітетін мүшелердің бірін қалдырмай жазғандықтан. Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайышылыққа кемшілігі болар» деп, таяқтан тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалпында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әртүрлі Еуропа білім иесілерінің кітаптарын оқыған. Тәржіма халін, жазушы Ғалихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Луис, Дрепер деген Еуропаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынының өлеңдерін сүйіп

оқыған. Сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар, құты, осының мағынасы не деп сұрағандары да бар. Сол өлеңді алып қарасақ, айтылған пікірде, ол пікірді сөзбен келістіріп айтуында еш кемшілік жоқ. Түсіне алмаса, ол кемшілік оқушыда. Сондай түсінуге қиын көретін сөздерінің бірі мынау:

Көк тұман алдындағы келер заман,
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,
Сипат та, сурет те жоқ, көзім талған.
Ол күндер өткен күнмен бәрі бір бос,
Келер, кетер, артына із қалдырмас.
Соның бірі – арнаулы таусыншық күн,
Арғысын бір-ақ Алла біледі рас.
Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе, өлсін, оған бекі!
Шырақтар, ынталарың «менікінде»,
Тон құмарын іздейсің күнде-түнде.
Әділеттік, арлылық, махаббат пен –
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде.
Адам ғапыл дүниені дер «менікі»,
«Менікі» деп жүргеннің бәрі оныкі.
Тон қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда, ойла, болады не сенікі?
Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін,
Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамын әуелден
Тәңірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін.
Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек:
Көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек.

Ғадәлет пен мархамат – көп азығы,
Қайда көрсең, болып бақ соған көмек.
Әркімнің мақсаты өз керегінде,
Біле алмадым пысығын, зерегін де.
Саяз жүзер сайқалдар ғапыл қалар,
Хақиқат та, дін дағы тереңінде. (1897 жыл).

Абайдың осы сөзінің дұрыс емес, қате айтылған, теріс айтылған, жұмбақ қылып, ашпай айтылған еш нәрсесі жоқ. Іші де дұрыс, түзу, тиісті орнында айтылған сөздер. Оған оқушылар түсінбесе, ол Абайдың үздік ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді.

Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек! Абайдың сөздері 1909 жылы кітап болып басылып шықты. Бірақ жұртқа тарамай жатыр. Басылған кітап Ақмолада, Семей болысынан басқа облыстарға таралмай жатқаны – кісі таңқаларлық іс. Абайдың сөзін Семей ләпкесіне қамап, жасырып қоймай, кіл қазақ баласы бар уалаяттардағы кітап сатушылардың бәрінің де магазиндерінде жүргізу керек еді. Абайды қолымыздан келген қадарлы жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз (*«Қазақ» газеті, 1913 жыл*).

1

Білу

1. А.Байтұрсынұлы қай кезеңде өмір сүрген?
2. А.Байтұрсынұлының қандай зерттеулері бар?
3. А.Байтұрсынұлы Абайға қандай баға берген?
4. А.Байтұрсынұлы жазған ақын өмірбаянының оқып, стиліне көңіл аударындар.
5. Абай өлеңдерінің тілі қандай?

2

Түсіну

1. А.Байтұрсынұлы неліктен ақын өмір сүрген заманды кеңінен қарастырған?
2. Не себепті А.Байтұрсынұлы: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек» дейді?

3. А.Байтұрсынұлы Абай өлеңдерінен тапқан мінін қалай түсіндіреді?
4. Абайдың қазақ поэзиясына енгізген жаңалығы неде?

3

Қолдану

«Түртіп алу» кестесін толтырыңдар.

V – «білемін»	– «мен үшін түсініксіз»	+ «мен үшін жаңа ақпарат»	! «мені таңғалдырады»

4

Талдау

Төрт топқа бөлініп, ақын өлеңдерінің тілі мен қазақ поэзиясына әкелген жаңалығын талдаңдар:

1-топ: ақын туындыларының көркем тілі;

2-топ: қазақ поэзиясына әкелген жаңалығы;

3-топ: ақынның шеберлік тәсілдері;

4-топ: даралық ерекшеліктері.

5

Жинақтау

Тақырыпты түйіндей отырып, «Қазақтың бас ақыны» деген тақырыпта сыни эссе жазыңдар.

6

Бағалау

А.Байтұрсынұлының: «Абай сөзінің дұрыс емес, қате айтылған, теріс айтылған, жұмбақ қылып ашпай айтылған еш нәрсесі жоқ. Іші де дұрыс, тұзу, тиісті орнында айтылған сөздер. Оған оқушылар түсінбесе, ол Абайдың үздік ілгері кетіп, оқушыларының шаңына ере алмағанын көрсетеді», – деген сөзіне баға беріңдер.

Әдебиет:

Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны. //Алты томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б. (141–148) (Қазақ, 1913, №43).

7.1 Абай өлеңдерінің тілі және қазақ поэзиясына енгізген жаңалығы

Осы тақырыпты арнайы зерттеген академик Қажым Жұмалиевтің «Абай поэзиясының тілі» атты еңбегінен үзінді береміз.

Абай өлеңдеріндегі ауыстыру мағынасында қолданылған сөздер

Ауыстыру мағынасында қолданылатын сөздер қазақ өлеңдерінде де басқа әдебиеттердегі поэтик тілдермен негізі бір. Метафора, метонимия, синекдоха, кейіптеу, символ – бәрі жөнінде де осыны айтуға болады.

Метафора (ауыстыру) – сыртқы не ішкі бір ұқсастығына қарап, бір нәрсені екінші нәрсеге балау.

Абай өлеңдерінен метафораның қай түрі болсын, түгел кездесетіндігін көреміз.

1) жай түрі:

Сұлу аттың көркі – жал,
Адамзаттың көркі – мал,
Өмір сүрген кісіге
Дәулет – қызық, бала – бал... .

(Абай, I том, 192-бет).

2) жалғау арқылы келетін метафора:

Көңілге жұбаныш,
Сен едің базарым... .

(Абай, I том, 190-бет).

Көзімнің нұрысыз,
Сізсіз жоқ қуаныш.

(Абай, I том, 165-бет).

Көңілім күні өткен соң,
Жалғанда болмас сүйініш.

(Абай, I том, 245-бет).

Бір ғылым еді іңкәрің,
Әр қиынға сермедің... .

(Абай, I том, 191-бет).

Алдындағы асау жас жайнап тұрған,
Мен болмаспын, бір уыс топырақпын.
(Абай, II том, 106-бет).

Мен көмірмін қалған өрттен,
Енді ұлықсат бізге бер... .
(Абай, II том, 7-бет).

Сен жаралы жолбарыс ең,
Мен киіктің лағы ем... .
(Абай, II том, 80-бет).

Өмір, дүние дегенің
Ағып жатқан су екен.
Жақсы, жаман – көргенің,
Ойлап тұрсам, у екен... .
(Абай, I том, 145-бет).

3) Көмекші етіс арқылы келетін метафоралар:
Жаңа жылдың басшысы – ол,
Мен ескінің арты едім... .
(Абай, I том, 180-бет).

(Сен) Ескеріп істеп ойлаған,
Тәуекелге нар едің... .
(Абай, I том, 177-бет).

4) Метафораның ұлғайған түрі:
а) Демалысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң – қыс келіп әлек салды.
(Абай, I том, 83-бет).

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,
Ақылың – ашыған у, ойың – кермек... .
(Абай, I том, 44-бет).

Сәлем – борыш, сөз – қулық болғаннан соң...
(Абай, I том, 52-бет).

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.
(Абай, I том, 181-бет).

б) Берекелі болса ел –
Жағасы – жайлау ол – бір көл.

Жапырағы жайқалып,
Солқылдайды, соқса жел.
Берекесі кеткен ел, –
Суы ашыған батпақ көл... .

(Абай, I том, 100-бет).

Абай өлеңдерінде жоғарғы метафоралардың балайтын нәрсесін айтпай, тек баланатын нәрсесін ғана айтушылық жиі ұшырайды.

Осының екінші бір түрі балайтын нәрсесін өлеңінің бас жағында ғана бір рет келтіріп, басқа жағында баланатын нәрсесінің өзін суреттеу. Мысалы:

Кешегі Оспан –
Бір бөлек жан,
Үйі – базар, түзі – той.
Жауға мылтық,
Досқа ынтық,
Жас асар ма осыдан... .
Ел тамағын,
Жұрт азабын,
Жеке тартқан кетті гүл. *(Абай, I том, 149-бет).*

Алдыңғы үш жолда «Үйі – базар, түзі – той» баланатын нәрсесі де, балайтын нәрсесі де бетпе-бет, қарама-қарсы. Ал, соңғы жолдарда тек бір-ақ жағы бар – «жауға мылтық (досқа – ынтық). «Гүл...»: Бірақ, әңгіме Оспан туралы болғандықтан, «мылтыққа» да, «ынтыққа» да, «гүлге» де балап отырғаны – Оспан екені оқушының көңілінде тұрады да, қарама-қарсы қойып баламаса да, оқушыға түсінікті.

«Әбдірахманның келіншегі – Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуы» дейтін өлеңді алсақ, мұнда алдыңғыдан гөрі де қиыннан қиысатындығын көреміз.

Алдыңғы (Оспан туралы) өлеңде өлеңнің бас жағында бір рет болса да, «Оспан» айтылады. Ал, мына соңғы өлеңнің еш жерінде де Әбдірахманның аты аталмайды.

(Ол) Тиянағым, тұрлауым,
Енді кімге асылдым... . *(Абай, I том, 242-бет).*

Мұның метафора екенін тәуелдік жалғауы «ым» мен жасырынып, ойда тұрған «ол» деген сөз арқылы білеміз. Немесе:

Самородный сары алтын
Саудасыз берсең алмайды
Саудыраған жезіне.
Саудырсыз сары қамқаны
Садаға кеткір сұрайды

Самарқанның бөзіне (*Абай, I том, 59-бет*) деген өлеңін алалық.

Мұнда «алтын», «қамқа» деп отырғаны – ақынның сөздері де, «жез», «бөз» деп отырғаны – басқалардың сөзі. Бірақ ол сөздердің қайсысы болсын сөйлемнен тысқары. Әйтсе де, сөйлемнің мағынасына қарай әңгіме не туралы екендігін аңғаруға болады.

Метафораның әр түрінен келтірілген мысалдар, ұлы ақынның өзіне дейінгі әдебиеттердегі поэтик тілдердің бар үлгілерін толық меңгеріп, әртүрлі өмір құрбылыстарын суреттеуде оны өз керегіне жарата алғандығын көрсетеді – бұл бір. Екінші, осы үлгілерді меңгере отырып, Абайдың өзінің де әдебиетке кіргізген жаңа метафоралары аз емес – бұл екі.

Абайдың қазақ поэтикасына қосқан жаңа метафорасы да аз емес. Әрі құнды. Сөздерін қазақтың өз тіл байлығынан алса да, оны қиюластырып қалауы үздік шебер, беретін мазмұндары терең, жаңа образ, жаңаша ұғым болып шығады. Мысалы:

Жүрек – теңіз, қызықтың – бәрі асыл тас,
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.

(*Абай, I том, 228-бет*).

Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынышты,

(*Абай, I том, 124-бет*).

Достық, қастық – бәрі де жүрек ісі,

Ар, ұяттық бір ақыл – күзетшісі... .

(*Абай, I том, 228-бет*).

Жүректің ақыл – суаты
Мархабат қылса тәңір үшін... .
(Абай, I том, 196-бет).

Өткен өмір – қу соқпақ,
Қыдырады талайды.
(Абай, I том, 172-бет).

Өмір жолы – тар соқпақ, иілген жақ,
Иілтiп екі басын ұстаған хақ.
(Абай, I том, 173-бет).

Шығып кетер, я қалғыр,
Оған ақыл – арам без.
(Абай, I том, 94-бет).

Салған өн – көлеңкесі сол көңілдің,
Тактысына билесін ол құлаққа.
(Абай, I том, 187-бет).

Алды – үміт, арты – өкініш алдамшы өмір,
Желігін жерге тықпас кісің бар ма?
(Абай, I том, 205-бет).

Шыныменен тамам ел
Кете ме екен ит бола... .
(Абай, I том, 76-бет).

Сен жаралы жолбарыс ең,
Мен киіктің лағы ем... .
(Абай, II том, 80-бет).

Бұл келтіріліп отырған «Жүрек – теңіз, қызық – асыл тас», «ақыл – ар-ұяттың күзетшісі» тағы басқа метафоралық сөйлемдердің сөздерін жеке-жеке алғанда жалпы тілімізде бұрыннан бар пәлендей жаңалығы жоқ тәрізді көрінсе де, Абайдан бұрынғы әдебиеттен Абай қолданған түрді кездестіре алмаймыз. Сондықтан олар жаңа. Өңгіме, әрине, оның тек жалаң түрінде ғана емес, мазмұнында да. «Ақылды ар-ұяттың күзетшісі», «жүрек – теңіз, қызық асыл тас» дегенде сол көркем сөздердің астарлы мағынасында қанша терең ой, терең пікірлер жатыр. Осылар тәрізді әр образда үлкен мән жатушылық Абайдың басқа ақындардан ерекше қасиетінің бірі деуге болады.

Абай өлеңдеріндегі метафоралардың және бір өте жиі кездесетін түрі – эпитеттік метафора және метафораның шендестірумен байланысты келетін түрлері.

Эпитеттік метафора:

Иісің – гүл аңқыған,
Нұрың – күн шалқыған.

(Абай, I том, 135-бет).

Ақ етің үлбіреп,
Өзгеше біткен гүл.

(Абай, I том, 135-бет).

Жоғарғы жаңа метафораларға келтірген мысалдарды алсақ, метафораларының көбі эпитеттермен байланысты болып отырады. «Өмір жолы», не «тар соқпақ», не «қу соқпақ», «Бесік – тек қана жайлау емес, кең жайлау», т.б.

Шендестірумен байланысты келетін метафоралар дегеніміз төмендегілер тәрізді:

Сіз жалын шоқ, біз бір май,
Ыстық сөзің кірді ішке,
Май тұра ма шыжымай... .

(Абай, I том, 107-бет).

Қайғың – қыс, жүзің – жаз,
Боламын көрсем, мәз.

(Абай, I том, 135-бет).

Біз – қырғауыл, сіз – түйғын,
Тояттай бер, кел де алып.

(Абай, I том, 108-бет)

Біреуі – көк балдырған, бірі – құрай,
Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз... .

(Абай, I том, 148-бет).

Бұл үзінділердегі сөздерді бір нәрсені екінші нәрсеге тікелей балауы жағынан алғанда – метафора. Бірақ, «Қыс пен жазды», «от пен майды», «қырғауыл мен түйғынды», «балдырған мен құрайды», қысқасы, арасы алшақ жатқан екі нәрсені бір-біріне қарама-қарсы қоюшылық жағынан – шендестіру.

Ақын айтайын деген ойын, сөз жоқ, метафора арқылы бермек. Әйтсе де ойын жинақы, жанды етіп беру үшін шендестіруді де қоса қолданады.

Әрине оған таңқалуға болмайды. Өйткені әдебиетте поэтик тілдердің өзара байланысты келіп отыруы тілдің жалпы заңы десек, кейде белгілі бір өмір құбылысын, не сезім дүниесін суреттегенде, поэтик тілдің бір түрімен оны айқын етіп беруге мүмкін болмайды. Ондай жағдайда ақындар өз ойын оқушыларына тез жеткізу үшін суреттеу құралының қазығы етіп қолданып отырған поэтик тілмен байланысты, поэтик тілдердің басқа да түрлерін қолданады. Ол, әрине, заңды да, керекті де. Мұны, әсіресе, ұлы ақындарда көп кездестіреміз. Өртүрлі өмір құбылысын суреттеуде бұл – Абайдың ең сүйіп қолданатын әдісінің бірі.

Біз Абайдың шет тілдерден қолданған сөздерін тексерген тарауымызда араб, парсы, орыс тілдерінен қанша сөз пайдаланып, ол тілдердің Абай тілінен орын алған себептерін айттық. Бұл сөздердің бір қатары ғылыми, философиялық діни термин болса, бір қатары шағатай, араб, парсы әдебиеттерінде қолданылатын образдар – поэтикалық тілдер. Мұндай образдар поэтик тілдің басқа түріне қарағанда, әсіресе, Абайдың метафораларында жиі кездеседі.

Юзі – раушан, көзі – гауһар,
Лағылдек бет үші ақмар.
Тамағы қардан һәм биһтар,
Қашың – құдірет, қолы шигә.

(Абай, I том, 32-бет).

Я, ярым қалай болар жауап сөзі,
Мәт – қасың, тәштит – кірпік, сәкін – көзің.

(Абай, I том, 34-бет).

Сенсің – жан ләззәті,
Сенсің – тән шәрбәті...
Сұлуды сүймектік –
Пайғамбар сүннәті.

(Абай, I том, 135-бет)

Сол Масғұт Қыдыр шалдан бата алыпты,
Соңында «Шәмши – Жиһән» атаныпты.
Мағынасы – «Бұл дүниенің күні» деген,
Жетіліп бізге ғибрат сөз қалыпты...

(Абай, I том, 252-бет).

Абайда орыс тілінің ықпалымен жасалынған да кейбір метафоралар жоқ емес.

Единица – жақсысы,
Ерген елі – бейне нөл.

(Абай, I том, 100-бет).

Барымта мен партия,
Бөрі мастық, жұрт құмар.

(Абай, I том, 137-бет).

немесе (сөзі орысша болып келетін) «Самородный сары алтын» тәрізді метафоралық эпитет, т.б.

...Абайдың көп өлеңдері – өз заманының жаман жақтарын шенеп, мысқылдай отырып түземек, кейінгі ұрпақтарды жамандық іс-әрекеттерден бездірмек болған сатиралық өлеңдер. Соған лайықты... Абайда сарказм негізіне құрылған метафора түрлерінің де кездесетіндігін көреміз:

Екі сөзді тәңір атқан (ол)
Шыр айналған дөңгелек.

(Абай, I том, 145-бет).

Байы – баспақ,
Биі – саспақ.
Әулекі аспақ сыпыра қу... .

(Абай, I том, 143-бет).

Құйрығы – шаян, беті – адам,
Байқамай, сенбе құрбыға.

(Абай, I том, 130-бет).

деп келетін сөздері өзінің айтайын деген ойына образдарды таңдап, талғап алатындығына дәлел бола алады. Ақын өз кезіндегі сұм-сұрқиялыққа қарсы күрес ашып, халқын әділдік, адамгершілікке бастамақ болса, соған бөгет жасаушы сұм-сұрқияны ел ұғымындағы ең жексұрын нәрселерге балап, мысқылдап, жер-жебіріне жетеді.

...Абай өзіне шейінгі тарихи әдебиеттердегі метафоралардың бар үлгілерін толық меңгеріп, өз өлеңдерінде олардың әр түрін де кіргізуімен қатар, өзінше әртүрлі сөз байланысы, сөйлем құрылыстарын жасап, қазақтың әдеби тіліне толып жатқан жаңа метафора кіргізді. Метафора мен эпитет, антитеза мен метафоралардың байланысын күшейтіп, олардың тамаша-тамаша үлгілерін қалдырды.

Ауыстыру мағынасында қолданылатын поэтикалық тілдің бірі – *метонимия (алмастыру)*. Метафора екі нәрсенің арасында тек ұқсастығы ғана болып ауыстырылса, метонимияда екі нәрсенің арасында белгілі бір байланысы болады да, сондықтан біріншісінің орнына екінші нәрсені алмастырып айтады. Мұнда екі нәрсені бір-біріне баламайды да, теңемейді де, тек бірінің орнына екіншісін қолданады. Метонимияның жасалу жолдары жалпыға бірдей, сондықтан қазақ тілінде былай жасалады деп айрықша тоқтауды керек етпейді.

Екі нәрсенің алмастырылып, бірінің орнына екіншісі айтылып, бірі арқылы екіншісін ұқтырудың түрі көп. «Мен екі аяқ іштім» – (асының орнына ыдысын); «Ана үйдің құдасы келді» (иесінің орнына үйін); «Оның қаламы жүйрік», «ісінің орнына қолданатын құралын); «Тілі жүйрік – (сөзінің орнына тән мүшесін) «Мен Абайды оқыдым» – (шығармасының орнына авторын); «Ойладың ба, Ореке, барамын деп Азауға» – (елінің орнына қаласын, тұрағын) алмастырып айтулар – бәрі де метонимия.

Өмірдегі іс-әрекет не әртүрлі бір-бірімен байланысты өмір құбылыстары қанша көп болса, алмастырылып айтылатын нәрселер де сонша көп болуы мүмкін. Демек, оларды байланыстарының түріне қарай жіктеу мүмкін емес. Сондықтан қазақтың ауыз әдебиеті, тарихи әдебиеті және Абай өлеңдерінен метонимияға жалпы мысалдар келтіріп, салыстырулар жасап, бізше, Абайдың өзі кіргізген жаңа метонимияларына тоқталмақпыз.

1) *Ауыз әдебиетінен:*

Келбеттіден кеңес сұра... .

Жабыны жалды екен деп сатып алма,
Жаманды малды екен деп жақын болма... .
Есің барда етегің жап,
Қайратың барда мал тап.
Бар мақтанса, табылар,
Жоқ мақтанса, шабылар...

2) *Тарихи әдебиеттен:*

Жігіт жақсы бола алмас,
Алғаны жаман болғансын... .
Күмбір-күмбір кісінетіп,
Күреңді мінер күн қайда?
Ертеден салса, кешке озған,
Ылдидан салса, төске озған,
Қой мойынды, көк жұлын,
Көк жұлынды жетелеп...

3) *Абай өлеңдерінен:*

Алтын, күміс кигені – қамқа, торғын,
Күтуші қыз, келіншек жүр соңында... .

(Абай, I том, 184-бет).

Етімді шал сипаған құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға.
Кәрі, жас дәурені өткен тату емес,
Епке көнер, ет жүрек сату емес.

(Абай, I том, 184-бет).

Тіпті оңбассың өзіңе-өзің мәз боп,
Дастарқан мен қатынды мақтан көрсең.

(Абай, I том, 184-бет).

Ішіп терең бойлаймын
Өткен күннің уларын... .

(Абай, I том, 197-бет).

Құдай қосқан қосақтан
Жалғанда қалдым жырылып... .

(Абай, I том, 246-бет).

Ағын жесең, ақылың жаннан асар,
Сары жесең, дәулетің судай тасар... .

(«Абай, I том, 250-бет).

Имансыздық намазда
Қызылбастың салған жол.

(Абай, I том, 100-бет).

Дәрі қосқан аяқты ішкеннен соң,
Өзім барып жығылды шалқасынан... .

(Абай, I том, 269-бет).

Көкпеңбек темір киген өңшең батыр
Тартылып жөнеледі сырнай-керней... .

(Абай, I том, 255-бет).

Атадан алтау, анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ.

(Абай, I том, 99-бет).

Үйі мөз боп қой сойды
Сүйіншіге шапқанға... .

(Абай, I том, 92-бет).

Бұл тәрізді метонимиялар Абайда өте көп, әр алуаны табылады. Мысал үшін осылардың өзі де жеткілікті. Енді Абайдың өзінің енгізген метонимияларының кейбір үлгілерін келтірейік:

Боламын деп жүргенде, болат қайтып,
Жалын сөніп, жас жүзін басады әжім.

(Абай, I том, 201-бет).

Талаптың аты арындап,
Әр қияға салған шақ.

(Абай, I том, 130-бет).

Күшік асырап, ит еттім,
Ол балтырымды қанатты,
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болды, мені атты... .

(Абай, I том, 215-бет).

Кеселді түйін шешілсе.
Кердек мойын кесілсе...
Үміттің аты еліріп,
Қос тізгінді созбайды... .

(Абай, I том, 151-бет)

Тың тұяқ күнім әйтсе де.
Қарбаңдаймын өкімдеп... .

(Абай, I том, 87-бет).

Сенімі жоқ серменде сырды бұзды...
Жүрегінде жатады өкпе сызы... .

(Абай, I том, 70-бет).

Алқыны күшті асаулар,
Ноқтаға басы керілді.

(Абай, I том, 88-бет).

Жаралы көңілімнің
Жазылмай сызығы... .

(Абай, I том, 165-бет).

Өңкей улы жиып ап.
Себеді сорлы жүрекке... .

(Абай, I том, 173-бет).

Бітпейді ішімде
Ғашықтық жарасы... .

(Абай, I том, 134-бет).

Келтірген үзінділердегі Абайдың қолданып отырған сөздері жеке алғанда, бұрынғы әдебиеттерде болса да, тап осы түрде, Абайдың қолданыстарындай сөз байланысын, өлең сөйлемдерін оған дейінгі әдебиеттен кездестіре алмаймыз. «Сыз» да, «сызық» та, «жара» да жай қолданыла береді. Бірақ, «көңілдің сызығы», «өкпе сызы», «ғашықтың жарасы» сезімге жаңаша әсер етіп, жүректі жаңаша тербетеді. Жаңалық дегенде осыны ұғуымыз керек.

Абай өлеңдерінде метонимияның жаңа түріне жататын бір алуан метонимиялар – нәрсенің не адамның өзінің орнына «түсін» алмастырып айту. Бұның негізі бұрынғы әдебиет нұсқаларынан да табылады: «Күренді мінер күн қайда», т.б. Бірақ Абайда сол «түстің» өзіне жеке мән беріп, «түстің» өзін объект етіп суреттеушілік жиі ұшырайды. Бұл – бізше, ескі әдісті дамытып, ілгерілетіп, өзінше жаңарту. Бір адым алға бастыру.

Ағын жесең, ақылың жаннан асар,
Сары жесең, дәулетің судай тасар,
«Ақ пен сары екеуін алмаймын» деп... .

(Абай, I том, 250-бет).

Салақ, олақ, ойнасшы, керім-кербез.
Жыртаң, тыртаң, қызылдан шығады еркек.
(Абай, I том, 57-бет).

Сол желіккеннен желігіп.
Жынды сары жоғалды...
Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме.
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме... .
(Абай, I том, 95-бет).

Рас сөзге таласып,
Ақжем болма, жаным кел... .
(Абай, I том, 100-бет).

Бұл келтірген үзінділерде нәрсенің өзінің орнына «түсін» алмастырып айту, бұрынғы: «Салмай тойға мінетін құлакерім» емес, одан өзгеше, солардың ізімен, үлгісімен жасалса да, құлаққа естілу, көңілге қонымдылығы жаңаша. Абай өлеңдерінде орыс әдебиеті және орыс тілі арқылы батыс әдебиеті философиясының әсерінен туған жаңа метонимиялар жоқ емес.

Қартаң бай, қатты сақ бол, тілге көнсең,
Мүйіз шығар қатынның тіліне ерсең... .
(Абай, I том, 185-бет).

Единица нөлсіз-ақ
Өз басындық болар сол
Единица кеткенде,
Не болады өңкей нөл... .
(Абай, I том, 100-бет).

Бұл үзінділердегі метонимиялардың негізінде орыстың халықшылдарының «Дара, бір мен көп» туралы көзқарастарының жатқандығы ерекше дәлелдеуді керек етпейді.

Ауыстыру мағынасында қолданылатын сөздердің ерекше бір тобына жататын – *синекдоха*. Орыс әдебиетінің теоретиктері (Потебня, Томашевский, Тимофеев, Поспелов) синекдоханы метонимияның бір түрі деп қарайды. Бұл жай сөздерде де, көркем әдебиетте де жиі кездеседі. Біз жай әңгімелесіп отырып та бүтіннің орнына бөлшек,

жекешенің орнына көпшені қолдана береміз. Бірақ оның синекдоха екенін аңғармаймыз. Біреудің неше жаны барлығын білгіміз келсе, «Басың нешеу» дейміз. Шынында, білгіміз келіп отырғаны – адамы (Тура – өз мағынасында олай деп сұрауға болмайды). «Пушкиндердей, Абайлардай ақын дүниеге сирек келеді» деп, жекешенің орнына көпшені қолданамыз. «Жау жоғары, біз төмен». Шынында жау біреу емес, көп. Өңгіме көп қол туралы. «Жұрттың қалай екенін білмеймін» деп біреуге кейісек, жалқы ұғымның орнына «жұрт» деген жалпы ұғымды айта береміз. Міне, осылар тәрізді жекешенің орнына көпшені, көпшенің орнына жекешені, жалпының орнына жалқы, не жалқының орнына жалпы ұғымды қолдануды синекдоха дейміз.

1) Ауыз әдебиетінен:

Тауда туған баланың
Екі көзі таста болар.
Ашаршылықта туған баланың
Екі көзі аста болар.

Қолы қимылдағанның
Аузы да қимылдайды... .

Жеңім жаман болса да,
Жағам жақсы... .

Жаңылмас жақ болмас,
Сүрінбес тұяқ болмас...

2) Тарихи әдебиеттен:

Жау жоғары, біз төмен... .
Қанатым сынды қайрылып,
Кенекемнен айрылып,
Бір көруге болдым зар... .
Аузына қарасам,
Аш бөріге меңзеймін... .

3) *Абай өлеңдерінен:*

Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзің біл.

(Абай, I том, 95-бет)

Айттым сәлем, қалам қас,
Саған құрбан мал мен бас.

(Абай, I том, 106-бет)

Өткен соң базар,
Қайтқан соң ажар,
Не болады, құр қу жақ.

(Абай, I том, 97-бет)

Малыңды жауға,
Басыңды дауға,
Қор қылма, қорға, татулас... .

(Абай, I том, 96-бет)

Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық, қарлық,
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық... .

(Абай, I том, 51-бет)

Біздерде ғашық көп.
Қайсысы саған дөп... .

(Абай, I том, 136-бет)

Тынышыр еді жүрегім,
Жүздеріңді сау көрсем... .

(Абай, I том, 165-бет)

Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа... .

(Абай, I том, 169-бет)

Абай өлеңдерінде өзіне шейінгі әдебиетте қолданылмаған синекдоха басқа поэтик тілдермен салыстырғанда анағұрлым басым. Абайда өте көп қолданылады деп танылатын эпитет пен метафорадан да метонимия мен синекдоха жиі кездеседі. Біздің қолымыздағы картотекалар осыны айқындайды. Бұрын қолданылмаған синекдоханың түрлері де Абайда жиі ұшырайды. Бұл жаңа түрлер әр алуан жолдармен жасалады. Көбінесе басқа поэтик тілдердің

қарым-қатыс, өзара жаңаша байланыстары арқылы жаңартылатынға ұқсайды. Мысалы:

Шырайды қайғы жасырмай,
Күлкінің еріні кезермес.

(Абай, I том, 151-бет).

Қайғы шығып иыққа,
Қамалтпасын тұйыққа.
Сергі, көңілім, сергі енді.

(Абай, I том, 119-бет).

Бұл үзіндідегі өлеңдер ой-сезімге әсер етудегі күштілігі, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп», сезім дүниесін қозғайтын қасиеті – жаңа образ, жаңаша сөйлем құрылысында. Мұндағы синекдохалар – бүтіннің орнына бөлшекті қолдану (Бұл – барлық әдебиетте де синекдоханың көп кездесетін түрі. «Шырай», «ерін», «иық»). Абайдың тап осы қолданыстарында, олардың шын мәнінде суреттеу құралы екенін мойындау былай тұрсын, тамаша үздік, жаңа образ екеніне де ешкім таласа алмайды. Ендеше, мұның құпия сыры қайда? Бізше мұның құпия сыры – жаңалығы, кейіптеу (жансызға жан беру) мен синекдоханың байланысып келуінде.

Екінші сөзбен айтқанда: «Шырайды қайғы жасырмай» – «қайғының» жанданып, күн көзін бұлт жасыруды елестету; «күлкінің ерні кезермес» дегенде, «ерні кезерген» адам сықылдандырып, күлкіге жан бітіріп, қиялға қондыру, «қайғы шығып иыққа» дегенде, қайғыны өрмелеп жүретін жанды нәрсенің кейпіне келтіру ассоциациялары синекдоханы жаңа сөз, жаңа образ етіп отыр. Басқалары да осы тәрізді әр алуан жолдармен жаңартылған. Бұларға Абай өлеңдерінен бірнеше мысалдар келтірелік.

Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз... .

(Абай, I том, 94-бет).

Жақсы әнді тыңдасаң ой көзімен,
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық... .

(Абай, I том, 188-бет).

Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл... .

(Абай, I том, 183-бет).

Мезгіл өткен дәуренді қуалаған,
Не қылсын бір қартайған қу сүйекті.

(Абай, I том, 184-бет).

Жер күңіреніп, жұрт жылап,
Ағайын түгел жеткені-ай... .

(Абай, I том, 235-бет).

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла... .

(Абай, I том, 206-бет).

Көкірегінде оты бар,
Құлағын ойлы ер салсын... .

(Абай, I том, 121-бет).

Өзінде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден... .

(Абай, I том, 158-бет).

Тірі қалдым, өлмей әрең,
Қатты батты тырнағың... .

(Абай, II том, 80-бет).

Ықтиярсыз мұңды сөзім
Кетті ыршып жолыңа... .

(Абай, II том, 77-бет).

Ет жүрексіз ерніңнің айтпа сөзін,
Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін.

Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма,

Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін... .

(Абай, I том, 205-бет).

Бұл үзінділер Абай өлеңдерінің бұрын қолданылмаған синекдохалардың барлығына да, жаңаша сөз байланыстары, сөйлем құрылыстары арқылы бұрынғы бардың өзі Абайша сөйлейтіндігіне де толық дәлел.

Сонымен қатар әртүрлі өмірдің бейнесін түгелдей беруде де Абай өлеңдерінде поэтик тілдің болу түрі ерекше орын алады. Абайдың не тамаша сұлу деген өлеңдерін алсақ,

метонимия мен синекдоха негізгі суреттеу құралының бірі болып келеді. Абайдың атышулы «Аңшылық туралы» не «Қара көз, имек қас» атты өлеңдерін алалық.

Көре тұра қалады қашқан түлкі,
Қанды кез қайқаң қағып шықса аспанға...
Қырық пышақпен қыржындап тұрған түлкі
О-дағы осал жау емес қыран паңға... .
Сегіз найза қолында кез аудармай,
Батыр да аял қылмайды ертең таңға... .

(Абай, I том, 39-бет).

Қара көз, имек қас.
Қараса, жан тоймас,
Аузың бал, қызыл гүл,
Ақ тісің кір шалмас.

(Абай, I том, 135-бет).

Әрине, мұнда поэтик тілдердің (эпитет, метафора) басқа түрлері де бар. Бірақ Абайдың осылар сықылды маңдай алды көркем өлеңдерінде метонимия, синекдохалар айрықша орын алатындығын көреміз...

Метонимия бір нәрсенің орнына, екінші нәрсені алмастырып айтса да, синекдоха бүтіннің орнына бөлшек, көпшенің орнына жекешені айтса да, бірі мен екіншіні, бөлшек пен бүтінді айтып бере алғандықтан, өмір құбылысын суреттеуде бұлар поэтик тілдің ең оңтайлы, жинақы, жанды түрінің бірі саналады. Бір нәрсенің өзін айтпай, оның орнына жақындығы бар басқа нәрсені алмастырып айту: «Ей, қалпақ, бері кел», не бөлшекті қолдану: «Тұяғың нешеу», «тың тұяқ күнім әйтсе де» деген сөздері, «Ей, Сәрсенбай, бері кел» деп. «Жылқы, сиыр, қой ешкің нешеу» деген толық түрі мен салыстырғанда әрі анағұрлым жинақы, әрі анағұрлым жеңіл, анағұрлым көркем, әрі сол мағыналарды бере алады. Ал, жаңалықтан жаңалық іздеу, мезі еткен сөздерді жаңа сөз, жаңа сөйлемдермен өзгертіп отыру адам баласының табиғи тілегі десек, алмастырып айту, бөлшекті қолдану бұл тілекке де қабысады...

Символ – қазақша бір сөзбен айтқанда – бейнелеу. Айтайын дегенін ашып айтпай астарлап, басқа бір нәрсенің бейнесінде суреттеу...

Абайдың «Сегіз аяқ» атты өлеңінің:

Жартасқа бардым.

Күнде айқай салдым.

Онан да шықты жаңғырық.

Естіп үнін,

Білсем деп жөнін,

Көп іздедім қаңғырып.

Баяғы жартас – бір жартас,

Қанқ етер, түкті байқамас, –

(Абай, I том, 98-бет).

деген жерін айтуға болады. Бұл сөз жоқ, таза символ, мұны параллелизммен шатастыра алмайсың. Ал осыдан басқа бейнелеу (символ) Абай өлеңдерінде кездесе, ол өмірдің бір құбылысын екінші нәрсенің бейнесінде суреттеу емес, жай сөз арасында келетін символдық образдар ғана.

Үсті-үстіне бас салса,

Сонда пенде оңбайды.

Жылама, Мағыш, жылама,

Алладан өлім тілеме,

Қолдан ұшқан ақ сұңқар.

Қайтып келіп қонбайды...

(Абай, I том, 242-бет).

Мұнда символ – «қолдан ұшқан ақ сұңқар». Бірақ символдық образдың айналасындағы сөздердің бәрі анайы, ашық айтылып отырғандықтан, символдың астарлы мағынасы Әбдрахман екені ап-анық тұрады да, Әбдрахман – «қолдан ұшқан ақ сұңқар» деген ұғымды беріп, образ метафораға айналып кетеді. Немесе:

Жат қораны күзеткен

Қартаң шалда сана жоқ...

(Абай, I том, 182-бет).

«Жат қора» – символ. Бірақ айналасының бәрі өмір шындығын өз қалпында суреттеу болғандықтан, ол сөздердің бейнелеу екені сезілмей де қалады.

Немесе Абайдың «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» деген өлеңін алалық:

Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап,

Жұрт жүр ғой күйкентай мен қарға сақтап.

Қыран шықса, қияға жібереді

Олар да екі құсын екі жақтап.

Қарқылдап қарға қалмас арт жағынан,

Күйкентайы үстінде шықылықтап.

Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,

Күні бойы шабады бос салақтап.

Тиіп-шығып, ыза қып, ұстатпаса,

Қуанар иелері сонда ыржақтап.

Не таптық, мұныменен деген жан жоқ

Түні бойы күпілдер құсын мақтап.

Басқа сая, жанға олжа дөнеме жоқ,

Қайран ел осынымен жүр далақтап.

(Абай, I том, 48-бет).

Бұл өлең түгелдей алғанда, бейнелеумен жазылған өлең деуге болады. Айтайын деген пікірін ашып айтпай, бүркеп, әр нәрсенің бейнесінде астарлап айтады және осыны аяғына шейін берік сақтайды. Бірақ, сол бейнелеу ретінде алынып отырған «қыран», «қарға», «күйкентай» өз кезінің әр алуан адамдары екенін білу де қиын емес. Бұл оны бейнелеуден гөрі пернелеуге (аллегорияға) жақында-тады. Бейнелеу (символ) мен пернелеудің (аллегорияның) арасы бір-біріне өте жақын болғандықтан, солай көрінуі де заңды.

Әйтсе де, пікірін ашып айтпай астарлап айтуды аяғына шейін сақтап шыққандығына, бейнелеу ретінде алынып отырған «қыран, қарға, күйкентайлардың» іс-амалдары, адамның емес, сол құстардың істеріне тән болуына және аллегорияша пікір белгілі бір мінез-құлықты жөндеуге тура жұмсалынбай, сол пікірді алыстан орап айту жақтарына

қарағанда да, өлең дегенмен де символдың қасиетін жоғалтпайтын сықылды.

Әңгіме Абай өлеңдеріндегі символ, онымен байланысты параллелизм туралы да айтылып отырғандықтан, символ мен параллелизмді түсінуде ерекше маңызы бар ақынның мына өлеңіне тоқталмауға болмайды:

Жазғытұрым қалтиған бір жауқазын
Қайдан білсін өмірдің көбін, азын,
Бәйтеректі күндейді жетемін деп,
Жылы күнге мәз болып, көрсе жазын.
Күз келген соң тамырын үсік шалып,
Бетегеге жете алмай болар жазым.
Мен-дағы көп есіттім жастың назын.
Қол жетпеске қол созар, бар ма лажың.
«Боламын» деп жүргенде, болат қайтып,
Жалын сөніп, жаз жүзін басады әжім.

(Абай, I том, 201-бет).

Өлең – осы тұрғысында психологиялық параллелизм. Мұндағы қатар тұрған екі нәрсе: 1. «Жауқазын» (жапырақ шөптің бір түрі). 2. Жас (адам). «Жауқазын» бәйтеректі күндейді, «жас қол жетпеске қол созады», «Жауқазынның тамыры» үсік шалып, бәйтерекке жете алмай жазым болса, «жастың» боламын деп жүргенде, жалыны сөніп, түсін әжім басады... «Қысқасы қатар қойылған екі нәрсе (жауқазын мен жас) бірін екіншісі сол түрде аудармай, қайталайды. Осы қалпында мұны психологиялық параллелизмнің тамаша үлгісі десек, сонымен қатар бұл өлеңнің және бір тамаша жағы бар. Біз жоғарыда символ мен параллелизмнің айырмасын айтқанымызда, символда қатар алынатын екі нәрсенің жалаң бір жағы алынып, екінші жағы айтылмай кетеді дедік. Осы өлеңнің «жауқазыны» ғана алынып (оның екінші жағы), параллель болып отырған «жастығын» әдейі тастап кетелік:

Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын
Қайдан білсін өмірдің көбін, азын,
Бәйтеректі күндейді жетемін деп,
Жылы күнге мас болып, көрсе жазын.

Күз келген соң, тамырын үсік шалып,
Бетегеге жете алмай болар жазым, –
деп қысқартсақ, табиғаттың бір құбылысы туралы айтылған,
өз алдына бір өлең болып шығады. Бұл – еш мүлтігі жоқ сим-
вол. Мұнда қатар қойылған «жастық» жоқ. Өйтсе де, «жау-
қазын» арқылы «жас», «жастықты» ұғамыз. Бұл өлеңде
«жауқазын» «жастық», «жастықтың» бейнесінде алынған
деп ұға аламыз.

Символ параллелизмнен айырылып шықты деген пікірдің
дұрыстығын дәлелдеуде болсын, екеуінің айырмасы қан-
дайлығын тануда болсын, Абайдың бұл өлеңі таптырмастық
үлгі.

Абайдың өлеңдерін түгелдей алып зерттегенде, сим-
волдың бұл тәрізді тек екі-үш өлеңдерінде кездесуі, ақынға
өмір құбылысын бейнелеп суреттеу әдісі таныс болса да, оны
мейлінше аз қолдануы, әрине, кездейсоқ емес...

Абайдың аудармаларында символмен келетін екі-үш
өлеңі бар:

Қонады бір күн жас бұлт
Жартастың төсін құшақтап.
Жөнелді ертең, қалды ұмыт,
Көк жүзіне ойнақтап.
Әжімді жүзі тершіген
Көрі жартас таң қапты:
– Бәрі осы-ау, – деп, – күз деген,
Томсарып тұрып жылапты... .

(Абай, II том, 146-бет).

Жалғыз жалау жалтылдап
Тұманды теңіз өрінде.
Жат жерде жүр не тыңдап,
Несі бар туған жерінде?
Ойнақтап толқын, жел гулеп,
Майысар діңгек сықырлап.
Ол жүрген жоқ бақ іздеп,
Қашпайды бақтан бойды ұрлап.
Астында дария – көк майдан,

Үстінде сәуле – алтын күн.
Қарашы, ол бүлік құдайдан
Сұрайды дауыл күні-түн.

(Абай, II том, 145-бет).

Қорқытпа мені дауылдан,
Дүрілдеп тұрса тау мен сай,
Шатырлап тұрған жауыннан
Жарқылдап тұрса түскен жай,
Көк торғындай аспан – көк,
Білемін, жайнап, ашылар.
Исі аңқыған бәйшешек
Түрленіп жерді жасырар.

(Абай, II том, 93-бет).

Құдай мықты жаратқан үлкен жартас
Былш-былш еткен бет бұрып судан қайтпас.
Бұлтта суық дауыл жаймен сырлас,
Өзгені жан екен деп сырын айтпас.

(Абай, II том, 107-бет).

Бұлардың соңғы екеуі үзінді. Абай бұл өлеңдерді өзінің замандасы және ең тереңнен сүйетін ақыны Лермонтовтан аударған.

Жоғарыда айтылып отырған символ тәрізді *аллегорияда* (*пернелеу*) да пікір астарлы түрде айтылады. Бір қарағанда екеуінің айырмасы жоқ тәрізді. Әйтсе де, бұларды поэтик тілдің бір түрі деп қарауға болмайды.

Символдың екі жағы бар: бірінші жағы – бейнелік, оқушыларының көз алдында тұратын сурет те, екінші жағы – сол арқылы оқушыларына айтпақ автордың ой-пікірі. Ол әрдайым бүркеулі болады, болжалдап, қиял жүгіртіп ойлауды қажет етеді. Сондықтан символмен жазылған өлеңдердегі автордың ой түйінін әркім түрлі ұғынуы да мүмкін. Мысалы:

Қонады бір күн жас бұлт,
Жартастың төсін құшақтап.
Жөнелді ертең, қалды ұмыт,
Көк жүзінде ойнақтап, –

деген Лермонтовтың өлеңін алсақ, мұны тек жалғыздықтың символы деп қана емес, табиғат құбылысының бір алуан суреті – пейзаждық деп те қарауға болады.

Ал, аллегорияда олай екіұшты түсінуге жол жоқ. Мысалы:

Тұрды патша қайғырып, уайым жеп,
Ала қойды болады қайткенім еп.
Аю, түлкі қасында – уәзірлері,
Кеңеседі оларға «қайтемін» деп.
Қолбаң етіп, қорс етіп сөйледі аю:
– Батыр патшам, не керек көп ойлану?
Қойды жан деп, есіркеп кім аяйды.
Ақылы ала қойдың – қырып салу... .

(Абай, II том, 129-бет).

Аңдардың арасындағы бұл тәрізді кеңестің болмайтыны жұрттың бәріне мәлім. Сондықтан арыстан да, аю да, қасқыр да, түлкілер пернелеуден айтылып отырған адамның қара жүректері мен құлары екенін, ала қой – момындар екенін аңғару қиын емес.

Сонымен, адамдардың арасындағы әртүрлі қарым-қатынастарды, хайуандардың араларындағы қарым-қатынас етіп, айтайын дегенін астарлап, сол хайуандардың іс-әрекеттері етіп айтып беретін поэтик тілдің бір түрі аллегория – пернелеу деп аталады.

Аллегория қазақ әдебиетінде ескі заманнан келе жатқан поэтик тілдің бір түрі екендігін қазақтың «төрт түлік мал және әртүрлі жануарлар туралы» айтылатын ескі, ой-сананың сәбилік дәрежесінде туған әртүрлі ертегі, әңгімелерде айқындайды. «Арыстан, Қасқыр және Түлкі», «Түлкі мен Қасқыр», «Аю мен Түлкі», «Түлкі мен Бөдене», «Аю мен Қойшы», тағы басқа ертегілерді алсақ, тілдері бірөңкей аллегория болып келеді... Қазақ ауыз әдебиетінде аллегорияның және көп кездесетін түрі – өтірік өлеңдер. Көбіне жастардың өзара ойын-сауықтарында айтылады. Мұны қазақтың ауыз әдебиетіндегі басняның алғашқы бастамасы деп жорамалдауға болады. Жалпы құрылысы басняға ұқсайды. Тілі – аллегориямен келеді.

Беріпті бақа қызын көбелекке,
Жүріпті қара шыбын жеңгелікке.
Бір туын құмырсқаның ұстап сойып,
Той қылып, ат шаптырған төдірекке... .

(Өтірік өлең)

Міне, ауыз әдебиетіндегі аллегорияның әуелгі нұсқалары деп хайуанаттар туралы ертегілер мен осы өтірік өлеңдерді айтуға болады.

Ал XVIII ғасырда басталатын тарихи әдебиетті алып, Абай кезіне дейін шолып өтсек, не басня, не ертегі, не сказка, сатиралық ертегі, қысқасы, аллегориямен жазылатын өлең, әңгімелерді кездестіре алмаймыз.

Әдебиет майданына Абайдан 3–4 жыл ғана бұрын шыққан Алтынсарин орыс ақыны Крыловтың үш-төрт қана баснясын аударады. Әйтсе де, осының өзі Абайдың болсын, не өз кезіндегі басқа ақындардың болсын, басня жазуларына мұрындық болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Алтынсариннің қолға алған игілікті ісін дамытып, ілгерілеткенде, Крыловтың басняларын шебер түрде қазақтың ұғымына жатық етіп бере білген де – Абай. Абай Крыловтан он төрт басня аударды. Осы аудармамен байланысты Абай өлеңдерінен аллегория орын алды. Басняға тән ерекшелік, қып-қысқа өлеңге бірнеше жануарларды қатыстырып, оларды өзара сөйлестіріп, қысқасы, сюжет құру. Бұл жөнінде негізгі орын алатын суреттеу емес, аз сөзге көп мағына сыйғызылып құрылатын қысқа-қысқа диалогтер. Диалогтің мұндай түрі Абайға шейінгі әдебиетте тек Алтынсариннің ғана аудармаларында аз-маз кездеседі. Ал ауыз әдебиетіндегі өлеңдерде, не тарихи ақындардың шығармаларынан кездестіре алмаймыз. Аз сөзге көп мағына сыйғызып, сол сөздерінде әр жануардың өзіне тән характерлер берілетін өте тұжырымды түрде, кейде ирония, кейде сарказммен құрылатын диалогтердің Крылов баснясын аударумен байланысты Алтынсарин бастаушы ақын болса, Абай – оны дамытып, ілгерілеткен, мәдениетті елдердің әдебиеттерінде

кездесетін, алдыңғы айтылған принципті берік сақтаған, диалогтердің тамаша үлгілерін жасаушы ақын.

Мысал үшін Абайдың «Шегіртке мен Құмырсқа» деген аудармасын алалық:

Селкілдеп келіп жығылды,
Аяғына бас ұра:
– Қарағым, жылыт, орын бер,
Жаз шыққанша асыра!
– Мұның жаным, сөз емес,
Жаз өтерін білмеп пе ең?
Жаның үшін еш шаруа
Ала жаздай қылмап па ең?
– Мен өзіндей шаруашыл,
Жұмсақ илеу үйлі ме?
Көгалды қуып, ән салып,
Өлеңнен қолым тиді ме?
– Қайтсін, қолы тимепті,
Өлеңші, әнші есіл ер!
Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де, билей бер!

(Абай, II том, 127-бет).

Міне, осы үзіндінің өзінен-ақ қысқа түрде құрылған диалогтің шегіртке мен құмырсқа образдарын жасауда қандай мәні барлығы анық. Небәрі 20–30 жолдың ішінде пернелеу түрінде әкәкушіл жалқау мен еңбекшінің образдарын жасап, адам баласын еңбекке үндеуде мағынасы терең пікір айтушылық шебер құрылған диалогпен ғана жасалып отыр.

Әрине, бұл айтылғандардың негізі орыс әдебиеті, Крыловта, ескі грек әдебиеті Эзопта жатыр. Олардың классик үлгісі қазақ әдебиетіне шебер енгізіп, бойына сіңіруде Абайдың әдебиетте аққұла орны бар. Оны көрмей кетуге болмайды.

Диалог түрінде болмаса да, аз сөзге көп мағына сыйғызу жүйесіне негізделген, төл сөздерді шебер қолданушылық Абайдың өз өлеңдерінде жиі кездеседі. Мысалы:

Бай алады кезінде көп берем деп,
Жетпей тұрған жерінде тек берем деп.

Би мен болыс алады күшін сатып,
Мен қазақтан кегінді әперем деп.

(Абай, I том, 46-бет).

Ақын төл сөзді шебер қолдануының арқасында көп ұтқан. Артық сурет, артық баяндаулар қысқартылып, ой түйініне төл сөздер арқылы тікелей келген. Абайдың қолданысында әр төл сөз өзі үшін өздері жауап беріп, ақынның айтайын деген пікірін қысқа түрде ұқтыра алады. Сөйтіп, Абай Қрыловтан қазақшалаған баснялары арқылы жалпы аллегорияға ерекше бір жаңалық кіргізе қоймаса да, аз сөзге көп мағына сыйғызған диалог жөнінде қазақ әдебиеті үшін зор еңбек етті.

Кейіптеу. Қазақ ауыз әдебиетін, Абай алдындағы тарихи әдебиетті, оларда қолданылатын кейіптеулерді алсақ, *жансыз нәрселерді жандандыру, жануарларға тіл бітіру, ескі наныммен байланысты әртүрлі мифті адам бейнесінде көрсету* деп, негізінде үшке бөлуге болады.

Абай кейіптеуді қайта тірілтті. Әртүрлі өмір құбылыстарын суреттеуде болсын, автордың ой-сезімі, өмірге көзқарастарын жанды етіп айтып беруде болсын, ең күшті құрал екенін танытып, өз өлеңдерінде, аудармаларында кейіптеудің тамаша-тамаша үлгілерін көрсетті. Абайдың атышулы «Қыс», «Жазғытұрым» тәрізді өлеңдері, «Қараңғы түнде тау қалғып», «Теректің сыйы» сынды аудармалары негізінде кейіптеумен жазылған.

Абай кейіптеу жөнінде бұрынғы ауыз әдебиетіндегі ізбен кеткен жоқ. Сол кездегі орыс әдебиетіндегі кейіптеулердің, әсіресе, Лермонтовтың табиғатты суреттеу әдісін үлгі етті. Ауыз әдебиетінен алғаны жансыз нәрсені сөйлету болды. Бірақ Абайда ондағыдай «табыну», жалбарыну жоқ. Абай табиғатқа жан бітіреді, қимылдатады, сөйлетеді, сезіндіреді, бірақ ескі әдебиет нұсқаларындағыдай оларды шын жаны бар күш деп ұғудан Абай аулақ. Табиғат құбылыстарын ақын кейіптеу арқылы суреттесе, ол оған сенгендігі емес, суреттеген нәрсесін оқушыларының көз алдына жанды түрде елестету.

Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай,
Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай,
Таң атқан соң шығарын күннің біліп,
Өңі қашып, бола алмас бұрынғыдай,
Күн – күйеу, жер – қалыңдық, сағынышты,
Құмары екеуінің сондай күшті.
Күн қырындап жүргенде, көк қожандап,
Күйеу келді, ай, жұлдыз к...н қысты.
Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп,
Жан-жануар қуанар тойға еліріп,
Азалы ақ көрпесін сілке тастап.
Жер күлімдер өзіне шырай беріп,
Күн күйеуін жер көксеп ала қыстай,
Біреуіне біреуі қосылыспай,
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толықсып түрленер тоты құстай, т.б.

(Абай, I том, 124-бет).

Абай табиғатты суреттеуде мәдениетті елдердің табиғатты жандандырып суреттеудің үлгісін алды деуімізге Абайдың «Қыс» деген өлеңі толық дәлел бола алады.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Көрі құдаң – қыс келіп әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды...
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етсе долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

(Абай, I том, 83-бет).

Қысты жанды нәрсе етіп көрсетудің элементі Абайдан бұрын да болды. «Қылышын сүйретіп қыс келеді» – дейді қазақ. Қысты қаһарлы батыр, жауынгер бейнесінде ұғады.

Бірақ Абайға шейінгі әдебиеттің қай нұсқасын алсақ та, қысты ақ сақалды шал бейнесінде суреттеу болған емес. Қысты шал бейнесінде суреттеу – орыс әдебиетіне тән нәрсе. Орыс ақындарының әр дәуірде көп суреттеген атышулы «Дед морозы» Абайдың қысты суреттеуінде негізгі тұлға (праобраз) болып отыр. Бұл – аударма емес, Абайдың өз өлеңі. Әйтсе де, қысты Дед мороздың бейнесінде суреттеу – қазаққа тән нәрсе емес, орыс әдебиетіне тән.

Некрасов өзінің «Мороз, красный нос» деген поэмасының бір жерінде:

Не ветер бушует над бором,
Не с гор побежали ручьи,
Мороз – воевода дозором,
Обходит владенья свои...
Идет – по деревьям шагает,
Трещит по замерзлой воде,
И яркое солнце играет
В косматой его бороде, –

деп суреттейді. Бірақ Абай орыс әдебиетіне еліктесе де, бүтіндей олардың ықпалына беріліп кетпейді. Оны қазақтың өз ұғымына жақындатады. Қысты жанды нәрсе етіп көрсету қазаққа жат еместігі жоғарыда айтылды. Орыстан алғаны – қыстың «ақ сақалы мен кіл аққа киінуі». Қыстың орыс әдебиетіндегі істейтін іс-әрекеттері: айдын мұзды сықырлатып, сыңсыған қалың ағашты жарып өтіп, тағы басқа, солар тәрізді әртүрлі өз меншігін күзетуші (дозор) болса, Абайдың қысы – қазақтың өзіне таныс «кәрі құда», «шабынатын бура» бейнесінде, оның жүрген жері Некрасовтағыдай қалың тоғай, айдын мұз емес, Арқаның жазық сар даласы, қыс ызғары батқандар, балықшы мен ну тоғайда ағаш кесіп жатқан орыс крестьяны емес, «шидем мен тон қабаттап киген қазақ малшысы» мен қыс титығына жеткен тебіндегі жылқы. Қысқасы, Абай тек еліктеуші емес, еліктеген нәрсесін өзінше меңгеруші. Қазақтың ұғымында бұрын шал бейнесінде суреттелмейтін қысты, өз елінің тұрмыс-салтына байланысты байырғы, қол бала образдар алып, қазақтың ұғымына сай келтіреді де, елді

өзіндік етіп шығарады. Бұл тәрізді үлкен шеберлік – Абайдың қаламына жалпы таныс нәрсе.

Абайдың орыс ақындары, әсіресе, Лермонтовтан аударған өлеңдерінде ерекше орын алатын нәрсе – табиғат құбылысына тек жан бітіру ғана емес және тіл бітіру, сөйлету дедік:

– Кавказдай құзда туған перзенттенмін,
Бұлттың сүтін еміп ержеткенмін.
Казбектен, ағам, сені көксеп шығып,
Кім қақтықса, жолыма күйреткенмін.
Аптығып, асау інің келді, ақсақал!
Тау, тасқа адамзатқа салып жанжал.
Дем алайын деп келдім, аш қойныңды,
Сәлем-сауқат әкелдім, қош көріп ал.
Әкелген бұғы менен маралым бар,
Адамнан тартып алған көп малым бар.
Ер-тоқымы, атымен, қаруымен
Ер шеркесті әкелген амалым бар.
Мұның бәрі – тартуым сізге, – дейді,
Ақылыңды айт, ақсақал, бізге, – дейді.
Бақша, зауат, жайларды қылдым талқан,
Әрбір бай жалдап жатыр жүз кедейді.
Қартаң Каспий қалғыған бойыменен
Терекке көзін ашып үндемейді.
– Азырқандың, білемін, ақсақал шал,
Тентегіңнің сөзіне құлағың сал.
Қазақ-орыс қатыны бір сұлуды
Әкеліп ем, қайтейін, оны дағы ал!
Көрі Каспий қара көк көзін ашты,
Жылы жүзбен Терекке амандасты.
Жыбыр қағып, қозғалып сылқ-сылқ күліп,
Қатынды алды, қытықсыз араласты.

(Абай, I том, 112-бет).

Бұл өлеңде Терек өзені жанды адамдардың амалындай амалдар жасайды және жанды адамдарша сөйлейді. Қысқасы, табиғатқа жан бітіріп, айтайын деген ойын кейіптеу

арқылы беруде Абайдың бұл аудармасы өзінің орыс тіліндегі нұсқасынан бір де кем түспейді.

Абайдың бұлар тәрізді пейзаждық өлеңдері әр алуан. Олардың кейбіреулері символ, кейбіреулері аллегория, кейбіреулері жай ғана суреттеу, кейбіреулері кейіптеу болып келеді. Символ мен аллегория бұрын талданса, кейіптеу туралы қазір айтылып отыр. Сондықтан табиғат көрінісін кейде жай ғана суреттеушілік те аз кездеспейді. Мұны алдыңғылармен шатастырмау үшін бірер мысалдар келтіріп өтелік:

Жаздыгүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда;

(Абай, I том, 64-бет).

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.

(Абай, I том, 202-бет).

Бұл үзінділерде де табиғат суреттеледі. Бірақ мұнда символ да, аллегория да, кейіптеу де жоқ. Табиғат көрінісін сол қалпында әдемілеп суреттеу ғана бар. Сондықтан бұл соңғы айтылғандардың алдыңғылардан жігі бөлек.

Сонымен қатар айта кететін және бір мәселе – поэтик тілдердің басқа түрлерінің кейіптеуі мен байланыстары. Тілде бір сөз екінші сөзбен байланысып, бір сөйлем екінші сөйлеммен байланысып қана ой-пікірді ұқтыру, мағына беру тілдің жалпы заңы десек, поэтик тілдер де бұл заңға бағынады. Өмір құбылысының әртүрлі суретін жасауда поэтик тілдер әрдайым байланыс, қарым-қатынаста болып отырады. Олай болмауы мүмкін де емес. Бірақ әр жағдайға суреттемек өмір құбылысына лайықты, соған сәйкес, поэтик тілдің бір түрі бірінші орын алуы мүмкін, мысалы, Абайда адамның, не басқа нәрсенің портретін жасауда көбіне эпитет, сосын

теңеудің қолданылуы тәрізді, бұл бұрын айтылған. Әйтсе де, ол жай поэтик тілдің басқаларының араласып келуіне бөгет емес, қайта, кейбір жағдайларда керекті де. Жоғарғы үзінді келтірген Абайдың «Қыс» өлеңін алсақ, ақын мұнда айтайын дегенін кейіптеу арқылы айтпақ. Бірақ қысқа дем алғызып басқан жерін сықырлатып, жүргізіп қою үшін әуелі поэтик тілдің басқаларының көмегімен (эпитет, теңеу, метафора) қыстың өзін ақынға әуелі ақсақалды шал кескініне келтіріп алу қажет болды. Сондықтан «Денелі, ақ киімді, ақ сақалды, соқыр-мылқау» деген эпитеттерді, «Дем алысы – үскірік, аяз бен қар» деген тәрізді метафораларды қолданып отыр. Мұндай байланыстар ақындарда кездеседі және ол заңды да.

Сөйтіп, Абайдың поэтик тілдерінің басқа түрлері жөнінде қазақ әдебиет тіліне қосқан жаңалықтарын жекелеп көрсетсек, кейіптеу Абайдың жазба әдебиетімізге бүтіндей қосқан жаңалығы деп айтуға болады. Өйткені ескі ауыз әдебиетінде өмір құбылысын суреттеуде поэтик тілдің негізгі бір түрі саналып, XVIII–XIX ғасырдың әдебиетінде де қолданылмай не аз кездесетін кейіптеуді, жаңа дәуір, жаңа ой-санаға сәйкес, жаңаланған түрде қайта тіріліп, поэтик тілдердің өмір құбылысын суреттеуде санаулы құралының бірі етуі – қазақтың әдебиет тілін жасауда, сөз жоқ, ұлы еңбек. Сонымен қатар Абайдың кейіптеуді қолдану жолдары әр алуан. Олардың әрқайсысында үлкен шеберлік бар. Олардың әрқайсысы жеке талдауды керек етеді. Әйтсе де, сол табиғатты жаңды етіп суреттеудің сезім дүниесіне қандай әсер етуі жайлы «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деген өлеңінен бір үзінді келтірейік:

Мен көрдім ұзын қайың құлағанын,
Бас ұрып қара жерге сұлағанын.
Жапырағы сарғайып, өлімсіреп,
Байғұстың кім тыңдайды жылағанын?
Мен көрдім ойнап жүрген қызыл киік,
Кеудесіне мылтықтың оғы тиіп,
Қалжырап, қансыраған, қабақ түскен, –
Кімге батар ол байғұс тартқан күйік?

Мен көрдім сынық қанат көбелекті,
О да білер өмірді іздемекті.
Күн шуақта жатады қалт-құлт етіп,
Одан ғибрат алар жан бір бөлекті.

(Абай, II том, 113-бет)

Табиғат құбылысын, жан-жануарларды кейіптеу арқылы суреттеп, не терең ой, не терең сезімдерді беруге болатындықтың бұл үзінді айқын үлгісі бола алады. Абайдан кейінгі қазақ әдебиетінде кейіптеудің поэтик тілден үлкен орын алуы да Абайдың әсері деуге болады.

(Қ.Жұмалиев)

1

Білу

1. Абай өлеңдерінің тілі қандай?
2. Ақын табиғат құбылысын қалай суреттеген?
3. Абай өлеңдерін қай ғалым зерттеді?
4. Ауыз әдебиетінде аллегория тек қандай жанрда кездеседі?

2

Түсіну

1. Неліктен Абай қазақ поэзиясын үлкен белеске көтерген ақын болып есептеледі?
2. Не себепті Абайды аллегорияны қазақ поэзиясына тұңғыш кіргізген ақын дейміз? Ойларыңды мысалмен дәлелдендер.
3. Ақынның өлеңдерінде шетел сөздерін қолданғанын ғалым қалай түсіндіреді?

3

Қолдану

Интернет желісінен Абай өлеңдерін жүктеп алып, олардағы көркемдегіш құралдарға мысалдар келтіріп, кестені толтырыңдар.

Метафора	Метонимия	Синекдоха	Кейіптеу	Символ

1. «Дербес пікір айту» әдісі бойынша Қ.Жұмалиевтің мақаласын талдап, ойларыңды ортаға салыңдар.
 - 1) Өзіндік пікір (ой, идея).
 - 2) Дәлел.
 - 3) Өз пікірін айғақтайтын мысал.
 - 4) Өз пікіріне қарсы дәлел.
 - 5) Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал.
 - 6) Қорытынды.
2. «3–1–2» әдісі бойынша мәтінмен жұмыс жасап, тақырыппен байланыстыра отырып, кестені толтырыңдар.

Мәтін бойынша 3 дерек			
Мәтін бойынша 2 сұрақ			
Қызығушылық танытқан 1 нәрсе			

3. Қазіргі қазақ әдебиетінде жоғарыда айтылған көркемдегіш құралдарды молынан қолданған ақындар бар ма?

Тақырып бойынша алған білімдеріңе сүйене отырып, «Бортты журнал» кестесін толтырыңдар.

Болжам	Жаңа ақпарат
Тақырып бойынша бұрыннан не білемін? Бұл туралы не білуім керек?	Бұл туралы енді не білдім? Қандай маңызды сәттерді мен енді анықтадым?

Қ.Жұмалиевтің ақын поэзиясын зерттеу еңбегінің құндылығына баға беріңдер.

7.2 Абайдың ақындық мектебі

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Егер Абай болмаса, осы ғасырдың басында-ақ азаматтық кемелділікке, суреткерлік салиқалылыққа, стильдік әралуандыққа, заманмен бірге аттап, замандаспен мұңдас бола алатындай әлеуметтік пайымға ие болған жазба әдебиет мектебі: шын мәніндегі Абай мектебі қалыптаспас еді.

Мағжан Жұмабаев, Бернияз Күлеев, Шәңгерей Бөкеев, Шәкәрім Құдайбердиев лирикасында, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Ғұмар Қарашев, Халел Досмұхамедов, Мұхамеджан Сералиндердің саяси-ғылыми көсемсөздерінде, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов шығармаларында бар бітімімен көрінген бұл мектеп Абай жүйелеген жаңа ұлттық эстетикалық әлемнің қаншалықты сындарлы екендігін айқын танытты. Түп бастауы осы көусар бұлақтан басталған көп салалы, көп жаярлы көркем әдебиетіміз ХХ ғасыр зобалаңдары тұсында өз халқына зор рухани медет болды.

Біз бұның бәрі үшін де бір жарым ғасыр бұрын эстетикалық ойдың тың жазирасына батыл аттаған Абайдың қайсар талантына қарыздармыз», – деген сөзі қашан да маңызын жоймақ емес. Енді назарларыңа Зәки Ахметовтың зерттеуін ұсынамыз.

Абайдың ақындық шеберлігі

Абай – қазақтың жаңа реалистік жазбаша поэзиясының, әдебиетінің негізін салушы. Реализм дегенде, әсіресе, Абай реализмі дегенде, шыншылдықты көркемдік принцип етіп қолдануды айтамыз. Абай реализмінің көркемдік әдісі ретіндегі ең басты өзгешеліктері алдымен айналадағы өмір, болмысты, қоғамдық құбылыстарды мейлінше кең қамтып, нақтылы бейнелеу, ел тағдырына, өміріне қатысты ең маңызды әлеуметтік мәселелерді халықтық мүдде, озат арман-мақсаттар тұрғысынан толғай білу дейміз. Демек, көркемдік

шыншылдық, шынайылық әдебиеттегі халықтық принциппен, озат идеялылықпен ұштасып келетінін атап айтамыз. Әрине ақын шығармашылығының идеялық жағынан құндылығын оның әр шығармасында тек өсиет, насихат айтып, ізгілікті мадақтап, кем-кетікті мінеп-сынау тұрғысынан бағалау мәселеге үстірт қарағандық болар еді. Сондай-ақ ақын шығармаларындағы шынайылық бірыңғай тек өмірде бар нәрсені, жай жағдайды тек сол бар қалпында алып, сырттай ұқсастық сақтап, көшірмелеу емес екені де түсінікті.

Қарасөздерінде Абай мақтау жайында сөз қозғап, мақтаншы сезімі мен мақтаншақтықты ажырата білу қажеттігін ескертеді. Мақтау, мақтанудың жағымды жағымен қатар жағымсыз жағы да бар екенін ашып көрсетіп, бұл мәселе хақында қазақ әдебиетінде терең пікір айтқан Абай болды. Осыған үндес, жалғас өткір пікірлерді *Шәкәрім* ақынның өлеңінен табамыз.

Дос мақтайды сені жақсы көрмек үшін,
Дұшпан мақтар елірте бермек үшін.
Есептемей есірік елін мақтар,
Көп нені айтса, соны айтып ермек үшін.
Бұл үш мақтау бере ме саған пайда,
Мақтаулыны білерлік адам қайда?
Өзіңнен ілгерілер сүйсінерлік
Жол тап тағы, ақылды солай айда.
Кейде дос та жамандар жоқ нәрсе үшін
Дұшпан сөгер сыртыңнан қайрап тісін.
Өнері жоқ өсекшіл ел жамандар,
Өтірік пе, рас па, көрмей ішін.

Мақтау шын көңілмен тап басып тауып айтылса ғана пайдалы, орнымен айтылса, сөгіп, сынаудың өзі де ой саларлық, ал басқадай білместікпен айтылған мақтау болса, оған елірмеу, даттау болса, оны елемеу қажет дегендей ой түйеді ақын.

Шәкәрім Абайға пәлсапашылдыққа бой ұруы жағынан жақындайтынын байқаймыз. Дүние-болмыс қалай жаратылған деген мәселе Шәкәрімді де көп толғандырған:

Талайдан ой бар менде:
Бар әлемді жаратқан не?

Жоғала ма жан өлгенде,
Түзу істер іс қалай?
Ей, жастар, қалай дейсің бұл дүние?
Мұны бүйтіп жаратқан қандай нәрсе?
Білімсіз, мақсатсыздан шыққан болса,
Мақсат, білім, ой шықты мұнан неге?

Осындай сауалдарға беретін жауаптарынан ойшылдыққа бой ұру ғана емес, сонымен қатар ақындық сезімнің әсерлілігі, бейнелеп айту шеберлігі де жақсы аңғарылады:

Күн батып, Ай, Жұлдыздың айналуы –
Шынында дөңгеленген жер жүрісі-ау.
Күн жауды, көз шағылды найзағайдан,
Судан от жаратылып шыққаны анау.

Күн нұрын жер жүрісін, көлеңкені
Жарық уақыт, қараңғы деп атаймыз.
Жоқ болса ыстық, жарық, қараңғылық,
Біздің де мүмкін бе еді барлығымыз?

Ал енді Сұлтанмахмұтты алсақ, оның өлем-дүние, өмірдің мағынасы, адам тағдыры туралы ойтолғауы да көбінесе әлеуметтік көзқарас тұрғысынан келеді. Ол бірде:

Қандай мән бұл адамның өмірінде?
Дәм тартқызар үміт не көңілінде?
Туысында еріксіз жердің құрты,
Және еріксіз аһ ұрып сенуінде, – десе, тағы бірде:
Дүниенің дөңгелегі айналады,
Кім үстінде гөлайттап жиналады.
Кім астында езілер саз балшықтай,
Білмеймін түбі неге айналады.
Үстінде не қасиет, астағы да
Не жаздық деп еріксіз ойланады.
Үстегі сындырмаған шөптің басын,
Сонда да тамағы тоқ, киімі асыл,
Жасаулы, зейнеттеулі палатада,
Қызметкер дайын қылар керек асын.

Он жыл қызмет бір кедей қылып тапшас.
Қондырған бір жүзікке асыл тасын.
Бір кедей жылдық тамақ етер еді,
Өңдеген бояуына бет пен қасын.

Сұлтанмахмұт ой саналылығына, сөздің қарапайымдылығы мәні терең мағыналылығына айрықша мән беріп, бұл бағытта Абай өнегесін жақсы жалғастырады.

Абай өз заманына, өткен ғасырдағы қоғамдық құрылысқа сын көзімен қарап, «жеп жүр ғой біреуінің біреуі етін» деп сипаттайды.

Сұлтанмахмұт Абайдың осы дәстүрін берік ұстанды. Онда өткен дәуірді, күштілер үстемдік еткен, әділдіктің жоқтығы «адамды сорлы қылған» заманды суреттегенде «бақытсыздық дүние толған нақақтан, нақақ көз жас дария болған» деген секілді сипаттауларды қолданады.

Сұлтанмахмұт «Кедей» поэмасында «жексұрын шал» мен оған малға сатылып еріксіз қосақталған жас қызды суреттегенде шеңдестіру, қарама-қарсы келтіріп сипаттау тәсілін үлкен шеберлікпен қолданады.

Ақын өлеңде балғын жас сұлу мен шалды үнемі бір-біріне қарсы қойып, салыстыра бейнелеп отыр. Қыздың кескін-келбетін, сипатын танытатын сипат-білгірлер – жас ерін, нәзік бел, үлбіреген жас тән, сәбидің білегіндей торғын тамақ деген секілді болып келсе, шалдың сиқын – кепкен ерін, кәрі қол, қуарған, кепкен тән, тікенектей көк сақал деген сияқты сипаттамалар арқылы байқатады.

Сұлтанмахмұт – әрине, ақындық тұлғасы мүлде басқаша, тек қана өзіне тән дарыны бар суреткер. Бұл жерде сөз әдеби дәстүр жалғастығы туралы ғана.

Сұлтанмахмұт кейде Абайша толғап, өмір құбылыстарын Абайша бейнелеп көрсеткен кездері бар, бірақ ол ұлы ақынның сөз үлгісін құр қайталау емес, суреттеу тәсіліндегі кейбір ұқсастықтар ғана.

Халық өмірі, бүгінгісі мен кешегі туралы ойланып, тебіренгенде *Мағжан* да өзі «алтын хакім» деп атап, айрықша

ардақтаған Абай үлгісінен алыстамай, ашынып, ащы сын-пікірлер айтудан тайынбайды.

Сорлы қазақ жаны алқымға тығылып,
Қара күн кеп, тіккен туы жығылып,
Алға баспай барлық ісі кер кетіп,
Нәр тата алмай, күшсіз, әлсіз бүгіліп, – деп күңі-ренген ақын, тығырыққа тірелген елге шығатын жол сілтемек ниетпен, қала салсақ, мектеп пен медреселер көп болса дей келіп:

Жиылмай өнерге аяқ баса алмаспыз,
Нық сіңген надандықтан қаша алмаспыз, – деп жұртты жігерлендіруге ұмтылады.

Жетті енді қам жер мезгіл жатпа бекер,
Ойламау келешекті түпке жетер, – деп түйіндейді.

Әрине, түгелдей алғанда Мағжан поэзиясында қоғамдық мәселелерді қозғау, талдап-баяндаудан нәзік сыршылдық басым жатыр. Мағжанның сыршылдығы – сезім тереңдігінен туатын ешбір жасандылығы жоқ, нағыз лирикалық сыршылдық.

Өмірден алынған сезім-әсерлермен нәрленген, көркем қиялмен қанағаттанған сыршылдық. Сезім қуаттылығына, нәзіктігіне орай тілінің, әр сөзінің келісті көркем болуы да – ақынның суреткерлік шеберлігінің басты сипаты.

Ахмет Байтұрсынұлының да Абай шығармашылығымен тақырыптық-идеялық үндестігі бір емес, бірталай аса маңызды қоғамдық мәселелерді толғауынан анық байқалады.

Ақынның «Жұртыма» деген өлеңіндегі:

Білмейсің жөнің менен терісіңді,
Ел болып іс етпейсің келісімді.
Жөн айтқан жұртшылыққа адам болса,
Шығасың қолыңа алып керісіңді.
Бытырап бет-бетіне жөнелгенде,
Көрдік қой жайылатын өрісіңді.
Келгенде өз-өзіңе мықты-ақсыңдар,
Қайтейін өзге десе көңгішіңді.

Сықылды сынық бұтақ төмендесең,

Кім жұлмас оңайдағы жемісінді?! – деген сөздерді еске алсақ, Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» атты өлеңімен негізгі пікірлері сабақтас келетінін көру қиынға соқпайды. Сондай-ақ «Жиған-терген», «Жауға түскен жан сөзі» атты өлеңдері де ел жайын, халық тағдырын ойлап тебіренуі, сыншылдығы жағынан ақынның Абаймен сарындас келетінін аңдатады.

Абайдың «Сегіз аяқ» атты өлеңіндегі:

Қайнайды қаның,
Ашиды жаның,
Мінездерін көргенде.
Жігерлен, сілкін,
Қайраттан, беркін,
Деп насихат бергенде,
Ұятсыз, арсыз салтынан

Қалғып кетер артынан, – деген түйінді пікірді жеке сарын ғана емес, ағартушы-ақынның шығармашылығындағы үлкен бір тақырыптық-идеялық арна десек, А.Байтұрсынұлы да, М.Дулатұлы да өз шығармашылығының ең басты идеялық нысанасы халықты ояту, оны өнер-ғылымға, еңбек етуге, озат өркениетке ұмтылып, алға басуға шақыру деп түсінді.

«Оян, қазақ!» деп ұран тастаған *М.Дулатұлы* өз шығармаларында қоғам өмірінің бірталай мәселелерін, Абай дәстүрлерін жалғастыра отырып, жаңа заманның талабына сәйкес батыл қоя алды.

Осы екі үздік шыққан өнер иесін қатар қойып, айтып отырғанымыз, олардың ақындық тұлғасында ортақ сипат мол. Сондықтан олардың Абаймен үндестігінде бір арнаға түсіп жатқандай көрінеді.

Ахмет Байтұрсынұлының ақындығы туралы өте дәл, тұжырымды пікірді алғаш айтқан *М.Дулатұлы* екені де кездейсоқ нәрсе емес. Олар бірін-бірі тани да, бағалай да білген.

«А.Байтұрсынұлы өз өлеңдерінде сүйіспеншілікті, әйел сұлулығын, табиғат әсемдігін жырламайды, онда сыршыл

өлеңдер мен айшықты тіркестер жоқ. Ол қарапайым да ұғынықты тілмен еркіндікті, езілген қазақ халқын жырға қосып, оларды еңбек сүйгіштікке, білімге, ғасырлар бойғы ұйқыдан оянуға шақырып, әрбір қазақтың жүрегіне азаматтық рух сіңірді».

Осы сипаттама Ахмет Байтұрсынұлының бойына, бітім-тұлғасына өлшеп айтылған дей отырып, бұл сөздер Міржақып Дулатұлының ақындық өнерінің басты сыр-сипатын да айқын таныта алады деп санаймыз.

Абайдың шығармашылығында желідей тартылған бірнеше басты тақырып-сарындар сабақтаса түйісіп келетін шығармасы «Сегіз аяқ» болса, соның қазақ поэзиясына тыңнан қосылған өрнегі ізбасар ақындардың назарынан тыс қалған жоқ.

Сонымен қорыта келе айтарымыз, біз Абай дәстүрлерін жалғастырған, өрістеткен ақындар қатарында арнайы сөз қылған Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы – әдебиеттегі аса ірі тұлғалар. Әрқайсысы – өз бағыты, өз стилі бар, қазақ әдебиетіне үлкен жаңалық әкелген қайраткерлер.

Бұлармен қатар не бұларға ілесе шыққан қазақ әдебиетінде ұлы ақынның ағартушылық, адамгершілік, демократиялық идеялары, өмірді көркемдеп бейнелеу әдіс-тәсілдері жан-жақты жалғастық тауып, батыл шығармашылық ізденістерге тірек болғаны айқындала түседі.

Жоғарыда айтқанымыздай, Абай дәстүрлерін игеру мәселесі ХХ ғасырдың бес кезімен шектелмейді, одан кейінгі кезеңдер мен қазіргі әдеби процеспен де ұласып жатыр. Біз тек Абайға бірден-бір жақын тұрған тікелей мирасқор болған ақындар жайында сөз қозғадық.

(З.Ахметов)

1

Білу

1. Абайдың ақындық мектебі деген не?
2. Ақын реализмінің көркемдік әдісі ретінде нені қарастырамыз?
3. Мағжан Жұмабаев Абайды қалай атаған?

2

Түсіну

1. Абай неге «қазақ жазба поэзиясының атасы» саналады?
2. Не себепті Шәкәрім өлеңдері Абай шығармашылығымен үндес?
3. А.Байтұрсынұлының Абай шығармашылығымен үндестігі қалай көрінеді?

3

Қолдану

Абайдың ақындық мектебі туралы ғалымдардың пікірлерін қорытындылай келе «FILA» кестесін толтырыңдар.
 F / Дерек/ – тақырыптан ақынның даралығын көрсететін деректер жинау;

I / Пікір/ – ақынның мектебі туралы өздеріңнің ой-пікірлерің;

L / Сұрақ/ – ақынның даралығын ашатын сұрақтар;

A / Ис-әрекет/ – ақынның өлеңдеріндегі қолданған тәсілдері.

4

Талдау

Үш топқа бөлініп, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Байтұрсынұлы өлеңдерін Абай өлеңдерімен салыстырып, талдаңдар.

Абай өлеңдері	Шәкәрім өлеңдері	Сұлтанмахмұт өлеңдері	Байтұрсынұлы өлеңдері

5

Жинақтау

- «Төрт сөйлем» тәсілімен тақырыпты қорытындылаңдар.
1. Пікір. Абайдың ақындық мектебі туралы өз пікірлеріңді жазыңдар. (1 сөйлем)
 2. Дәлел. Өз ойларыңды аргументпен дәлелдеңдер. (1 сөйлем)
 3. Мысал. Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер. (1 сөйлем)
 4. Қорытынды. Өзіндік қорытынды шығарыңдар. (1 сөйлем)

Қазіргі қазақ ақындарының барлығын Абайдың мирасқоры деуге бола ма?

7.3 Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырушы ақындар

XX ғасырдың бас кезінде Абайдың реалистік суреткерлік дәстүрі Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы, т.б. сияқты Алаш қайраткерлері мұраларының арқасында жаңа белеске көтерілді. Бұл туралы басқа тарауларда мағлұмат берілді.

Абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлының есептеуінше, Абай мұрасы жайлы жазылған, жарияланған, зерттеу жүргізілген деректер көзі қазіргі күнге дейін 4000-нан асқан екен.

Төмендегі қазақтың көрнекті ақындарының Абайға арналған өлеңдерін оқу арқылы Абай дәстүрін жалғастырушылар туралы ой қорыту.

Асыл сөзді іздесең

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адамдықты көздесең,
Жатқа тоқып ал көңілге.

Сөз мәнісін білмесең,
Өлең оқып не керек?
Не айтқанын сезбесең,
Жарапазан не беред?

(С.Торайғыров)

Абайға айтарым

Бұл күнге лайық алыпсың,
Ол күнге қалай сыйғансың?
Бір өзің бүкіл халықсың,
Қалдырмай бәрін жиғансың.
Жарылып кете жаздапты-ау,
Жырламай тынсаң, жүрегiң.
Айтпаған сөзің аз қапты-ау,
Бөлек бір туған кім едің!..

Атаның ұлы емессің,
(Кешіре жатар Кеңгірбай),
Халықтың ұлы боп өстің,
«Ибраим» демей, деді «Абай».
Абай десе, Абайсың,
Абайладың жан-жақты.
Риза еттің, жарайсың,
«Қалың елді – қазақты»...

(Қ.Аманжолов)

Абайға

Абай еккен, Мұхтар еккен орманның
Арманы не бір шыбығы болғанның?!
Ұлылардың үлгілері жайында
Оңашада ойға кетіп толғандым.

Бізге ұлылық көрсетер ме қарасын,
Сен сонда да біл, уақыт бағасын.
Ұлылардың болмақ түгіл өзіндей,
Болу қиын ұлы жанның баласы.

(М.Әлімбаев)

Кемедегі ой

Мұхитта көрінбейді жалғыз қара,
Біз ғана келе жатқан жанбыз дара.
Алыстап туған жерден кетіп қаппыз,
Осы біз жоқпыз ба, аға, бармыз ба, аға...
Қуғанмен бір ғасырды бір ғасыр кеп,
Құдіретті кете ала ма құмға сүйреп.
Айтамын Абайымның өлеңдерін
Кешқұрым Тынық мұхит тыңдасын деп...

Мен енді қайда барам, қалай ағам,
Жаныма қайда барып орай алам.
Бір түрлі жетімсіреп қалғанымда,
Кеудемнен оянады Абай ағам...

(Т.Молдағалиев)

Абаймен сырласу

Абай аға,
Дауымыз жақпады ма?
Мұршамыз жоқ
Өзіңдей баптануға –
Жыр шіркінді,
Түйдектеп жазамыз да,
Асығамыз,
Жарыса мақтануға,
Биігіндей
Жыр деген даналықтың –
Сен жазыққа
Асқардай дара біттің.
Біз көппіз ғой
Төбе мен төмпешіктей,
Сен шыңысың –
Жүз жылғы аралықтың...

(Қ.Бекхожин)

Махамбеттер, Абайлар-ай!

Өмірдің қысы, жазы, көктемдері,
Қысылтаяң шақтары, өткелдері,
Адамның аққан қаны, төккен тері,
Мұратқа жетпегені, жеткендері –
Жанымды жеп жүр менің көптен бері.
Атысу, аңдысу мен толысудың,
Санасу, табысу мен жарасудың,
Мінезін мынау адам баласының
Білсем деп құпиясын аласұрдым...

Жасырмай ойымды айттым талай-талай,
Қайтейін кетті бөрі қарайламай.
...Айтарын ашып айтқан абайламай,
Дариға-ай,
Махамбеттер, Абайлар-ай!!!

(М.Мақатаев)

1

Білу

1. Абайдың ақындық дәстүріне не жатады?
2. Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырушы ақындар кімдер?

2

Түсіну

1. Неліктен ХХ ғасырдағы Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырушылар Алаш ақындары болып саналады?
2. Не себепті Қ.Аманжолов, М.Мақатаев, Т.Айбергенов Абайдың ақындық дәстүрін дамытушылар деп есептеледі?

3

Қолдану

Абайдың ақындық дәстүріне әсер еткен факторларды анықтап, пікірлеріңді 6 сөйлеммен дәлелдеңдер.

1. Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырушыларға қойылатын талаптарды «Дербес пікір айту» әдісі бойынша талқылаңдар.
 - 1) Өзіндік пікір (ой, идея).
 - 2) Дәлел.
 - 3) Өз пікірін айғақтайтын мысал.
 - 4) Өз пікіріне қарсы дәлел.
 - 5) Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал.
 - 6) Қорытынды.
2. Абайдың ақындық дәстүрінің тек ақындарға ғана емес, өзге де өнер адамдарына әсері бар екенін талдаңдар.

Білгендеріңді жинақтап, кестені толтырыңдар:

Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырушылар		

Қазақтың кез келген ақынын Абайдың дәстүрін жалғастырушыға жатқызуға бола ма?

ПАЙДАЛАНЫЛУҒА ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. / Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қарасөздер. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 488 б.
2. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011. – 616 б.
3. Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
4. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. – Алматы: Ғылым, 1988. – 368 б.
5. Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті. (Жауапты редактор: ф.ғ.д., профессор Ж.Бісмағұлов). – Алматы: Арда, 2009. – 392 б.
6. Ақжан әл-Машани. Көптомдық шығармалар жинағы. Т. I–II. – Алматы: Алатау, 2005. I том – 296 б.
7. Аймауытұлы Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. Т. I–V. – Алматы: Ғылым, 1996–1999. – 304 б.
8. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
9. Әуезов М.О. «Абай жолы» роман-эпопеясы. – Алматы: Жазушы, 2004. – 368 б.
10. Әуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. (1945–1904). Монография. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014. 133–384-б.
11. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. (Құр., алғы сөзін жазған А.Ісімақова) – Алматы: Алаш, 2002–2006. – 544 б.
12. Бөкейхан Ә. Абай (Ибрагим) Құнанбаев. Некролог. / Кітапта: Шығармаларының толық жинағы. (Жеті томдықты құрастырған Жүсіп Сұлтанхан Аққұлұлы). II том. – Астана: Сарыарқа, 2009. – 329–337-б.; V том, 2010. – 560-б.

13. Бейсенбай Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – Алматы: Арыс, 2001. – 134 б.
14. Жұмабаев М. Көптомдық шығармалар жинағы (Алғы сөзін жазып, жалпы ред. басқарған ф.ғ.д., проф. Ш.Елеукенов). – Алматы: Жазушы, 2002–2003. – 208 б.
15. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. Көптомдық шығармалар жинағы. (Жауапты ред.: Т.Қ.Жұртбай). – Т. I–IV. – Алматы: Алаш, 2005. – 328 б. V т.
16. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. (Бас редактор С.Қасқабасов). – Алматы: Атамұра, 2011. – 688 б.
17. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. (Құр. Г.Дулатова, С.Иманбаева, алғы сөзін жазған Ж.Ысмағұлов). – Алматы: Мектеп, 2002–2004. – 408 б.
18. Мырзахметұлы М. Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары. – Алматы, 1982. – 296 б. / Абайдың адамгершілік мұраттары. – Алматы: Рауан, 1993. – 280 б. / Абай және шығыс – Алматы: Қазақстан, 1994. – 208 б. / Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. 192 б. / Әуезов және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 272 б.
19. Мырзахметұлы М., Ж.Шойынбет, Әліпхан М. Абайтанудың өзекті мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2010. – 140 б.
20. Мырзахметұлы М. Абайтану. 1–2-кітап. 2-басылуы. – Астана: Interaktiv Kazakhstan, 2014. 1-кітап – 432 б., 2-кітап – 524 б.
21. Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі. (Бастырған Кәкітай, Тұрағұл Құнанбай ұғландары). Жауапты редакторы: Ысмағұлов Ж. 2-басылым. – Алматы: КИЕ. 2009. – 328 б.
22. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 368 б.
23. Қожакеев Т. Абай – сатирик. – Алматы: «Білім» қоғамы, 1970. – 32 б.
24. Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар. (Құр., алғы сөзін, түсініктерін жазған М.Мағауин). – Алматы: Жалын, 1988. – 256 б.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
I тарау. Қазіргі абайтану мәселелері.....	6
1.1 Қазіргі «Абайтану» ғылымын зерттеу жұмыстарының даму бағыттары.....	6
II тарау. Білімдіден шыққан сөз.....	15
2.1 «Өзіңнен өзің есеп ал»: Он бесінші қарасөз.....	15
2.1 Отыз бірінші қарасөз.....	18
III тарау. Қалың елім, қазағым, қайран жұртым.....	22
3.1 Осы мен өзім – қазақпын. Тоғызыншы қарасөз.....	22
3.2 «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі.....	25
3.3 «Жақсылық ұзақ тұрмайды» өлеңі.....	29
3.4 «Бөтен елде бар болса» өлеңі.....	33
3.5 «Сегіз аяқ» өлеңі.....	43
3.6 «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңі.....	48
3.7 «Қажымас дос халықта жоқ» өлеңі.....	51
3.8 Жиырма екінші қарасөз.....	53
IV тарау. Абай – сатирик.....	58
4.1 «Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың» өлеңдері.....	58
4.2 Көзінен басқа ойы жоқ.....	69
4.3 Бойы бұлғаң.....	70
4.4 Менсінбеуші ем наданды.....	73
4.5 Қырық бірінші қарасөзі.....	77
V тарау. Махаббатсыз дүние бос.....	80
5.1 «Қор болды жаным», «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» өлеңдері.....	80
5.2 «Сен мені не етесің?» өлеңі.....	85
5.3 «Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңі.....	90
5.4 «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңі.....	91
5.5 «Қызарып, сұрланып» өлеңі.....	94

VI тарау. Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ	97
6.1 Жүсіп Баласағұн, Ясауи және Абай ілімдері.....	99
6.2 Абайдың «Толық адам» философиясы.....	105
6.3 Абай іліміндегі «Хауас» мәселесі.....	114
6.4 Жетінші қарасөз.....	121
6.5 Отыз сегізінші қарасөз.....	124
6.6 Қырық үшінші сөз.....	143
6.7 Иманигүл.....	148
VII тарау. Қазақтың бас ақыны	159
А.Байтұрсынұлы. «Қазақтың бас ақыны».....	159
7.1 Абай өлеңдерінің тілі және қазақ поэзиясына енгізген жаңалығы.....	169
7.2 Абайдың ақындық мектебі.....	203
7.3 Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырушы ақындар.....	211
Пайдаланылуға ұсынылған әдебиеттер	216

ЖАЗБАЛАР ҮШІН

ЖАЗБАЛАР ҮШІН

ЖАЗБАЛАР ҮШІН

Оқулық басылым

Руда Зайкенова

АБАЙТАНУ

Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына
арналған оқулық

Бас редакторы Қ.Қараева
Техникалық редакторы В.Бондарев
Көркемдеуші редакторы Е.Мельникова
Беттеген А.Кейикбойва

Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:

Астана қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: info@arman-pv.kz

«Арман-ПВ» кітап дүкені

Алматы қ., Алтынсарин к/сі, 87 үй.

Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 05.06.19 берілді. Басуға 09.06.20 қол қойылды.

Пішімі 60x90 ¹/₁₆. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 14,0. Таралымы 50000 дана.

Артикул 811-003-001к-20